

Ж. Дәuletбекова, А. Рауандина, М. Дусимбаева

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына  
арналған оқулық

# 9

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым  
министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2019

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 81.2 Каз-922  
Д 22

*Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және гылым министрлігі  
бекіткен негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына  
арналған «Қазақ тілі» пәннің жаңартылған мазмұндагы  
Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.*

### Шартты белгілер

-  – ойтүрткі
-  – айттылым
-  – тыңдалым
-  – оқылым
-  – жазылым
-  – ойқазына
-  – жұптық жұмыс
-  – топтық жұмыс
-  – ойтаразы

Дәuletбекова Ж. т.б.

Д22 Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық/Ж. Дәuletбекова, А. Рауандина, М. Дусимбаева. – Алматы: Атамұра, 2019. – 160 бет.

ISBN 978-601-331-547-8

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 81.2 Каз-922

ISBN 978-601-331-547-8

© Ж. Дәuletбекова,  
А. Рауандина,  
М. Дусимбаева, 2019  
© «Атамұра», 2019

## АЛҒЫ СӨЗ

### Құрметті оқушы!

Міне, негізгі мектептің соңғы сатысына да көтерілдің. Енді сен «Қазақ тілі» пәні бойынша әртүрлі тақырыптардың аясында ұсынылған оқу мәтіндерімен жұмыс істейсің. Атап айтқанда, бүгінгі рухани жаңғыру кезеңінде еліміздің тарихы мен жаңа дәуірдің сабактастығын арқау еткен «Мәңгілік ел – мұратым» тақырыбының тәрбиелік және танымдық сипаты ерекше. Ал біртінде дамып келе жатқан ғаламданудың пайдасы мен зиянын саралауға, әлемдік бәсекелестік үдерісінде елдікті сактау жолдарын түсіндіруге арналған «Жаһандану мәселелері» тақырыбындағы ақпараттар сенің ой-өрісінді кеңейтіп, тұлғалық қабілеттерінді дамытуды көздейді.

Озің білетіндей, Қазақстан бүгінде әлемнің өркениетті елдер қатарынан орын алу үшін дамудың жаңа сатысына көтерілуді нақты мақсат, айқын бағдар етіп алып отыр. Бұл бағытта алуан түрлі іс-шаралар жүйелі үйымдастырылып келеді. Осы бағыттағы әлемдік деңгейде еліміздің мереін өсіріп, мөртебесін арттырған ауқымды шара – «ЭКСПО-2017» болды. Халықаралық көрмеге арналған оқу материалдары «Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан. ЭКСПО-2017» тақырыбы бойынша жинақталып ұсынылған.

«Адам құқығы мен бостандығы», «Отбасы және демографиялық өзгерістер» тақырыбында қоғам дамуы мен жеке адам арасындағы заңдық қағидалар, адамзаттың аса маңызды құндылығы – отбасы жайлы, демографиялық мәселелер хақында тың әрі қызықты мәліметтермен танысады. Сондай-ақ ғылым-білімнің атқаратын қызметі мен рөлі туралы «Биотехнология және гендік инженерия келешегі», қоршаган ортаны сақтаудың қажеттігі мен мүмкіндіктері жайлы «Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану» тақырыптарынан пайдалы мағлұматтар аласың.

Қоғамдағы «тәртінші билік» – «Бұқаралық ақпарат қуралдары» тақырыбы бойынша берілетін тың да тосын мағлұматтар сенің қызығушылығынды турызатыны сөзсіз.

Бүгінгі өркениет талаптарына сай техника мен технология дамуы қандай деңгейге көтерілсе де, адамзаттың алдында

тұрған маңызды мәселенің бірі – бейбітшілікті сақтау екенін түсінесің. Сондықтан оқулықта берілген «Әлемдегі қақтығыстар және бейбітшілік» атты тақырып сенің азamatтық көзқарасыңды қалыптастыруға, дүниежүзінде болып жатқан сан қылы оқигалар мен соғыс апаптарының зардабын түйсінуіце көмектеседі деп ойлаймыз.

Жоғарыда аталған лексикалық тақырыптар бойынша берілген алуан түрлі ақпараттар, өздік және шығармашылық тапсырмалар сөйлесім өрекетінің түрлерін меңгеруіце, сонымен қатар қазақ тілінің стильдері мен синтаксис саласына қатысты білім-біліктірінді дамытуыңа мүмкіндік береді. Онда тыңдаған мәтіндерді түсініп, талдауға; оқыған, тыңдаған оқу материалдары төңірегінде достарыңмен ой белісуге, пікір таластыруға бағытталған тапсырмалар ұсынылды. Өз тұжырымдарыңды жеткізу үшін жазылымның эссе, ойтолғау секілді түрлерін орындау талап етіледі.

Оқу материалдары «Ойтурткі», «Ойқазына», «Ойтаразы» кезеңдері арқылы шоғырландырылып берілген. Бұл сенің тақырып бойынша ұсынылған мәтіндермен тиімді жұмыс істеуіңе, өзіңнің және сыныптастарыңың менгерген білім деңгейлерінді анықтауға, зейін-зерденді жетілдіруіңе он ықпал етеді деп сенеміз!

Іске сәт, жас дос!

*Авторлар*

## 1-БӨЛІМ

### МӘҢГІЛІК ЕЛ – МҮРАТЫМ



*Бұл бөлімде:*

- мәтін мазмұнына қатысты сұрақтарға болжаммен жауап беруге;
- мәтіннің мақсатын, көркемдегіш құралдарын анықтауга;
- мәтін құрап, қурделі жоспар құруга;
- жазба жүмысын абзацтарға бөлуге, редакциялауга;
- тілдік бірліктерді орфографиялық нормага сай жазуга дағдыланасың.

## 1–2-сабак

## ТӘҮЕЛСІЗДІК ТАҢЫ



1. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің негізі қай кезде қаланды?
- 2) Тәуелсіздік жолында күрескен қандай тұлғаларды білесін?



2. Мәтінді тыңдал, сұрақтарға жауап бер.

- 1) Мәтінде не туралы айтылды?
- 2) Онда халықтың тарихындағы қандай кезең туралы сез болып отыр?
- 3) «Ақшаңқан\* шаңырақ қанша шайқалғанымен құламай, керегесін кеңейтіп, іргесін бекітті» деген сөйлемді қазақ халықтың тағдырымен қалай байланыстырап еді? Болжап айт.
- 4) Автор қазақтың жері мен түрмисын суреттеуде қандай көркемдегіш құралдарды қолданған?

\* ақшаңқан – сүттей аппақ, тап-таза



3. Тыңдалым мәтініндегі тірек сөздерді жаз. Олардың мәтін мазмұнын біркітірудегі мәнін айт.

## Тілдік бағдар

## ОРФОГРАФИЯ

**Орфография** (грек тілінде *orfhos* – әйрим, *grapho* – жазмын) – сөздерді дұрыс жазу ережелерінің жүйесі және оны қарастыратын тіл білімінің бір саласы.

Орфография:

- дыбыстарды (фонемаларды) әріппен таңбалауды;
- түбір сөздер мен қосымшалардың жазылуын;
- сөздерді бірге, бөлек және дефис арқылы жазуды;
- шылаулар мен одағайлардың жазылуын;
- бас әріптердің қолданылуын;
- сөздерді тасымалдау тәртібін белглейді.

Қазақ тіліндегі орфографиялық ережелер 3 принципті басшылықта алады:

- морфологиялық принцип;
- фонетикалық принцип;
- тарихи-дәстүрлі принцип.

**Морфологиялық принцип** бойынша әр сөздің түбірі мен оған жалғанатын қосымшаның тұлғасы сақталып жазылады. Мысалы: *тұңғi* (тұңғі емес), *құңдылық* (құңдұлұқ деп жазуға болмайды), *кете алмай* (кеталмай деп жазуға болмайды), *Сарыарқа* (Сарарқа деп жазуға болмайды).

**Фонетикалық принципте** сөз бөлшектерінің дыбыстық өзгеріске ұшырауы есепке алынып, олар айтылуынша (ес-тілуінше) жазылады. Мысалы: *аймагы* (аймақы емес), *қолғап* (қолқап емес), *тауып* (табып емес), *Торайғыров* (Торыайғыров емес) және т.б.

**Тарихи-дәстүрлі принципте** сөздердің қалыптасып кеткен жазылу түрі сақталады. Мысалы: *спорт*, *акционер*, *капитал*, *кандидат* және т.б.

Бұл сөздерге қазақ тілі қосымшалары соңғы буынның жуан-жіңішкелігіне қарай фонетикалық-морфологиялық принциппен жалғанады.

Араб және парсы тілдерінен енген бірқатар сөздерді *x*, *h* әріптері арқылы жазу да тарихи-дәстүрлі принципке негізделеді. Мысалы: *баһадұр*, *хат*, *халық*, *хабар*, *хан*, *гауһар*, *жиһан*, *қаһарман*.

 4. Төмендегі сөздерді жазылу принципіне қарай топтап жаз. Оларды қатыстырып сөйлем құра.

Марқасқа, жұмысшы, авиация, қолғабыс, кітабым, қаһарман, кезілдірік, хайуанат, белбеу, гауһар, қаланың, дүние.

 5. Мәтінді оқы.

### Бабалар аманаты

Еңсесі биік Елордам менің! Ата-бабамыз ежелден ансаған еркіндіктің бойтумар белгісіндей болған байрақты шаһар – бас қалам менің!

Бұғін сенің туған күнің. Шын мәнінде, елдікті сезінген адамға нағыз қуаныш. Сарыарқаның сайын төсінен **оыйп тұрып орын алған, көкке мойын созған** зеулім үйлерімен көрген жұртты тамсандырган Елордам менің! «Астана күні» деген **ат алып, айдар тағылған** бүгінгі той – сенің еншің, сенің тойың, қазақ баласы.

Мемлекет орталығы Қазақстанның дәл ортасына орналасты. Көк байрақ Арқа жерінде желбіреді.

**Тұғін тартса майы шығатын** қазақтың шұрайлы жері түбі бір атақонысқа айналуы керек еді. Қазақтың уайымы онсыз да аз емес-тұғын. Соның үлкені туырлықтай болса да, туған топырақтан айырылмаудың қамы болатын. Жердің тұтастығы – елдің тұтастығы.

Қазақтың еркіндігі үшін курескен Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Сырым Датұлы, Исатай, Махамбет сынды батырлар армандаған тәуелсіздікке қол жетті.

Қазақ жерінде кешегі Алаш идеялары жүзеге асты. Алашорда мүшелері алғашқы Ақпан революциясына ілесе шыққан курескерлер еді. Олар патша құлаған соң, еркіндік бола ма деп сенді. Алайда большевиктер саясаты үмітті ақтамады. Алашордалықтар алған беттен қайтпай, еркіндік ұранын айта берді. Қазақтың асыл ерлері ақыры сол үшін құрбан болды. Тәуелсіздік ойын оятқан арыстарымыздың мұратына қол жеткізу біздің үрпақтың маңдайына бұйырды.

Алаш арыстары бізге мемлекеттілік идеясын ту етіп көтеруді табысталап кетті. 1991 жылы құрылған Қазақстан Республикасы атты мемлекет – сол арыстардың асыл арманының жүзеге асуы. Біз осы мемлекетті **көздің қарашығындай** сақтауымыз қажет.

Алаштың асыл аманаты бізге тарихи-мәдени бірегейлігімізді, қазақы қалпынызды қасиеттеп сақтауга міндеттейді. Алаштың асыл армандары бізді ауызбірлігімізді күшайтуге шақырады. Қазақстан халқының бірлігі бәрінен бұрын қазақтардың бірлігіне байланысты.

*H. Жұсіп*

## 6. «Түсінік» ойыны.

- 1) Мәтіннен тірек сөздерді тауып, өрқайсысына 4–5 ассоциация-тірек сөзден жаз.
- 2) Оның ішіндегі негізгі 1–2 сөзді белгіле.

- 3) Белгілеген сөзді өзің қалай түсінетініңді жаз.
- 4) Оқушылар тірек сөзге берген анықтамаларын кезекпен оқиды. Жалпы үқастықтарын табады.
- 5) Ортақ түсінікті жазып, салыстырады.

*Улғи: тірек сөздер: халық, ... , ...*

<b>1. Халық:</b> 1) ұлт; 2) адамдар; 3) жердің иесі; 4) мемлекет құрушы; 5) адамдардың тобы.	<b>2. Халық:</b> 1) ұлт; 2) жердің иесі.	<b>3. Халық:</b> 1) ұлт – бір тілде сейлейтін адамдар; 2) жердің иесі – сол жердің тарихи иелері.
<b>4. Халық:</b> Әр оқушы өздері белгілекен сөздеріне берген түсінігін оқиды.	<b>5. Халық:</b> Барлық оқушы халық сөзіне берген түсініктерін салыстырады. Ортақ шешім шығарады.	



7. Мәтіндегі қарамен берілген сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріп айт. Олар көркемдегіш құралдардың қандай түріне жататынын анықта.



8. Көркемдегіш құралдарды қолдана отырып, мәтінге күрделі жоспар құр.



9. Мәтіндегі ойға өз көзқарасынды білдіріп, ойынды дәлелде.

Мәтіндегі ой		Мәтіндегі ойды дәлелдеу
Шын мәнінде, елдікті сезінген адамға нағыз қуаныш.	Себебі	Көк байрақ Арқа жерінде желбіреді.
Қазақтың асыл ерлері құрбан болды.		...
Біз осы мемлекетті көздің қарашығындаі сақтауымыз қажет.		...
Қазақстан халқының бірлігі бөрінен бұрын қазақтардың бірлігіне байланысты.		...



**10.** 1) Мәтіндегі сөздердің орфографиялық қатесін анықтап, редакцияландар. Мәтінді абзацтарға бөліндер. Кейін үш топ мәтіндерінді алмастырып, текстеріңдер. 2) Қалай ойлайсындар, Шыңғысханның айтқан есietтерін Мәңгілік ел болу жолында үстануға бола ма? 3) Бату ханға атасы Шыңғысханның айтқан есietтің әр топ өз іштеріде талқылаپ, құптайтындарынды не құптамайтындарынды дөлелдендер.

**Улgi:** Біз ... деген пікірді құптаймыз. Себебі, біріншіден, ..., ...

– Бұркіт балапаны үяда не көрсे үшқанда соны іледі, – деді Бату әңгімесін алыстан бастап – мен әкем Жошыдан көрі кішкентай кезімде атам Шыңғыс ганның тәрбиесінде болдым. Жетіге жеткенімде ерінің алдына отырғызып ап ол маған монгол лашқарларының ғолынан қырылған жүрттүң майдан даласын ғөрсететін. Ал мен әрине монгол нојандарының қисық қылыш қысқа шоқбарларына қызығатынмын. ерліктеріне тәнті болатынмын «Өзім де осылардай батыр болсам игі еді» деп құмартатынмын... Ал кейде ол маған ақыл-есiet айтатын Сол есietтері өмір деген қара тұнде менің жолымды көрсететін жарық жұлдызым – Темір ғазығым болды... Сұрапыл сапарларымда сол есietтерін жанымның азығы еттім. Бірде ол маған – «Топ итті жолбарыс басқарса күндөрдің күнүнде топ ит жолбарысқа айналады. Ал топ жолбарысты ит басқарса ақырында әлгі топ жолбарыс ит бол кетеді», – деген.

Ал маған ерген шапқыншылар алты басты айдақар еді. Оны басқару оқай емес-ті. Сондықтан мен үнөму жолбарыс болуга тырыстым. Мениң соңымнан ерген ноян, бақадур, жауынгөрлерім жолбарыс тәрізді қанды ауыз, ержүрек, өлермен болды...

– Тағы бірде бабамыз мынадай есiet айтты, – деді Бату. – «Жауыңда қандай қатал болсан, досыңа сондай мейірбанды бол Өзіңе жақсылық істегенге жақсылық істе», – деді ол.

*I. Есенберлиннен*



**11.** Төмендегі сұрақтардың төңірегінде ой бөлісіндер.

1) Қазақ хандары мен Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Сырым Датұлы, Исатай, Махамбет сынды батырлардың қазақ халқының ел болып қалыптасуындағы рөлі қандай?

2) Алашордашылар кімдер еді және олардың идеяларының маңызы қандай болды?



12. «Қар кесегі» әдісі бойынша шеңбер құрып, бүгінгі тақырыпты қорытындыландар.

3–4-сабак

## БІЗ ҚАНДАЙ ХАЛЫҚПЫЗ?



1. Қалай ойлайсың, біз, қазақтар, қандай халықпыз? Қазақ халқына қандай қасиеттер төн? Кластерге жаз.



2. Мәтінді тыңдал, сұрақтарға жауап бер.

1) Мәтінде не туралы айттылды?

2) Қазақтардың басқа мұсылман халықтарынан өзгешелігі неде?

3) А. Левшин қазақтарды және қазақ әйелдерін қалай сипаттайты? Онымен келісесің бе? Дәлелде.

4) Мәтіндегі қазақ әйелдеріне берілген сипаттама қазіргі әйел адамдарға төн қасиет пе?



3. Мәтінді оқып, қарамен берілген сөздердің орфографиялық принциптің қай түріне жататынын айт.

**Алаша хан** кесенесі – он тәртінші ғасырдың **көрнекті ескерткіші**. Жасыл **төккен** жазық далада көк отаудай алы-

стан көзге түседі. Бұл – тана көзденген өрнекті құмайт кірпіштен қаланған, биіктігі мен көлденеңі бірдей, зәулім ескерткіш. Устінде көгілдір сырмен боялған ұлken құмбезі, құмбездің астына тас баспалдақпен көтеріліп баратын кең дәлізі бар.

*Қазақ қынтызбесі*

**■ 4. «Редактор» ойыны.** Парталасыцмен бірге мәтіндегі тыныс белгілерінің қойылуына, бас өріптердің жазылуына, фонетикалық және морфологиялық принциптердің сақталуына мән беріп, қатені түзетіңдер. Мәтіндерді басқа оқушылармен алмастырып, бір-бірінді тексеріңдер.

«...Халқының сан мелшері туралы сауалыма үдайы: «Әуелі даладағы құмды содан соң ғана қазақтарды сана деп күле жауап беретін сол сияқты, олардың шекараларын да анықтау мүмкін емес біздің білеріміз, олар Сібір, қытай түркістан мен каспий аралығындағы ұлаң-тайыр сайын дала-ны мекендейді. Осы елкө қоғамдық құрылышына байланысты қазақты орыстың не қытайдың иелігіне жатқызудың қате екендігін айқын дәлелдейді ежелгі Түркістан тайпаларының кемшілігі мен жетістігі араласа сақталған дәстүрлөр мен әдет-ғұрыптардың шынайы көрінісі осы ұлтта ғана сақталған,

Бізді аса таңқалдырығаны бір жағынан музыка мен поэзияға зор бейімділігін екінші жағынан ақсүйек текшілдігін байқаганымыз. Екі қазақ жолыға қалса міндетті түрде алғашқы сұрауы: «Жеті атаң гім» деп келеді ал, екіншісі тіпті, серіз жасар бала болса да жауапқа мұдірмейді олай болмаган күнде жетесіздігін көрсөткөні».

*A. Рампери*

---

**■ 5. Мәтінді оқы.** Қазақ халқының табигатына тән ерекшеліктерді тауып, диаграммага жаз.

Қазақтар әуелден әдебиет пен өнерді өспеттеп, спортты сүйді, марқасқа мінезімен ешкімге де тәуелді болмай, емін-еркін өмір сүрді.

Шынында да, даналығы мен балалығы, көсемдігі мен шешендігі, кісілігі мен кішілігі бойында жарыса өріліп жүретін, оған қоса бір басында бүкіл адамзатқа тән барша

осалдығы мен мықтылығы, өрі мен еңісі жетіп жатқан біздер қандаймыз?

Қазақ жаны, мінезі, рухы... Перштедей пәктігі, таң шығындай тазалығы, мәлдір махаббаты мен мейлінше мәрттігі, қайсар жаужүрек қаһармандығы мен қайырымдыштығы, инабаты мен имандылығын барынша тану үшін, ең алдымен, халық жанының нұрлы қайнарына қайырылып, гажап ерлік жырларын зердеге тоқып алуға ралибет. Замана қаншама тұлкібұлаңға салып, құбылып өзгергенімен, халқымыздың отаншылдық, азаматтық сезімі артып, рухы құдіреттеніп, асқақтай түсіпті. Таза болмысын, ғазиз дінін сақтап қалды.

Біз қазір де, уш мыңыншы жылдардың табалдырығында тұрып, болашақ босағасынан сығалап, не бір нәубет, зұлмат пен зұлымдықтан бас сауғалап, бүкіл жер шарына тарыдай шашылып кеткен ұлт үрпактары исі қазақ десе шұрқырай түсіп, абыр-сабыр, мәре-сәре болып, жағамыз жайлау болып жатамыз. Бөлкім, осындай ұрымтал тұста өзімізге өзіміз сындарлы тұрғыдан қарап, сынни көзден өткізгеніміз абзал шығар. Әрқайсымыздың қай шалғайда жүрсек те егемен ел, мәртебелі мемлекет болып, тәуелсіздік туын биік көтеріп, халықта қалтқысыз қызмет көрсетіп, оның өркениетіне барынша үлес қосуымыз керек.

*«Жұлдызды жандар» кітабынан*



#### 6. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Қазақтар қалай өмір сүрген?
- 2) Қалай ойлайсың, қазактың жаны, мінезі, рухы қандай?
- 3) «Бүкіл жер шарына тарыдай шашылып кеткен ұлт» дегенде автор нені мензеп тұр?
- 4) «Оз тағдырына сын көзben қарау» дегенді қалай түсінесің? Ол не үшін керек?



#### 7. «Түсінік» ойыны.

- 1) Мәтіннен тірек сездерді тауып, әрқайсысына 4–5 ассоциация-тірек сезден жаз.
- 2) Оның ішіндегі негізгі 1–2 сезді белгіле.
- 3) Белгілеген сезді өзің қалай түсінетініңді жаз.

- 4) Оқушылар тірек сөзге берген анықтамаларын кезекпен оқиды. Жалпы ұқсастықтарын табады.
- 5) Ортақ түсінікті жазып, салыстырады.

 8. Мәтіндегі қарамен берілген сөздердің магынасын мәнмәтінгеге қарап түсіндір. Қандай тілдік қуралдар пайдаланылғанын айтып, ойынды дәлелде.

Үлгі: марқасқа мінезімен – жайсаң, ер мінезімен деген магынаны білдіреді.

 9. Мәтіндегі қазақ халқына берілген сипаттамаларга «Келісемін/келіспеймін» әдісімен өз ойынды айтып, дәлелде.

Қазақтың	Келісемін/келіспеймін	Себебі ...
даналығы		
көсемдігі		
шешендігі		
кіслігі		
кішілігі		
мықтылығы		
қайырымдылығы		
осалдығы		

 10. Өлеңді оқып, автордың қазақ халқына берген сипаттамасын диаграммада сал. 1-тапсырманы орындау барысында өзін дайындаған сипаттамамен салыстыр. Сөйкес тұстары бар ма? Авторын анықта.

Біз – қазақ деген мал баққан елміз,  
Бірақ ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз.  
Елімізден құт-береке қашпасын деп,  
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,  
Найзага үкі таққан елміз!  
Ешбір дүшпан басынбаған елміз,  
Басымыздан сөзді асырмаган елміз!  
Досымызды сақтай білген елміз,  
Дәмі, тұзын ақтай білген елміз.  
Асқақтаған хан болса,  
Хан ордасын таптай білген елміз!

Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды,  
 Анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды,  
 Үл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз!

 11. Тәмендегі сұрақтарға жауап бере отырып, эссе жаз.


- 1) Мен болашақта елімнің егемендігін сақтап, мәртебелі мемлекет болу үшін не істеймін?
- 2) Болашақта өз халқыма қалай қызмет етемін?
- 3) Үлтты өркениетке жеткізу үшін не істей аламын?
- 4) Аталған мәселелерді шешуде дәл қазір мен қандай үлес қосып жүрмін?



12. Қазақ халқының жаны жайсан, қонақжай, ұлы халық екенін дәлелдей, өз ойынды айт.



13. «Телеграмма» әдісі арқылы бүгінгі сабакта түсінгенінді жазып, парталасыңа бер. Сонынан оған арнап тілек не өлең шумақтарын жаз.

 5–6-сабак

АТА-БАБАНЫҢ АСЫЛ АРМАНЫ



 1. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) «Мәңгілік ел», «мұрат» деген ұғымдарды қалай түсінесің?
- 2) Мәңгілік елдің мұраты не болуы мүмкін? Болжап айт.
- 3) Мәңгілік ел болу үшін не керек? Кластерге жаз.





**2.** Қалай ойлайсың, біздің ата-бабамыз нені арманадады? Ата-бабамыздың арманы мен өз арманыңды жазып, оларды салыстыр. Үқастықтары мен ерекшеліктері бар ма? Егер бар болса, олар неден туындал жатыр?

### Ата-баба арманы

...

...

### Менің арманым

...

...



**3.** Мәтінді тыңдал, сұрақтарға жауап бер.

- 1) Қазақ тілі туралы қандай мәлімет алдың?
- 2) Мәтіндегі оймен келісесің бе? Ойынды дәлелде.
- 3) Ана тіліміз мәңгілік тіл болуы үшін сен не істейсің?

Оган қандай үлес қосасың?



**4.** «Синектика» әдісі. Сен өзің қатарлы жеткіншектерге ана тілінің атынан хат жаз. Хатта мына мәселелер көрініс тапсын:

- қазақ тілінің мәртебесі, қазіргі жағдайы, қолданылуы;
- ұлттың сақталуындағы ана тілінің рөлі;
- ана тілінің жеткіншектерге назы;
- ана тілінің арманы.



**5.** Мәтінді оқып, мақсатын анықта. Сұрақтарға жауап бер.

Біз үшін ортақ тағдыр – біздің Мәңгілік ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы.

Егеменді дамудың 22 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды.

Олар кектен түскен жоқ. Бұл құндылықтар – уақыт сынынан өткен қазақстандық жол тәжірибесі.

Біріншіден, бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі және астанасы.

Екіншіден, бұл – қоғамымыздагы ұлттық бірлік, бей-бітшілік пен келісім.

Үшіншіден, бұл – зайырлы қоғам және жоғары руханият.

Төртіншіден, бұл – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім.

Бесіншіден, бұл – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғами.

Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы.

Жетіншіден, бұл – еліміздің үлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Осы құндылықтардың арқасында біз әрдайым жеңіске жеттік, елімізді нығайттық, ұлы жетістіктерімізді еселеңдік.

Жаңа қазақстандық патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтарда жатыр.

Біз өз халқымыздың игілігі жолында ұлы мақсаттарды алға қоямыз.

Өсірепе жастарымызға мынаны айтамын. Бұл Стратегия сіздерге арналған.

Оны жүзеге асыратын да, жемісін көретін де сіздер. Өз жұмыс орындарыңызда отырып, осы жұмысқа өрқайсыңыңыз атсалысыңыздар. Немқұрайлылық танытпаңыздар.

Елдің болашағын барша халықпен бірге жасаңыздар!

*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың  
Қазақстан халқына Жолдауы. 17 қаңтар 2014 жыл*

- Жолдау кімдерге арналған?
- Мәңгілік ел болу неге біздің ортақ тағдырымыз?
- Жолдауда айтылған ата-бабалардың арманы 2-тапсырмада сен белгілеген армандармен үндесе ме?
- «Өз жұмыс орындарыңызда отырып атсалысыңыздар» дегенді қалай түсінесің?



6. Өр топ Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауындағы құндылықтардың мәнін ашып, дәлелдендер. Жетінші құндылық барлық топқа ортақ.

#### Бағалау критерийлері:

- құндылықтардың мәнінің ашилуы – 2 үпай;
- саятты талдануы – 1 үпай;
- тіл көркемдігі – 1 үпай.

## 1-топ

- Қазақстанның тәуелсіздігі және астанасы
- Қоғамымыздың үлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім

## 2-топ

- Зайырлы қоғам және жоғары руханият
- Индустрияланудыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім

## 3-топ

- Жалпыра Ортақ Еңбек Қорамы
- Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы

- Еліміздің үлттық қауіпсіздігі жөнө бүкілолемдік, оцірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұргыдан қатысуы

 7. Мәтіннен жазылуы мен айтылуында айырмашылығы бар сөздерді теріп жаз. Олардың қандай принципке негізделетінін дәлелде.

 8. «Оймоншақ» әдісімен үлттың болашагына қажетті құндылықтарды айтындар.

Үлгі:



9. «Сұрақ ілmegі» әдісі. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1) Қазақстанның дамыған елдер қатарына қосылуына сен қандай үлес қоса аласың?

2) «Еліміздің дамуы ең бірінші жастардың қолында» деген оймен келісесің бе?

3) Егер сен жоғары лауазымды адам болсаң, қандай мәселелерге баса назар аударап едің?



10. «Интервью». «Қазақстанның «Мәңгілік ел» болуына қандай үлес қосамын?» деген тақырыпқа төрт сұрақ дайындалады, парталас досындан сұхбат ал.

 11. «Синквейн» әдісімен «Мәңгілік ел» тақырыбына бес жолды өлең қура.



 12. «Менің сабактан кейінгі өсерім» кестесін толтыры.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не үнады?

## 7-8-сабак

## «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҮЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ



 1. XXI ғасырда Қазақстанның дамуына негіз болатын қандай құндылықтарды (Жолдауда айтылмаған) атар едің? Ойынды дәлелден айт.

 2. Төмендегі пікірлермен келісетін/келіспейтінінді дәлелден, ойынды ПОПС формуласы бойынша жаз.

Ана тілін біліп тұрып, бөтенше жақсы сейлесең, бұл – сүйініш. Ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сейлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру – зор қате.

X. Досмұхамедұлы

Ана тілі – жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлық толқындарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп сақтап отыратын қазына ...

Ж. Аймауытұлы

Үлгі:

- «Менің ойымша, ... »
- «Себебі, мен оны ... түсіндіремін».
- «Оны мен мына ... деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».
- «Осыған байланысты мен ... деген қорытынды шешімге келдім».




3. Мәтінді тыңдаپ, мақсатын, қолданылу аясы мен сипаттын анықта.



4. Мәтіндегі *бакуатты*, *тұтіні тұзу үшін*, *цлтты үйис-тырып*, *баянды етуге*, *түп қазығы*, *өзімізді үнемі қамышылап*, *көздің қарашығындаи сақтай білу* тіркестерінің мағынасын түсіндір. Ол сөздерді басқа сөздермен тіркестіріп, тізбек жаса.

**Улгі:** Бакуатты – бай, дәuletті;



5. Басқа елдермен терезесі тең болуы үшін Қазақстан мемлекеті қандай болу керек? Ал сен қандай азамат болуың керек екендігін жіктең жаз.

Қазақстан мемлекеті  
... болуы керек.

...

Мен ... болуым керек.

...



6. Төмөндегі мәтін үзіндісін ауызекі сейлеу стиліне айналдырып, қайта жаз.

«Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асырып, одан өрі дамытатын жастар болғандықтан, олар ең алдымен білімді, үлттық құндылықтар мен заманауи игіліктерді өз бойына біріктіріп, үштастыра білген, өз елінің нарыз жанашыр азаматтары ретінде қалыптасуға талпынуы керек. Мемлекеттің осы бағытта атқарып жатқан ізгі жұмыстары аз емес, солардың бірі – Мәңгілік ел!



Мысалы:

- Апа, салеметсіз бе!
- Аман бол, шырагым!
- Мен теледидардан Елбасымыздың «Мәңгілік ел» идеясы туралы естіп қалып едім. Ол өзі не, қалай түсінуге болады?
- «Мәңгілік ел» бұл Елбасымыздың халықта Жолдауында ұсынылған идея. «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыру үшін, сендер, жастар, сліміздің нағызы жанашыры азаматтары ретінде еңбектенулерің керек. Себебі болашақ сендердің қолдарында ...



7. Айтылған ойды дәйектеп, төрт себебін жазыңдар. Жауаптарыңды басқа жүппен алмастырып, үқастықтарын, ерекшеліктерін табыңдар.

Тоуелсіздікке қол жеткізгеннен горі оны ұстал туру өлдекайда қын.

Себебі

- |        |        |
|--------|--------|
| 1) ... | 3) ... |
| 2) ... | 4) ... |



8. Мәтінді оқып, Жолдаудагы оймен үштастыр (16-бет). Сұрақтарға жауап бер.

Адамзат заман көші мен уақыт керуеніне ілесе алмай, жойылып кеткен талай тілді біледі. Ондай қатерлі қауіп біздің ғасырлар бойы көз қарашығында сақтап келген ана тілімізге төнбекені сезімге сәуле жүгіртеді. Қай тілдің болсада, өз қадір-қасиетін сақтап, әлемдік қорға қосар үлесін қомақтандырып, асыл қазынасын молайта бергенге, дарига дүние, не жетеді! Оның өсуі де, өшуі де қазіргі және одан кейінгі саналы үрпақтың көз майын тауысып, жанашырлық жасап, асыл мұраны сақтауына байланысты.

A. Нысаналин

- Мәтіннен өзіңе қандай ой түйдің?
- Аға буынның қандай арман-тілегін байқадың?
- Қазіргі уақытта сен мәтінде айтылған ой үдесінен шығып жүрсің бе?



9. Көркем шығармалар мен баспасөз беттерінен ана тіліне, елдің тұтастығына, бірлігіне қатысты мақал-мәтелдерді жинап, мөнін түсіндір.



10. Төменде берілген проблемалық сұрақтардың біріне еki абзацтан тұратын ойтолғау жаз.

1) «Ел мен тіл – егіз үғым» деген пікірмен келісесің бе?

2) «Мәңгілік ел болу – біздің өз қолымызда» үғымы қаншалықты дұрыс деп санайсың?



11. Сөйлемдердегі бос орындарды толтыр.

Мен ... үйрендім.

Мениң қолымнан ... келді.

Мен ... екенін сезіндім.

Сабак өмірім үшін ... берді.

Мен ... жасағым келді.

## 9-сабак

## НӨТИЖЕ САБАҚ

1. «Бөлшектен бүтін құрау» әдісі. Мәңгілік елдің негізгі белгілерін жазып, мазмұнын толықтыр.

...
...
...
...

Мәңгілік елдің негізгі  
белгілері

...
...
...
...



2. «Бұтінді бөлшекке бөлу» әдісі. Мәңгілік елді құрайтын неғізгі үғымдарды маңыздылығына қарай тізбектеп жаз. Олардың Мәңгілік ел құрудағы маңызын дәйектеп түсіндір.

Мәңгілік елдің негізгі белгілері:

ана  
тілі

...

...

...

### 3. Мәтіннің мақсатын, стилін анықта.

Тогыз жасар Жетес тоқсандагы Төле биге салем бере барыпты. Сонда Төле би былай деген екен:

– Бата – басқа, қына – тасқа, ақыл – жасқа, не қалайсың, балам? – депті.

Сонда Жетес бала:

– О, қасиетті, баба! Ат берсеңіз өліп қалады, тон берсеңіз тозып қалады. Ат, тонға бергісіз өлмейтін, ешпейтін, өмірі естен кетпейтін бір өсінет айтсаңыз, соган ризамын, – депті.

– Онда қолыңды жай, балам, – деп Төле би:

Бір үйдің баласы болма,  
Көп үйдің санасы бол!  
Бір елдің атасы болма,  
Бар елдің данасы бол.  
Бір тонның жағасы болма,  
Көп қолдың ағасы бол.  
Ақты ақ деп бағала,  
Қараны қара деп қарала.  
Өзегің талса, өзен бойын жағала.  
Басыңа іс түссе көпшілікті сағала.  
Өзіңе-өзің көміл бол,  
Халқыңа әділ бол.  
Жауыңа қатал бол,  
Досыңа адап бол! –

деп бата беріпти.

«Қазақтың би-шешендері» кітабынан

 4. Төменде берілген тақырыптардың біріне күрделі жоспар құрып, көпшілікке арналған шагын мәтін құрап жаз.

- 1) Тіліміз бен төл тарихымыздың жайы.
- 2) Алдына үлкен мақсат қойған ел ізгі мұраттарына жетеді.
- 3) Қоғамның болашағы менің де қолымда.
- 4) Байлығымыз да, бақытымыз да – тәуелсіздік.

**Мәтін құрауға қойылатын талаптар:**

- a) экспрессивті сөздер, мақал-мәтедер, тиражты тіркестердің болуы;
- ә) тақырыпқа сай терминдер, неологизмдердің қамтылуы;
- б) толымсыз сөйлемдердің кездесуі;
- в) оқырманның назарын аударатын қаратпа сөздер, сұраулы және лепті сөйлемдердің кіріктірілуі.

### Даналықтан дән ізде!

- Ел боламын десең – бесігінді түзе.
- Ел бірлігі – ел теңдігі.
- Туган жер – тұғырың,
- Туган ел – қызырың.
- Бірлік түбі – береке,
- Береке түбі – мереке.
- Ақ білектің күшімен,
- Ақ найзаның ұшымен,
- Ел болуды ойландар (*Майқы би*).

## 2-БӨЛІМ

### ЖАҢАНДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРИ



*Бұл бөлімде:*

- мәтіндегі ойга өз көзқарасыңды білдіруге;
- эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, өз ойыңды дәлелдей жазуга;
- тілдік бірліктерді дұрыс қолдана білуғе;
- мәтіндердің стилін анықтауга дагдыланасың.

## 1–2-сабак

## ЖАҢАНДАНУ ЖӘНЕ ҮЛТТЫҚ КОД



**1.** Жаңандану сөзі саған таныс па? Оның мағынасын қалай түсінесің? Осы сөзге мән бере отырып, бүгінгі сабак не туралы болуы мүмкін екенін болжап айт.



**2.** Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерінің ішінен жаңандану үғымына қатысы бар сөздерді теріп жаз. Ойынды дәлелдей айт.

Фаламдану, ақпараттық кеңістік, ғаламтор, құндылық, техника, ғылыми прогресс, азық-түлік, ауа райы, тұған жер, өлең, ғалым, гарыш, мектеп, ел.



**3. «Аквариум».** Төмендегі сурет-символдарды жаңандану үдерісімен байланыстырып, диалог құрындар. Сынып ең үздік диалогті анықтасын.

**Бағалау критерийлері:**

- ой нақтылығы – 1 үпай;
- сөз дәйектілігі – 1 үпай;
- диалогтің сауатты өрбүі – 2 үпай;
- тіл көркемдігі – 1 үпай.



 4. Сөздерді жазылу принципіне қарай топтап жаз.

Дүниежүзілік, саяси, күрт, өркениет, біртұтас, азық-тұлігі, дүниетаным, баһадүр, ақпараттық теңкеріс, логикасымен, жаһандану, өртүрлі, интеллектуалдық, көзқарас, әрқылы, хабар.

### Тілдік бағдар

#### СТИЛЬ ТҮРЛЕРИ

##### Ауызекі сөйлеу тілі

**Орны:** күнделікті қарым-қатынас.

**Мақсаты:** тіл табысу.

**Сипаты:** қарапайым.

**Тілдік құралы:** одагай, оқшашу сөз және т.б.

##### Көркем-әдеби стиль

**Орны:** көркем шығарма, айтыс, қойылым.

**Мақсаты:** сезімге әсер ету.

**Сипаты:** образды, көркем.

**Тілдік құралы:** ауыспалы мәғыналы сөздер, троптар, көріктеуіш құралдар.

##### Публицистикалық стиль

**Орны:** газет-журнал, БАҚ құралдары.

**Мақсаты:** қоғамдық пікір туғызу.

**Сипаты:** пафосты, ұранды, экспрессивті.

**Тілдік құралы:** тұрақты тіркестер, әдеби орамдар, экспрессивті сөздер.

##### Ресми стиль

**Орны:** ісқағаздары, іскерлік қатынастар.

**Мақсаты:** нақты мағлұмат беру.

**Сипаты:** қысқа да нұсқа.

**Тілдік құралы:** тұра мәғыналы сөз, қалыпты тіркестер.

#### Ғылыми стиль

**Орны:** ғылыми еңбектер, конференциялар, симпозиум.

**Мақсаты:** шындықты логикалық жолмен ашу.

**Сипаты:** дәлелді, дәйекті.

**Тілдік құралы:** терминдер, сөз орамдары.



#### 5. Мәтінді тыңдаپ, сұрақтарға жауап бер.

1) Мәтінде не туралы айтылды?

2) «Глобализация» сөзі қандай мәғынаны білдіреді? Ол ғылыми айналымға қашан енген?

3) Жаһанданумен байланысты қандай терминдер пайда болды?

4) Жаһандану мен үлттық идеологияның арасында қандай байланыс бар?

5) Мәтін қай стиль түріне жатады? Неліктен?

 6. Тыңдалым мәтініндегі тірек сөздерді жазып, олардың ойды жеткізуға маңызын айт. Орфографиялық нормаларға сай жазылуына назар аудар.

---

 7. Мәтінді оқып, қай стиль түріне жататынын анықта.

Күллі жержүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Өлемде бағыты өлі бұлышыры, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымызыға әбден сіңіп қалған таптаурын қаридардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек.

ХХ ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманың болмысына сай келмеуінің сыры неде? Мениңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында.



Әжептөүір жаңғырган қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. **Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодының сақтай білу.** Онсыз жаңғыру дегеніңдің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ ұлттық кодымды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманың бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық.

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауга тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қыннан қыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабактастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тарылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы әркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын.

*H. Назарбаев*

 8. Мәтін мазмұны бойынша сыйба-жоспар құр. Тірек сездерді жазып, бейтаныс сездердің магынасын түсіндірме сездіктің көмегімен анықта. Қарамен жазылған сөйлемдердің магынасын түсіндір.

 9. Жоспар бойынша түсінгенінді айт. Төмендегі сұрақтарға жауап бер.

- 1) Мәтін қандай құжаттан алғынған? Қандай стильде жазылғанын дәлелдей айт.
- 2) Елбасы жаһандану кезінде ұлтты сақтайтын қандай қағидалар туралы айтып отыр?
- 3) Мәтін мен суреттердің арасында қандай сабактастық бар?

 10. Мәтін мазмұнына сүйеніп, жаһандану туралы ой бөлісіндер.



**11.** Төмендегі тақырыптардың қайсысы негізгі мәтін мазмұнына сай келеді деп санайсың? Ойынды дәлелде.

- 1) Жаһандану – өте күрделі үдеріс
- 2) Қазақстан – жаһандану дәуірінде
- 3) Жаһандану дәуіріндегі өткір шешім
- 4) Жаһандану және ұлттық идеология
- 5) Жолдау – тарихи құжат



**12.** Мәтіннен кірме сөздерді тап. Оларға қосымша жалғап жазып, орфографияның қай принципіне сәйкес келетінін дәлелде.



**13.** Тындалым және оқылым мәтіндеріне сүйеніп, «Жаһандану деген...» формуласы бойынша өз тұжырымынды қысқаша жаз.



**14.** «Шығу парагын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

- 1) Бүгін не үйренді?
- 2) Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
- 3) Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

### 3–4-сабак

### ЖАҢАНДАНУ – КҮРДЕЛІ ҮДЕРІС



**1.** Багандардағы сөздерді сәйкестендіріп, сөйлем құрап жаз.

ғаламтор	діни	ұлттық	нарық	адам
капиталы	сұранысы	желісі	көзқарас	діл



**2.** Төмендегі сөздерді қандай стильдегі мәтіндерде бас әріппен жазуга болады? Ойынды дәлелде. Ол үшін осы сөздерді қатыстырып, жаһандануға байланысты мәтін құрап жаз.

Мәңгілік ел, мәңгілік тіл, Отан, дала, ұлы, ұстаз, президент, республика.



### 3. «Ойлан, тап!» Тәмендегі сейлемдерді толықтырып айт.

Қазақстанның әлем кеңістігіндегі имиджі – ...

Қазақстанды рухани жаңғыртуға негіз болған басты идея – ...

Қазақ тілін дамытудың тетігі – ... тұжырымы.

Үлтты жаһанданудың көрі ықпалынан қорғайтын үш тұғыр – ..., ..., ...



### 4. Мәтінді оқып, ақпараттарды «Insert» әдісі бойынша белгіле.

Жаһанданудың тәмендегідей негізгі белгілері бар:

1. Мәдени жаһандану – өртүрлі дәстүр, дін, мәдениет пен идеологияның «ұқастануы». Бұл адамзаттық мәдени құндылықтар ортақтығының күшеюімен сипатталады. Мәдени жаһандануда бүгінгі күннің өзінде біртұтас жалпыадамзаттық мәдениеттің нышандары – жаңа нысандармен (желілік мәдениет, кибермәдениет) ұштасан ежелгі мәдени дәстүрлердің (классикалық, европалық, американалық, шығыстық, мұсылмандық және ұнділік) синтезі көріне бастады. Бұл жағдай өрбір үлттың, халықтың өзіне тән ділі мен мәдениетін сақтап қалуы жолында орасан зор күш-жігер жүмсауын талап етеді.

2. Экономикалық жаһандану екі үдерістің жиынтығын – нарық пен экономикалық нысандардың жаһандануын білдіреді. Экономикалық жаһанданудың нақты сипаттары:

- жаһандық қаржы, валюта және қор нарықтары қызметінің күшеюі;

- жаһандық ақпараттық желілердің қызмет етуінің нәтижесінде көлік ағындары құрылымының өзгеруі;

- жаһандық сауда-экономикалық бірлестіктер мен одақтардың құрылуы.

3. Аумақтық жаһандану – мемлекетаралық құрылымдардың күшею үдерісі. Мемлекетаралық экономикалық және әскери-саяси одақтар құрылып, болашақта үлттық мемлекеттерге немесе басқа да аумақтық құрылымдарға бөлінбейтін біртұтас өркениет құрылуы мүмкін деген болжам бар. Бірақ ол үлттар мен халықтар арасындағы этникалық

және мәдени айырмашылықтар барынша жойылған жағдайдағана жүзеге асуы мүмкін.

4. Ақпараттық-коммуникациялық жаһандану – қазіргі заманғы интеграциялық үдерістердің ішіндегі аса ықпалдысы. Оған: коммуникациялық мүмкіндіктерді дамыту және ғарыштық кеңістікті ақпарат беру үшін пайдалану; жаһандық ақпарат желілерінің пайда болуы және жылдам дамуы; адамзат түрмисындағы көптеген үдерістердің компьютерлендірілуі, роботтау жатады.

5. Этникалық жаһандану жер бетіндегі халық санының өсүі және әртүрлі этникалық топтардың өзара ассимиляциясынан тұрады.

#### Г. Жұмабайқызы

-  5. Мәтіндегі жаһандануға қатысты бейтаныс термин сөздердің мағынасын жаз. Мәтіннің стилін анықта. Ол үшін тілдік құралдарга сүйеніп, өз ойынды дәлелде.
-  6. Мәтін мазмұнын сұрақ-жауап тәсілімен айтындар.
-  7. Мәтін мазмұны бойынша төмөндегі сызбаны толықтырып жаз.



-  8. Суреттерден жаһанданудың қандай сипаттарын байқауга болады? Оның ішінде Қазақстанның дамуы үшін қайсысы ете маңызды? Пікір алмасындар.





**9.** Фалымның жаһандану туралы пікірін тыңда. Тірек сөздерді жазып алып, сол бойынша түсінгеніңді айт.



**10.** Тыңдалым мәтіні бойынша айтылуы мен жазылуында ерекшелігі бар сөздерді анықтап, кесте түрінде жаз. Олардың қандай принципке бағынатынын айт.



**11. Рөлдік ойын.** Тыңдалым және оқылым мәтіндеріндегі ақпараттарды жинақтап, фалым мен журналистің сұхбатын көрсетіңдер. Сұхбатта сәлемдесу, танысу, сөз өрбіту, қоштау, алғыс айту, қоштасу және т.б. сөз өдебі орамдарын қолданыңдар.



**12. БАҚ** құралдарында берілген жаңалықтарды тыңдап, онда айтылған жаһандану үдерісімен байланысты ақпаратқа зерттейін қой. Сол ақпараттың жаһанданудың қай түріне қатысты екенін анықта. Бір-бірінді бағалаңдар.



**13.** Сабакта алған әсерінді, ойынды төмендегі кестеге сәйкес жаз.

« ✓ »	« - »	« + »	« ? »
Білемін	Білмеймін	Мен үшін жаңа ақпарат	Мені таңгалдырыды

## 5–6-сабак

## ЖАҢАНДАНУДЫҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ



**1. Жағдаяттық тапсырма.** Топқа бірігіндер. Сыныптың келесі тәрбие сағатында «Жаһандану деген не?» тақырыбына баяндама жасау тапсырылды. Баяндаманың күрделі жоспарын құрып, әр беліктे не туралы айтылатынын ақылдасыңдар. Жазған жоспарларынды сынып оқушыларының алдында қорғаңдар.

Жоспарларынды салыстырып, бағалаңдар. Онда төмендегідей бағалау критерийлері басшылыққа алынын:

- тақырыптың ашылуы – 2 үпай;
- қызықты және жаңа ақпараттардың болуы – 1 үпай;

- сөз жүйесінің сақталуы – 1 ұпай;
- таныстырудың сөз әдебі орамдарының дүркінде қолданулы – 1 ұпай.

### 2. Өлеңді мәнерлеп оқып, түсінгеніңді айт. Тақырып қой.

Мына заман қай заман?  
 Азулыға бар заман,  
 Азусызға тар заман.  
 Тарлығының белгісі:  
 Жақсы жаннан түңілген,  
 Жаман малдан түңілген,  
 Мұның өзі – зар заман.  
 Зарлығының белгісі:  
 Бір-бірлерін күндеген,  
 Жай-жайына жүрмеген,  
 Мұның өзі – тар заман.  
 Тарлығының белгісі:  
 Мұсылманнан хал кетті,  
 Тәңірім болғай деместен.  
 Анты жүқпас бойына,  
 Әрне түсер ойына.

Бұл асылық асқан заманда,  
 Үл туады атаменен егесіп,  
 Қызы туады анаменен тенденсіп,  
 Баласы кетіп тыюдан,  
 Масқаралар таймайды  
 Жас сыйласып тұрудан.  
 Адал зада баланы  
 Таба алмассың рудан.  
 Ұлың киді дүрия,  
 Устараның жүзіндей  
 Аударылған дуние.  
 Қызың киді биқасап,  
 Тергең кимей байқастап,  
 Кешкітүрим болғанда  
 Құлан менен бұландаі  
 Үйде тұрмас ойқастап.

*Шортанбай жырау*



3. Қарамен берілген сөздердің мағынасын сөздіктерге қарап анықта.



4. Жырау айтып отырган жайттарды қалай түсінесің? Сол өрекеттердің жаһанданумен байланысы бар ма? Өлеңнің сабактақырыбымен қандай байланысы болуы мүмкін? Өз болжамыңды айт.



5. Мәтінді оқып, тақырып қой.

Жаһанданудың пайдалы жақтарына экономиканың қарқынды дамуы, өмір сүру деңгейінің жоғарылауы, мәдениеттердің алмасуына жол ашыу, техникалық жаңалықтар мен басқару дағдыларын жеделдетіп енгізу және тарату, жекетүлғалар үшін де, ел үшін де жаңа экономикалық мүмкіндіктер тұғызу және т.б. жатады. Сонымен қатар адамзат баласына ең қауіп-

ті саналатын індегі ауруларды емдеуге қарсы бірлескен зерттеулердің жүргізілуі жер жүзіндегі зерттеуші ғалымдар мен дәрігерлердің ортақ мақсатқа жұмылуына өкелді. Фаламдық экологиялық мәселелерді шешу де ортақ мұрат жолында өлем елдерін біркітіре түсуде. Білім беру саласында да жаһанданудың нәтижесінде өлемдік біртұтас білім кеңістігі қалыптастып отыр. Жаңастар үшін білім алуға шектеу қойылмайды.

Әйтсе де жаһандық өркениеттің дүниежүзіндегі үлттардың төл мәдениетіне, рухани өміріне, дүниетанымына қауіп тудырып отырганын жоққа шығаруға болмайды. Бүгінде поп-музыка, теледидарда және түнгі клубтарда жүретін әртүрлі шоулар, ұшы-қыры жоқ сериалдар, **сенсация** қуалаған журналистер ескелец жаңастардың ғана емес, ересек адамдардың да санаасын жаулап алып, уландырып бағуда. Түрлі сенсациялардың салдарынан адам бойында үлттық дүниетанымға орын қалмайды. Бір сөзбен қайырганда, бұқаралық мәдениет – мейірімсіздікті, азғындықты насиҳаттайтын «лас» өнімдер жиынтығына айналып барады. Жаһанданудың ең қауіпті сипаты – үлттық құндылықтарға қарама-қайшы, адамгершілікке жат қылықтарды қоғамдық **идеологияға** айналдыруында.

Жаһандық-бұқаралық мәдениет Батыс Еуропа елдерінің өзінде де қоғамның әлеуметтік-мәдени негізін бұзуда. Қазір мұнда бұқаралық мәдениеттің ең жоғары сатысы «бір өлшемді адам» («*homo ludens*») туралы көп айтылады. Бұл – рухани мазмұнын жоғалтқан, сауықшыл, елмен бәстесіп, кез келген жолмен (алдау, арбау т.б. арқылы) озып шыққанды өмірдің мәні санайтын адамдар түрі. Бұған Батыстағы нашақорлар мен әртүрлі **субмәдениет**, яғни хиппи, рокер, рэпер т.б. антиәлеуметтік дүниетаным өкілдерін қосыңыз. Осыдан барып отбасын құру, бала-шаганы жеткізу, білікті маман болып, қоғамда өзінің лайықты орнын алу, елге қамқорлығымен бедел жинау сияқты адамдардың әлеуметтік тілек-мақсаттары қоғамды дамытатын ынталандыруши фактор болудан қалып қоюы мүмкін. Бірақ осындай жаһандық тасқындарға қарсы әр үлттың төтеп беруіне қажетті мәдени **иммунитетті** қалыптастыру керек. Оны қалыптастыратын төрт тұғыр бар: ана тілін білу, үлттың салт-дәстүрлерін сактау, ез тарихын құрметтеу, елінің болашағына сену және соған қызмет етуге дайын болу.

*Ж. Молдабектен*

-  6. Мәтіндегі қарамен берілген сөздердің мағынасын анықта.
-  7. Мәтіндегі жаһандану құбылысының пайдалы және зиянды жақтарын сызба түрінде жаз.

Жаһанданудың  
пайдалы жақтары:

...

Жаһанданудың  
зиянды жақтары:

...

 8. Мәтіндегі ой жүйесінің желісін ашатын тірек сөздер тізбесін жаз. Сол бойынша бір-біріңмен сұрақ-жаяуп тәсілін қолданып сөйлесіңдер.

 9. Оқылым мәтінінің мазмұнына сай 4 сөйлемнен тұратын кіріспе бөлім жаз. Сол мәтініндегі 6 сөздің орфографияның кай принципі бойынша жазылғанын дәлелдей айт.

 10. «Аквариум». Жаһанданудың пайдасы мен зияны туралы ез көзқарастарыңды айтып, пікірлесіңдер. Өз сөздерінді дөйектеу үшін төмендегі суреттерді пайдаланыңдар. Сынып ең үздік диалог иелерін анықтасын.




 11. «Менің сабактан кейінгі өсерім» кестесін толтыр.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не үнады?

## 7–8-сабак

ЖАҢАНДАНУ ЖӘНЕ  
ҮЛТТЫҚ ДІЛ

1. «Тіл деген не?» сұрагына ассоциация жасап, сызбага жаз. Ойынды жүйелі түрде жеткіз.



2. Тіл туралы бес мақал-мәтел жаз. Олардың магынасын жаңандану жағдайындағы қауіптермен сабактастырып айт.



3. Мәтінді тыңдал, тезис жаз.



4. Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

1) Мәтіннің тақырыбы не?

2) Мәтінде қандай өзекті мәселе көтерілген?

3) Ана тілі мен үлттық ділдің және үлттық тәрбиенің қандай байланысы бар?

4) Мәтін стильдің қай түріне жатады?



5. Төмендегі өлең үзіндісін мәнерлеп оқы. Өлең мазмұнын өз сөзіңмен баянда айт.

Сөйгүлікті құйрық-жала таралған,  
Сүйетүғын қазақ осы, қараңдар.  
Қазақ осы күй шығарып, өн салып,  
Кекпараттып, қызы қууга жаралған.

Қазақ осы Даңа дейтін, Құн дейтін,  
Қазақ осы «Өнер алды – тіл» дейтін.  
Қазақ осы қарасың ба, ақсың ба,  
Қоңырсың ба, жатырқауды білмейтін.

Қазақ осы ашық-жарқын қабағы,  
Қонақ келсе, шабылып бір қалады.  
Байқа да түр, саған да ол кетерде,  
Ат мінгізіп, жібек шапан жабады.

Қазақ осы жайып жатқан қанатын,  
Батыр халық, ақын халық – дәл аты.  
Қазақ осы өзімсінген адамға,  
Насыбайға бола өкпелеп қалатын.

*К. Мырза Әлі*

 6. Ақын өлеңіне сүйеніп, «Қазақтың ділі» тақырыбында диаграмма жаса.

 7. «Ойталқы». «Қазақтың ұлттық ділін құрайтын қасиеттерінің қайсысы жаһанданудың әсерінен өзгеріп барады?» деген сұрақ төцірегінде пікірталас өткізіндер.

 8. Жазушы әрі батыр Б. Момышұлының пікіріне өз көзқарасынды білдіріп айт.

Қазаққа көшпенді, жалқау деп орынсыз тағылған екі кінә бар. Қазақ еш уақытта көшпенді болған емес, қазақ – отырықшы. Өз жерінде малдың ыңғайына қарай жаз жайлауына, қыс қыстауына қоныс аударғанды сендер көшпенді деп жүрсіндер. Бұл – тарих кешірмейтін қателік.

Екінші, қазақ жалқау болса, мал баға ма? Мал – оның өмір сүрудегі ең негізгі кезі. Ол ғасырлар бойы өзін ғана емес, көрші елдердің халқын да етпен қамтамасыз етіп келді. Малды өсіру, егін салу, балықты аулау жалқаудың қолынан келе ме? Оны оқай деп кім айта алады? Малдың ба拜ын табу, жаздық, күздік жайлауын, қыстауын таңдау, қай жерге қалай жаю, жейтін шебін анықтау, ауырган малды емдеп жазу, айсыз, қараңғы түнде жұлдыздарға қарап сапар шегу, қыран құс, түлпар баптау, ауа райын болжау, сырқатты емдеу, көкпар тарту, бәйге, күрес, асық, ақсүйек тағы басқа ойындарды ойладап табу дегенің білген адамға жатқан ғылым. Оны игеру үшін ақыл, тәжірибе, өте еңбеккөр жандардың толассыз ізденісі керек.

*Б. Момышұлы*



9. «Жаһандану және ұлттық діл» тақырыбында диалог құрындар. Ол үшін алдын ала З сұрақ дайындацдар. Диалогтің екі түрі: бірі – мамандар арасындағы пікір алмасу; екіншісі атасы мен немересінің сөзі болсын. Екі диалогтің тілдік қуралдарына талдау жасандар. Қай жұптың жұмысы қызықты болғанын сыйнип бағаласын.



10. «Оймоншақ». Сынып бес топқа бірігіндер. «Жаһанданудың пайдасы мен зияны» тақырыбында мәтін құрандар. Сызба бойынша ұлттық діл мен жаһанданудың байланысы туралы айтындар.



11. «Шығу парагын» пайдаланып, сұрақтарга жауап бер.

- 1) Бүгінгі сабак тақырыбы бойынша не үйрендің?
- 2) Сен үшін тақырыптардың құнды жақтары қандай болды?
- 3) Өзіңдің және сыныптастарыңың топ ішіндегі белсен-ділігіне көзілің тола ма?
- 4) Осы тақырып бойынша тағы не білгің келеді?

## 9-сабак

## НӘТИЖЕ САБАҚ



1. Мәтінді тында. Жазушы, ғалым Ақселеу Сейдімбектің ойынша, жаһандану жағдайында басқа мемлекеттердің қандай мәселелерге назар аударып отырганына көңіл бөл. Ғалым пікірінде кездескен қайшылықтардың асқынуы, қындылықты сақтай, ұлттық толтумалық, этникалық тұстастану, экоэтникалық ерекшелікке бейімдеу тіркестерінің мағынасын түсіндір.



2. Тындалым мәтінінің мазмұны бойынша көркем безендірілген сызба құрастыр. Онда мәтінде айтылған автордың көзқарасын толық сақта.



3. «Ойды жалғастыр». Төменде берілген үзіндіні оқып, әрі қарай жалғастырып эссе жаз. Эссеге тақырып қой. Оның кіріспе, негізгі және қорытынды белімдерінің арасын сабактастырып тұрган тілдік қуралдарды ата.

Фаламдану үдерісінде жан-жақтан тасқынданап келіп жатқан ақпараттар ағынында адасудан сақтайтын, жат мәдениеттер көшкінінің екпініне төтеп берер тегеурінді күшке ие ететін мәдени иммунитеттің өзегі – тіл. Сондықтан ...



**4. «Ойшыл қалпақтар».** Топқа бірігіндер. «Жаһандану мөселеleтері» тақырыбы бойынша өткен материалдар мен игерген білімдеріндегі қорытындылау үшін ойларыңды ортага салыңдар. Топтағы алты оқушы алты түрлі қалпақ киіп, өз міндетіне қарай ойын ортага салсын.

Ойшыл қалпақтар	Ойшыл қалпақтардың қызыметі	Сұрақтары
	Жаһанданудың маңызын санамалап айтады.	Жаһанданудың маңызы қандай?
	Жаһанданудың пайдасын айтады.	Жаһанданудың пайдалы жағы неде?
	Жаһанданудың кемшіліктерін айтады.	Жаһанданудың зиянды жағы бар ма?
	Жаһанданудың Қазақстан үшін тиімділігі туралы айтады.	Жаһандану тиімді болу үшін не істей керек?
	Айтылған ойларга қатысты эмоциясын білдіреді.	Айтылған ойларға қалай қарайсың?
	Бақылау және қорытындылау: айтылған ойларды сараптайтыны, талдайды.	Айтылған ойлардан қандай қорытынды шығаруға болады?

### Даналықтан дән ізде!

- Жеті жүрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл.
- Білім аудысады, ырыс жұғысады.

### 3-БӨЛІМ

## ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАФЫ ҚАЗАҚСТАН. ЭКСПО-2017



*Бұл болімде:*

- әртүрлі жанрдагы мәтіндерде қолданылған көркемдегіш құралдарды талдауга;
- тыңдалым, оқылым мәтініндегі ақпаратты омірмен байланыстыруға;
- дереккөздерден алған мәліметтерді өз мақсатына сай пайдалануға;
- тезис, аннотация жазуға;
- негізгі ойды сақтап, мәтін қурауға;
- құрмалас сойлемнің жасалу жолдарын, түрлерін ажыраты білуге дагдыланасың.


## 1–2-сабак

## ДАЛА ДАҢҚЫН АСҚАҚТАТУ



1. Мәтінді тыңдал, сұрақтарға жауап бер.

- 1) Мәтін не туралы?
- 2) Мәтіннің өткен «Мәңгілік ел – мұратым», «Жаһандану мәселелері» тақырыптарымен қандай үндестігі бар?
- 3) «Фасырлар тогысында өмір сұру бақ, уайым, қатер» дегенді қалай түсінетініңді бүгінгі үлттық және жаһандық проблемалармен байланыстырып жаз.



2. Мәтінді оқып, ел тарихында тағы қандай оқиғалар болғанын анықтаңдар. Постер құрап, оны қорғаңдар.

Он бесінші ғасырда алғашқы Қазақ хандығының құрылуы халықтың тарих төсіндегі, уақыт кеңістігіндегі өзіне тиісті бөлекше орынды алғып тынғанын тиянақтады. Ұлы хандарымыз Керей мен Жөнібек оны саяси түргыдан бедерлеп берді. Үлттық тарихымыздың соңғы бес ғасыры халқымыздың өмір сүретін кеңістік үшін арпалысының тарихы болып саналады. Біз өзіміздің өткендеңгі өмірімізге кездейсоқ оқиғалар тізбегі деп қарамауымыз керек. Үлттың бойындағы қуат кернеуінің күштілігі сондай, біз жоңгарларға, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» де төтеп бере алдық, сейтіп, жеңіп шықтық.

*H. Ә. Назарбаев. «Қазақстан жолы»*

**Постер дайындауда қойылатын талаптар:**

- цлкен *pішімде* болуы;
- мазмұнының тапсырмамен байланыстылығы;

- мәтіннің жеңіл, түсінікті болуы;
- тарихи оқиғалардың хронологиялық принципке сай келуі;
- безендірілуі.

## Тілдік бағдар

### Құрмалас сөйлем және оның түрлері

Екі немесе одан да көп жай сөйлемнен құралып, құрделі ойды білдіретін және мағыналық жағынан өзара байланысты сөйлемдерді құрмалас сөйлем дейміз. Мысалы: *Аңшы енді қайтып атпады, қасқыр тым үзап кетіп еді* (С. Мұқанов). Өкесі жолаушы кеткелі, *Абай үйден аяқ аттан ешқайда шыққан жоқ* (М. Әуезов).



### Құрмалас сөйлемнің белгілері:

- кем дегенде екі жай сөйлемнен құралады. Кей жағдайда бастауыш айтылмаганымен, баяндауыш арқылы білініп тұрады. Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемнің әрбірінде баяндауыштың болуы міндетті;
- жай сөйлемдер баяндауыш формалары және шылаулар арқылы байланысқа түседі;
- жай сөйлемдер мағынасы жағынан логикалық байланыста болып, біртұтас құрделі ойды білдіреді;
- құрмалас сөйлемдерді өзара байланыстыруда интонация айрықша қызмет атқарады. Алғашқы сөйлем ұласпалы интонацияға ие болады да, соңғысы аяқталған, тиянақты интонацияда келеді.

### 3. Төмендегі құрмалас сейлемдерді белгілеріне қарап анықта.

Қазақстан – Азия және Еуропа құрлышының нағыз бел ортасында орналасқан және табиғи ресурстары мен экономикалық қуаты басым еуразиялық мемлекет. Қазақстанның оңтүстік-батыс және оңтүстік аудандары кең-байтақ Тұран жазығымен шектесіп, солтүстік-шығысын үлкен Алтай таулар жүйесі алып жатыр. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде және де тың игеру жылдары Қазақстанға көптеген үлт өкілдері қоныс аударылды, сейтіп Қазақстан көпэтносты мемлекетке айналды.

### 4. Мәтінді оқып, құрмалас сейлемдерді тап.

ХХ ғасырдың басында біздің сан ғасырлық тарихымызда түңгыш рет халықты әлемдік айdynға алып шығуға нақты мүмкіндік туды және ол мүмкіндікті туғызғандар Алаштың ардақты азаматтары еди.

Біз жаңа мыңжылдықтың табалдырығында бұған дейінгі жүздеген үрпақтың қолы жетпегенге қол жеткіздік: төуелсіз мемлекет қура алдық. Бізді енді ешқандай тарих желі жер бетінен жойып жібермейтіндігінің басты кепілі, міне, осы.

О.Сүлейменов өлеңінде «Даланың даңқын асқақтат, Таулардың сағын сындырмай» дейді. Біз Алатаудың бауырындағы тамаша қаланы сақтай отырып, сонымен бірге Сарыарқаның төсінде жаңа астананы салу сияқты өзіміздің алдымызға өте үлкен міндет қойдық.

Қазіргі Астана тұрган жер – ықылым заманнан адам қоныс қылған өңір. Ежелгі және қазіргі зерттеушілердің еңбегін мұқият оқып қарасақ, Ақмола жерінің қашанда әртүрлі тайпалар мен мәдениеттердің бір-біріне өзара ықпал жасағанын, ауыс-түйісі мол болғанын көреміз. Ол жайлы ежелгі грек тарихшысы Геродоттың еңбектерінде айтылған.

1998 жылы археологтер қазіргі Астанадан бес шақырым жерден ортағасырлық қала – Бозоқтың орнын тапты. Дәл қазіргі Астана тұрган аумақ арқылы XVI ғасырда Сібір-Орта Азия керуен жолы өткен. Бозоқ Қыпшақ хандығының астанасы болған.

Өзінің қолайлы географиялық жағдайының арқасында, Кеңес өкіметі жылдарында Ақмола жерінде қаланы Одақтың теміржол жүйесіне қосқан және көлік ағынына ілеңстіріп әкеткен теміржол магистральдары салынды. Бұл Ақмоланы ірі көлік торабына айналдырыды.

Жаңа астананы табу мақсатында, республиканың бүкіл аумағына жан-жақты зерттеу жүргізілді. Астана 32 өлшемге сәйкес болуы керек еді. Осы өлшемдердің ішіндегі аса маңыздылары: әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, климат, ландшафт, сейсмикалық жағдай, қоршаган орта, инженерлік және көлік инфрақұрылымының болуы, оның болашағы, коммуникациялар, құрылымы кешендери және еңбек ресурстары. Зерттеулер ең қолайлысы Ақмола екенін көрсетті. Ақмола Қазақстанның географиялық орталығына жақын және маңызды шаруашылық аймақтарына таяу, ірі көлік магистральдары түйіскен жерде орналасқан.

1997 жылы 20 қазанды «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы етіп жариялау туралы» Жарлық шықты.

Н. Ә. Назарбаев. «Қазақстан жолы.  
Жаңа дәуірдің жаңа Астанасы»

-  5. Мәтіннің жалпы тақырыбын анықта: қоғамдық-экономикалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси. Мәтінге жоспар құрып, өр ой белгіне тақырып қой. Өр абзацтагы тірек сөздерді анықтап, мәтін құраудағы рөлін түсіндір.
-  6. О. Сүлейменовтің «Даланың даңқын асқақтат, Таулардың сағын сындырмай» деген өлең жолдарын қалай түсінесің? Қазақстанның мәдени орталығы әсем қала Алматыны арқа төсіндегі елордамыздың мәртебесімен байланыстырып түсіндір.
-  7. Баспасөз беттерінен Бозоқ туралы деректер жинап, мәтін құрап жаз. Қандай дереккөзден алғаныңды көрсетіп, авторына сілтеме жаса. Мәтінде құрмалас сейлемдерді қолдан.
-  8. Дереккөздерден Кеңес дәуірі кезіндегі Ақмола туралы ақпарат жинастыр. Мәтін мазмұны бойынша сұрақ құрастырып, көпшілікке ариалған интервью мәтінін дайында.
-  9. Мәтіннен жаңа астананы табу мақсатында жүргізілген зерттеулер туралы ақпаратты тауып оқы. Астана болуы үшін аталған өлшемдердің аса маңызды екендігін дәлелде.

**Үлгі:**

1. Өлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер – астана болатын жердің өнеркәсіп орындары, білім алу ошактары, денсаулық сақтау орындарының өсуі мен дамуына қолайлы болуы аса маңызы.

 10. nis.edu.kz сайтындағы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы» кітабы бойынша елордамыздың өсуі мен дамуы туралы деректерді оқып, мега-құрылымы жобаларының бірі туралы тезис дайында. Дереккөзге, авторына сілтеме жасап, еңбектің қай бетінен алғанынды көрсет.

 11. «Үздік жарнама» ойыны. «Астанамызды асқақтатудың жобасы» тақырыбында жарнама дайындаңдар. Онда қалада салынатын мега-құрылымы, мега-білім ордасы, кәсіпорын-ендерің орындары және т.б. нысандар туралы айтындар.

**Жарнама дайындауға қойылатын талаптар:**

- маңсатын анықтау;
- ерекше идеяга құрылуы;
- оқырман көңілін аударатын қызықты детальдардың болуы;
- тақырыптың дүркіс жеткізілуі;
- мәтіннің белгілі бір стильде сауатты жазылуы;
- дүркіс безендірілуі.



12. «Қар кесегі» әдісі бойынша шеңбер құрып, бүгінгі тақырыпты қорытындылаңдар.

### 3–4-сабак

### ЭКСПО КӨРМЕСІ



1. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) ЭКСПО деген не? Ойынды айт.
- 2) Елордамызда өткен ЭКСПО-ға бардың ба?
- 3) Қандай әсер алдың? Көрмеде сені таңғалдырган нәрсе болды ма?



2. Мәтінді тыңдаپ, сұрақтарға жауап бер.

- 1) Мәтіннен қандай ақпарат алдың?
- 2) ЭКСПО көрмесі мен жай көрмелердің (мысалы, ауылшаруашылығы енімдерінің көрмесі) айырмашылығын айт.
- 3) «ЭКСПО жаһандық дамудың жаңа күн тәртібін қалыптастырады» деген оймен келісесің бе?



3. «Ассоциограмма» әдісі. Қазақстан, ЭКСПО, көрме дегенде қандай сөздер ойга оралады? Сипаттап айт.

### Тілдік бағдар

#### Салалас құрмалас сөйлем

Құрамындағы жай сөйлемдерінің баяндауыштары тиянақты болып, бір-біріне бағынбай, өзара тең дәрежеде байланысатын құрмаластың түрін **салалас құрмалас сөйлем** дейміз. Мысалы: *Қазақстан ЭКСПО көрмесін өткізді, шетелден келген қонақтар қздік технология үлгілерімен танысты.*

**Салаластың құрамындағы жай сөйлемдер екі түрлі жолмен байланысады:**

Мағыналарының жақындығына қарай іргелес тұрып, интонация арқылы байланысады.

Мысалы: *Тәуелсіздік алғалы көп нәрсеге қол жеткіздік, тіліміз де, дәстүріміз де қайта оралды.*

Салаластың құрамындағы жай сөйлемдер өзара жалғаулық шылаулар арқылы байланысады:

Мысалы: *Бас қаламызда өткен көрмеге барым келген еді, бірақ оған мүмкіндік болмады.*



4. Мәтінді оқып, салалас құрмалас сөйлемдерді тап.

ЭКСПО көрмесі – жаһандық ауқымдағы шара. Оны маңыздылығы жағынан ірі экономикалық форумдармен, туристік тартымдылығы бойынша әлемдегі ірі танымал

спортың ойындармен салыстыруға болады. ЭКСПО көрмесі біздің елімізге ірі инвестиция тартуға мүмкіндік тузызады, көрмені өткізу арқылы Қазақстан «Жасыл экономиканы» дамытуға тікелей септігін тигізетін жаңа технология мен инновация алады.

Әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттері ғылымдағы өзінің соңғы жаңалықтарын ұсынатын бұл халықаралық көрмені өткізу идеясы неден туыннады? Жасыратыны жоқ, бүгінде елімізде баламалы көздерден қуат алу мәселесі әлі де болса шешілмеген, ал әлем дамудың жаңа, экологиялық түрғыдан қауіпсіз жолдарын қажетсінеді. Міне, сондықтан Қазақстан «Жасыл экономикаға» бет бүрді. ЭКСПО-ны өткізуден осындағы мәселелер шешімін табуда. Шындығында, еліміздің географиялық орналасу жағдайын, жел және күн энергиясын пайдалану мүмкіндігін, сондай-ақ мұнай және газ ресурстарының энергетикалық әлеуетін ескерсек, бұл қажеттіліктің орнын толтыруға тамаша мүмкіндік туады. Қазақстанның сағатына 1 трлн кв энергия өндіруге мүмкіндікі бар.

«Болашақтың энергиясына» көшуге мұдделілік идеясын елдің өзі көрсете білуі тиіс. Үкімет біздің елімізде бұл бағыттың тиісті деңгейде дамуы мәселелерімен жұмыс істеуі керек. Алдағы бес жыл ішінде Қазақстан таза энергия түрлерінің өзірлемелері мен енгізілуі саласында инновациялық серпіліс жасауы қажет. Сондықтан болашақ энергиясын дамытудың кешенді жоспары барлық өңірді, үлттық холдингтерді, зерттеу институттары мен әлеуетті отандық және шетелдік инвесторларды қамтыды.

«Ақ жол» газетінен

### Есіце сақта!

Аннотацияда (лат. *annotation* – «ескертпе») кітап, қолжазба, монография, мақала және т.б. басылымдардың қысқаша мазмұны, ерекшеліктері сипатталады. Сонымен қатар автордың аталған басылымды және т.б. жазудағы мақсаты айтылып, шыққан жері мен уақыты көрсетіледі.

 5. Мәтіндегі тірек сөздерді анықтап, аннотация жаз.

**Аннотация жазуға қойылатын талаптар:**

- мазмұнды қысқаша баяндау;
- көпшілікке арналып, түсінікті жазылу;
- мәтінде айтылған ақпараттың ерекшелігін айтуду;
- автордың осы басылымды жазудагы басты мақсатын айқындау;
- аннотация жазылып отырган мәтінге бага беру.

 6. Берілген жай сөйлемдерді салалас құрмалас сөйлемдерге айналдырып жаз.

Қазақстанның астанасы Алатау баурайынан Сарыарқага қоныс аударды. Тарихи қысқа мерзім ішінде елордамызы Отанымыздың жүргегіне айналды. Бұғанде оны бүкіл дүниежүзі біледі.

Астанамыз қазір алып құрылыш аймағына айналған. Мұнда жүздеген құрылыш-монтаж көсіпорындары мен үйимдар жұмыс істейді.

Есіл бойы – қазақтың ежелгі мекені. Абылай хан ақ ордасын тіккен, батырларымыз ат ойнатқан қазақтың кіндік қаласы жасай берсін!

Еңсөң биіктей берсін, шаңырағың кеңе耶 берсін, Елорда!

*«Алтын орда» газетінен*



7. Ақын Қ. Сариннің өлеziнде қанша құрмалас сөйлем бар екенін анықта.

Еркіндігім.

Қасиеттім.

Қастерлім.

Өзің барда өзегімде жоқ шер-мұң!

Кеше сениң келбетінді арман тып,

Боданына бұғауландық басқа елдің.

Бабалардың басын тігіп бәйгеге,

Аналардың жанарына жас бердің!

Уа, Еркіндік,

Қош келдің!

Өзегімді өртке ораган қоғамда,

Оз үйіме өзім өгей болам ба?!

Алшаң басып жүре алмаса алты алаш  
 Азаттығым! Қадірің де жоқ онда!  
 ...Саған жету қызын болса қашшалық,  
 Сақтап тұру қызынырақ одан да!  
 Алла берген азаттықтың әр сөті –  
 Аманат қой  
 Маган,  
 Саған,  
 Оған да!



#### 8. Салалас құрмалас сөйлемдерді тауып, жасалу жолдарын түсіндір.

Көрме аяқталған соң, көптің көкейінде «ЭКСПО елімізге не берді?» деген сауал туындағы. Сарапшылар ЭКСПО-ның Қазақстан экономикасын дамытуға мультиплективтік тұрғыдан оң өсер еткенін айтты. Туристік сектор жандана түсті және туроператорлардың қызметіне деген сұраныс 1,8 есе артты. Қесіпкерлік субъектілерінің саны 10%-тен аса көбейді де, елорда бюджетіне қызмет көрсету саласынан түскен салық 1,2 есе өсті. Қазақстанның астанасы бүкіл әлемнің назарын өзіне аударды, «Болашақтың энергиясы» аясында озық идеялар мен технологиялардың дамуына түрткі болды.

*«Түркістан» газетінен*



#### 9. 4-тапсырмадағы мәтінді қайта оқып, жазбаша (3–4 сөйлем) қорытынды дайында. Онда салалас құрмалас сөйлемдер болсын.

*Мысалы:* ЭКСПО – әлемдік деңгейдегі жаһандық шара әрі шексіз мүмкіндіктерге толы. «Болашақтың энергиясына» кешуге мүдделілік идеясын елдің өзі көрсете білуі тиіс, ол үшін үкімет біздің елімізде бұл бағыттың тиісті деңгейде дамуы мәселелерімен жұмыс істеуі керек.




#### 10. ЭКСПО тақырыбына бес жолды өлең құра.



#### 11. Берілген сұрактарға дұрыс жауап беріп, сөзжұмбақты шеш.

1) Азат елдің аспаны ...

2) Адам алаң үшін емес, төуелсіздік үшін ...



- 3) Тәуелдінің соры қалың, ... бағы басым.
- 4) Тәуелсіз елдің ұлы – өjet, қызы – ..., халқы – қаһарман.
- 5) Азат елін сүйген үл бақытты,  
Жаңа жұртын сүйген қыз ...
- 6) Өзге елдің ... болғанша, өз елінің ұлтаны бол!
- 7) ... білмей, болашақты бағдарлау мүмкін емес.
- 8) Тәуелсіздік туы – ... .
- 9) ... да, қараның да рухани өзегі – тәуелсіздік.



12. ЭКСПО-ның мақсаты қандай? Бізге берер пайдасы бар ма?  
Сұрақтарға жауап бере отырып, ойды әрі қарай өрбіт.

Үлгі:

Менің ойымша, ЭКСПО үлкен мүмкіндіктер алып келеді.  
Әлемдік көрменің мақсаты – ...



13. «Телеграмма» әдісі арқылы бүгінгі сабакта түсінгеніңді жазып, парталасыца бер. Сонынан оған арнап тілек не өлең шумақтарын жаз.

5–6-сабак

СТУДЕНТТИК УНИВЕРСИАДА



1. «Өрмекші жіп» әдісі арқылы сұрақтарға жауап бер.

1) Тәуелсіз Қазақстанның қандай жетістіктері бар?

2) Еліміз тәуелсіздігін алғалы қандай ірі жобалар болды?



2. Суреттерге қараپ, 3–4 құрмалас сөйлем құра. Универсиада түмары (талисман) туралы айтып бер.



**Almaty 2017**  
28<sup>TH</sup> WINTER UNIVERSIADE




## Тілдік бағдар

### Сабактас құрмалас сөйлем

Сабактас құрмалас сөйлем деп құрамындағы жай сөйлемдерінің алғашқысы тиянақсыз болып, екінші сөйлемге бағына байланысатын құрмалас сөйлемнің түрін айтамыз. Мысалы: *Жоғары оқу орындарының студенттері университеттеге қатысып, жас спортшылар елімізді әлемге танытты.*

### Сабактас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары



3. Мәтінді тыңдалап, құрмалас сөйлемдерді тап. Оларды салалас жөне сабактас сөйлемдерге жіктең, жасалу жолдарын түсіндір.

Универсиада – дүниежүзілік студенттік спорт ойындары, ол – Халықаралық студенттер спорты федерациясының (FISU) үйымдастыруымен студенттер арасында өтетін жарыс. Оған әлемнің әр еліндегі жоғары оқу орындарында оқитын

17 мен 28 жас аралығындағы студенттер, магистранттар мен докторанттар қатысады. Универсиада Олимпиада ойындарынан кейінгі екінші ірі халықаралық жарыс болып саналады. Оның іргетасы 1959 жылы Италияның Турин қаласында өткен жазғы Универсиада негізінде қаланды, ал 1960 жылы Францияның Шамони қаласында түңгыш рет қысқы ойындар өткізілді.

Жалпы студенттік ойындардың тарихы АҚШ-та бірінші мәрте студенттер арасында халықаралық жарыстар өткізілген 1905 жылдан басталады. 1919 жылы Жан Птижан есімді студенттер өмірінің жетекшісі алғаш рет Студенттер конфедерациясын құрды. 1923 жылы Париже осы үйымның шеңберінде Дүниежүзілік студенттер ойындары өткізілді. Ал бір жылдан кейін «Халықаралық студенттер конфедерациясы» атты жаңа құрылым пайда болды. Осы жылы Варшавада жеңіл атлетикадан студенттер арасында бірінші әлем чемпионаты үйымдастырылып, 1927 жылы Римде өткен екінші әлем чемпионатының бағдарламасына жеңіл атлетикадан бөлек футбол, теннис, суда жүзу және семсерлесу қосылды.

Еліміздің студенттері тәуелсіз мемлекеттің өкілдері ретінде бұл жарыстарға 1993 жылдан бері қатысып келеді. Сол жылы елімізде Студенттер спорты федерациясы құрылып, біздің спортшыларымыз халықаралық аренада жарыс жолына шықты. Ол поляктың Закопане қаласында өтті. Осы қысқы Универсиадада Қазақстан хоккейшілері финалға дейін барды. Сейтіп олар өздерінің бірінші жарысында ақ күміс медальдің иегерлері атанды. Біздің жасақ жолай кездескен қарсыластарының бөрін жеңіп, ақтық сында Канада құрамасымен бақ сындасты.

*C. Пірназар*

 4. Мәтін бойынша Универсиада тақырыбын түйіндеп, аннотация дайында.

 5. Төменде құрмалас сөйлемдердің алғашқы сыңары берілген. Мәтіннен екінші сыңарын тауып жазып, сөйлемдердің қалай байланысқаны анықта.

1) Универсиада – дүниежүзілік студенттік спорт ойындары, ...

2) Оның іргетасы 1959 жылы Италияның Турин қаласында еткен жазғы Универсиада негізінде қаланды, ...

3) Сол жылы елімізде Студенттер спорты федерациясы құрылып, ...

4) Біздің жасақ жолай кездескен қарсыластарының бәрін жеңіп, ...

 6. Ақпараттардың дүрыс не бұрыс екенін анықта.

Сейлем	✓	X
Универсиада – дүниежүзілік зейнеткерлер ойыны.		
Универсиадага әлемнің әр еліндегі жоғары оқу орындарында оқитын 17 мен 28 жас аралығындағы студенттер қатыса алады.		
АҚШ-та 1908 жылдың бірінші мартте студенттер арасында халықаралық жарыстар өткізілген.		
Қазақстан универсиадага 2000 жылдан бері қатысып келеді.		

 7. Кестеде берілген әріптерден мәтінге қатысты тірек сөздерді тауып жаз.

У	А	F	А	О	Л	А
Н	И	В	Е	Р	С	И
Қ	С	А	И	Е	И	А
В	Т	У	З	С	А	Д
С	П	Д	Е	Н	Т	А
С	О	О	А	С	Р	Р
Т	Р	Й	Ы	Н	Д	А

 8. Сабақтас құрмалас сейлемдерді тауып, жасалу жолдарын түсіндір.

Универсиада – кешенді спорт сайыстарының ішінде Олимпиададан кейін екінші орында тұратын, жастарды спортын айналысуға жұмылдыратын үлкен шара. 2017 жылғы Универсиадада қатысушы елдер саны бойынша рекорд қойылып, сайыстарға 1600-ден артық студент қатысқан. Сонымен қатар бұрын Универсиадада 70 медаль берілсе, бұл

ретте 85 жүлде сарапқа салынды, яғни спорт түрлері де көбейді деген сөз. Студенттік олимпиаданың өтуі Алматы қаласының инфрақұрылымын дамытуға атсалысып, универсиада тарихында түңғыш рет атлеттер қалашығы салынды. Халықаралық студенттер спорты федерациясының өкілдері универсиаданың өтуіне жоғары баға берсе, шетелден келген қонақтар халықтың ықыласына риза болып кетті.

-  9. Баспасөз беттерінен универсиада тақырыбына қатысты мақала таңдаң, мазмұнын түйіндеп тезис жаз.

#### Тезис дайындауға қойылатын талаптар:

- мәтіннің негізгі идеясын жеткізуі;
- маңызды ойлардың түргел қамтылуы.



10. «Қар кесегі» әдісі бойынша шеңбер құрып, бүгінгі тақырыпты қорытындыландар.

## 7-сабак

## НӨТИЖЕ САБАҚ



1. Мәтінді оқып, кіріспе және қорытынды бөлімін жаз. Құрмалас сөйлемдерді тауып, түрлеріне қарай бөл.

Білім беру жүйесі ел өмірінде шешуші рөл атқарады. Сонымен бірге мемлекет даму барысында өзінің ең маңызды міндеті – жекетүлғаның қогам мен мемлекеттің көкейкесті және кеңерісті талантарына сәйкес келетін, әрбір азаматтың толыққанды сапалы білім алудына тең мүмкіндікті қамтамасыз етуі керек.

Білім беру ісі кез келген жағдайға бейімделгіш және жаңа идеяларды қабылдауға қабілетті, өзіне де, жақындарында қамқорлық жасай алатын, бәсекеге қабілетті және үнемі жетіліп отыратын адамды тәрбиелеуге септігін тигізуі қажет.

Бәсекеге қабілетті болу деген нені білдіреді? Жекетүлғаның бәсекеге қабілеттілігі – бұл үнемі құбылып отыратын бүгінгі мен белгісіз ертеғе дайын болуға көмектесетін өмірлік машиқтардың шоғырлануы. Басқаша айтқанда, жас қазақстандықтар бүгін, жаһанданған әлемде, тек лайықты

өмір сүрге көмектесетін ғана емес, сонымен бірге бүгінгі күннің өмір шындықтарына белсенді ықпал ете алатындей, оларды жақсы жағына қарай өзгертетін машиның мен біліктілікке ие болулары керек. Бізге еркін жол таба білетіндер керек.

*Н. Ә. Назарбаев. «Қазақстан жолы»*



2. «Армандауши. Жұзеге асыруши. Сыншы» шығармашылық ойны. Болашақта Қазақстанда өтетін ЭКСПО-ға инновациялық ғылыми жаңалықтарды ойлаң табындар. Берілген сұрақтар төңірегінде өз ойларынды жинақтап айттындар.

Қатысушылар	Сұрақтары	Жауаптары
Армандауши	1. 2027 жылы Қазақстанда өтетін ЭКСПО-да қандай ғылыми жаңалықтарды таныстырамыз? 2. Еліміз одан не үтады?	1. Мақсаты ...  2. Біз ... үтамыз, қол жеткіземіз.
Жұзеге асыруши	1. Бұны қашан және қалай жұзеге асырамыз? 2. Мақсатқа жеткенімізді қалай білеміз?	1. Мақсатқа ... уақыттан кейін ... жетеміз.  2. ... мақсатқа жеткенимізді түсінеміз.
Сыншы	1. Бұл жаңа идея кімдерге қатысты және оны кімдер жасайды немесе кімдер тиімділігін жоққа шыгарады? 2. Бұл идеяның қандай тиімді жақтары бар? 3. Бұл жаңалыққа, идеяга кімдер қарсы шығуы мүмкін?	1. Бұл идеяға қатысы бар адамдар: ...  2. Идеяның мынадай тиімді түстары бар: ... 3. Егер ... біреулер қарсы шығуы мүмкін.



3. Төмендегі сөйлемдердің қайсысы жай сейлем, қайсысы құрмалас сейлем екенін ажыратып жаз.

Бостандыққа аппаратын жалғыз жол – үлттық ынтымақ қана (Ә. Бекейханов). Қазақ деген ел – бостандық-азаттық сүйеттін, даланы, таза ауаны, таза суды, таза көгал-

ды сүйетін халық (*F. Мұсірепов*). Өз қадірін білмеген – ер қадірін білмейді, ер қадірін білмеген – ел қадірін білмейді (*Б. Момышұлы*). Халықтың кемеліне келіп өркендер өсүі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет (*Ш. Уәлиханов*).

 4. Төменде берілген проблемалық сұрақтарға жауап ретінде өз ойыңды жүйелеп, құрмалас сейлем түрлерін қолдана отырып мәтін құра. Мәтіннің мазмұнына сай кіріспе және қорытынды болімдерін жаз.

- 1) Сен үшін бәсекеге қабілетті болу деген не?
- 2) Бәсекелестік пен бақталастықтың айырмашылығы қандай?
- 3) Өзінді жетілдіру үшін оқылым мәтініндегі қандай идеяларды үстанар едің?
- 4) Сен бәсекеге қабілетті болу үшін не істедің және болашақта не істейсің?
- 5) Сыныптарыңда шынайы бәсекелестік бар ма? Ол қалай көрініс табады?
- 6) «Бәсекеге қабілетті болу – өмірде жетістікке жетудің кілті» деген пікірмен келісесің бе?




5. nis.edu.kz сайтындағы «Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның жетістіктері» айдарымен берілген бейнежазбалардың бірін көр. Негізгі ойды сақтап, көркемдегіш қуралдарды қолдана отырып мәтін құра.

**Даналықтан дән ізде!**

Тәубенің зоры – Тәуелсіздік.

## 4-БӨЛІМ

### АДАМ ҚҰҚЫФЫ МЕН БОСТАНДЫФЫ



*Бұл болімде:*

- мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға болжаммен жауап беруге;
- мәтіндегі айтылған ойга өз көзқарасыңды білдіріп, сынни түргыдан баға беруге;
- мәтін стилін анықтауга;
- салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажыратып, сөйлем құрауга дагдыланасын.

## 1–2-сабак

АДАМ ҚҰҚЫФЫ МЕН БОСТАНДЫФЫ –  
МЕМЛЕКЕТТИҚ НЕГІЗГІ ТІРЕГІ

1. Сұрақтарды қолданып, диалог құрындар.

- 1) Адам құқығы дегенді қалай түсінесің?
- 2) Бостандық ұғымы нені білдіреді?
- 3) Құқық және бостандық ұғымдарының арасында қандай байланыс бар?
- 4) Олардың адам өміріндегі маңызы қандай?
- 5) «Адам құқықтары жалпыға ортақ» деген ойға өз пікірінді білдір.



2. Мәтінді тыңдалап, сұрақтарга жауап бер.

- 1) «Адам құқықтары – оның өз мүдделерін заң шенберінде жүзеге асыру мүмкіндігі» дегенді қалай түсінесің? Өз көзқарасынды білдір.
- 2) Адам құқықтарының қандай түрлері бар?
- 3) Адам құқықтарының қағидалары қандай құжатта қарастырылған?



3. Мәтіндегі тірек сөздерді теріп жаз. Мәтін стилін анықтап, мазмұнына сүйене отырып, кластер құр.



4. Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақ құрастырып, парталасың, мен сұхбаттас.

## Тілдік бағдар

## Салалас құрмалас сөйлемнің түрлері

Салалас сейлемге енген жай сейлемдердің бір-бірімен мағыналық қарым-қатынасы әртүрлі болады. Осы ішкі мағыналық байланысына қарай салалас құрмалас сейлем алты түрге бөлінеді. Олар: *ыңғайлас салалас, себеп-салдар салалас, қарсылықты салалас, түсіндірмелі салалас, кезектес салалас* және *талғаулы салалас*.

Салаласқа енген жай сөйлемдер жалғаулықтар арқылы құрмаласады.

Салалас құрмаласқа енген жай сөйлемдердің арасы жалғаулықсыз да байланысады. Мысалы: *Бір күні кешке жақын терезе алдында ойга шомып отыр едім, қақпа алдында бір шана келіп тұра қалды* (Д. Исабеков). Бұл салалас құрамында екі жай сөйлем бар. Екі сөйлемнің арасы жалғаулық арқылы емес, дауыс ыргагы (интонация) арқылы іргелесіп байланысқан. Бірінші сөйлемнен кейін дауыс аздалаң бәсендейді де, оған іле-шала екінші сөйлем айтылады, сондықтан бірінші сөйлем айтылғаннан кейін ой тиянақталмай, екінші сөйлемнің бар екендігі сезіліп түр.

Арасы жалғаулықпен емес, дауыс ыргагымен іргелесе байланысқан бірнеше жай сөйлемнің тіркесін **жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлем** дейді.

 5. Жалғаулықты және жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлемдерді дауыс ыргагымен оқы.

Ол бұрылған сөтте расында да құпейкесінің арқалығындағы қатар жапсырылған бірі ала, бірі көк екі жамау жарқете қалған, бірақ бұған сыныптағы балалардың ешқайсысы батылы жетіп күле алған жоқ (Т. Нұрмаганбетов). Осымен сөз бітті, Алшынбай біраз отырып үйіне қайтты (М. Әуезов). Жүрөгім ешқашан жаудан таймаған, осы жолы бойым тікісініп түр (М. Магауин).

## Тілдік бағдар

### Ыңғайлас салалас

Құрамындағы жай сөйлемдерінің бірінде айтылған ойға екіншісінде айтылған ойдың мезгілдес, бағыттас, ыңғайлас мәнде қарым-қатынаста болуы ыңғайлас салалас деп аталады. Ыңғайлас салаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен жалғаулық шылаулар арқылы да, жалғаулық шылаусыз, іргелес турып та байланыса береді.

Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем *және, әрі, да, де, та, те* жалғаулықтары арқылы жасалады. Мысалы: *Ногайбек-ті күзетуге Бәйкен мені қалдырды да, жаныма тағы екі*

жігіт қосты (Б. Тогысбаев). Төргі жақта екі жүккаяқ, екі сандық, үстіне төбеге жеткенше көрпө-жастық жиналыпты және шаң баспасын деп сарғыш бәтес жабылыпты (Д. Исабеков).



6. *Әрі, және, да, де, та, те* жалғаулықтарын қолданып, ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем кұра.

7. Суреттер бойынша адам құқығы жөнінде шарын мәтін құра. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемнің жалғаулықтарын қолдан.



8. Мәтінді оқы. Негізгі ойды анықтап, жоспар құр. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерді тап.

Біздің елімізде тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап-ақ азаматтардың құқығы мен бостандығының сақталуына жете маңыз беріліп келеді. Конституциямыздың 1-бабында адам құқықтарын сақтау нормасы бекітілді де, 30-бал түгелдей азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен мұдделеріне арналды. Бұл демократиялық ашық қоғамда өмірдегі барлық

құндылықтардың ішінде адам құқығы мен бостандығы ғана ең маңызды болып саналатындығын білдіреді. Демек, адам құқығы мен бостандығын сақтау тетіктерін іске асыруға, олардың орындалуына кепілдік беруді күшейтуге ерекше назар аударылады. Ал бұл мәселелердің шын мәнінде қалай жүзеге асып жатқандығын Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия жұмысынан байқауға болады. Ол – еліміздегі адам құқықтары жөніндегі алғашқы мамандандырылған үлттық мекеме.

1994 жылы 12 ақпанды Елбасы Адам құқықтары жөніндегі республикалық комиссияны құру туралы Жарлыққа қол қойды. Осы кезден бастап, Адам құқықтары жөніндегі комиссияның жаңа ережесі бекітілді және жұмыс істейтін болды. Бұл осы мекеменің мәртебесінің маңыздылығын көрсетеді.

*«Баршага арналған адам құқығы» кітабынан*

 9. Мәтіндегі адам құқығына қатысты термин сөздерді тауып жазып, мағынасын анықта. Оларға сүйеніп, түсінгенінді айт.

 10. Ойлан, жүптас, талқыла! «Адам құқығы – адамзаттың басты игілігі» деген тақырыпта ой белсіндер.

#### Ойбеліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- берілген уақыттан асырмай;
- сөз әдебін сақтай;
- тіл саяттылығы;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

 11. Мақал – сөздің мәйегі. Мақалдарды толықтырып жаз. Оларды қолданып, қоғамдағы әділеттік жөнінде пікірінді айт. Мақалдарды қатыстыра отырып, ыңғайлас салалас құрмалас сейлем құра.

- 1) Заңның құрығы ...
- 2) Үрлық түбі – ...
- 3) Тәрбие басы – ...
- 4) Әділ істің ...
- 5) Біреуге ор қазба, ...
- 6) Қолыңмен істегенді ...
- 7) Заңды сыйлаған ... .

*Керекті сөздер мен сөз тіркестері:* тал бесік, қорлық, арты игі, өзің түсесің, мойныңмен көтер, еркін жүреді, бәрінен ұзын.

 **12. Сәйкесін тап!** Сөйлемдерді мағыналық байланысына қарай сәйкестендір. Жай сөйлемдерді ыңгайлас салалас сөйлем түріне айналдырып жаз.

1.	Әрбір мемлекет өзінің Ата заңында азаматтарының құқығы мен міндеттерін анық көрсеткен	A	ол сол заңды бұзғаны үшін тиісті жазасын алады.
2.	Жеке адам белгілі бір қоғамның азаматы болғандықтан, ол сол мемлекеттің заңына бағынады	Ә	ел болашағына зиянын тигізеді.
3.	Егер де адам рухани бостандықта болса, ол еркін адам ретінде өзінің бостандығын пайдаланады	Б	оның мемлекетпен өзара байланысын анықтайды.
4.	Құқықтың білім беру арқылы жасөспірім құқықты ұрынады	В	оның санасы қалыптасып, дамиды.
5.	Кез келген қылмыс үлттық тұтастығымызға қауіп төндіреді	Г	ізгілікті іс істеу арқылы бойындағы адамгершілік қасиетін көрсетеді.
6.	Құқық пен бостандық көп жағдайда адамның қоғамдағы орнын айқындейды	F	ол заңдар халықаралық адам құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі декларацияларға қайшы келмеуі керек.

### Білгенің дұрыс!

Біздің елімізде адам құқықтары Ата заңымыз – Қазақстан Республикасының Конституциясында көрініс тапқан. Ол 9 белім, 98 баптан тұрады. Оның екінші белімінің 30-бабы түгелімен құқыққа арналған.

**Даналық ойдан дән ізде!**

-  13. Тұлғалардың құқық және бостандық туралы айтқан пікірлері мен ыңғайлар салалас құрмалас сөйлемдерді қатыстыра отырып, эссе жаз. Эсседе көркемдегіш құралдарды пайдалан.
- Балам бол, басқа бол, бәріне – заң біреу (*Ж. Баласагын*).
  - Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды (*Б. Момышұлы*).
  - Заңға, тәртіпке, реттілікке, түрмис нормаларына бағына біл (*В. А. Сухомлинский*).
  - Заң адамды бағындырады, заңды ақыл бағындырады (*Т. Фуллер*).
  - Өз құқығында қорғап қалуын үшін жеткілікті күш болу лазым (*M. Шоқай*).



-  14. «Шығу парагын» пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

- 1) Бүгінгі сабак тақырыбы бойынша не үйренді?
- 2) Сен үшін тақырыптардың құнды жақтары қандай болды?
- 3) Өзіңнің және сыныптастарыңың топ ішіндегі белсенелілігіне көнілің тола ма?
- 4) Осы тақырып бойынша тағы не білгің келеді?

**3–4-сабақ****АДАМ ҚҰҚЫФЫ – МЕМЛЕКЕТТИҚ БАСТАЙ ҚУАТЫ**

-  1. Сұрақтарға жауап бер.
- 1) Адам өз құқығын қорғауды үшін нені білуі керек?
  - 2) Адам құқығы мен бостандығы туралы қандай мемлекеттік құжаттарда айтылған?
  - 3) Адамның құқығы мен бостандығына не кепілдік береді деп ойлайсың?
  - 4) Сен өз құқығында қорғай білесің бе?
-  2. Мәтінді тыңдал, негізгі ойды анықта.



3. Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.
- 1) Мәтінге қандай тақырып қояр едің?
  - 2) Адам құқығына төн қандай белгілер бар?
  - 3) Мемлекет адам құқығын сақтау үшін қандай міндеттерді орындауды тиіс?



4. «Төрт сейлем». Мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірінді айт. Пікірінді салалас құрмалас сейлем түрінде жеткіз.

**Бірінші сейлем.** «Мениң ойымша ...»

**Екінші сейлем.** «Себебі, мен оны ... деп түсіндіремін».

**Үшінші сейлем.** «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

**Төртінші сейлем.** «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».


### Тілдік бағдар

#### Қарсылықты салалас

Бір-біріне қарсы мағынада салаласып құрмаласқан жай сейлемдер қарсылықты салалас құрмалас сейлем деп аталағы. Ол *бірақ, дегенмен, сонда да, сөйтсе де, сөйткенмен, әйтсе де, әйткенмен, алайда жалғаулықтары арқылы байланысады*. Бұл жалғаулықтардың алдынан үтір қойылады.

Қарсылықты салаласқа енген жай сейлемдердің біреуі өрқашан істің болымдылығын, екіншісі сол істің болымсыз жағын білдіреді.

Мысалы: *Сырт пішіні момын сияқтанаады, бірақ іши-не ылғи жетімсіреген жалғыздықпен бірге, дүниеге сенімсіздік, ешкімге жуымайтын жатбауырлық нығайып орнай бастады* (М. Әуезов). *Мина, снарядтар да жарылып жатыр, сонда да бар күшімізді салып, ілгері жылжыдық* (М. Габдуллин). *Осыдан бастап Қабылан табалдырықтан бері аттап үйге кірмейтін болды, әйтсе де өз иесінің өзіне мұлде түсініксіз жат қылышқа көрсеткені оны бірнеше күн бойы таңдандырып жүрді* (Д. Исабеков).



**||| 5. Мәтінді оқып, қарсылықты салалас құрмалас сейлемді тап.**

Адамзат адам құқығы мәселесі төңірегінде ерте кезден-ақ толғанып келеді. Егер де қоғамда күш, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа шектеу қойылмаса, ол өмір сүре алмайды. Әлемнің барлық діндері мен философиялық ілімдерінде адам құқығы мәселесі қозғалады, дегенмен әрбір адам өз ерекшеліктерін ескере отырып, бұл мәселеге түрлі жолдармен келеді.

Адам құқығының тұжырымдамасын жасаудың негізгі идеясы тенденциялық пін еркіндік ұстанымдарына негізделген адамзат құндылықтарын түсінуден тұрады. Нәсілдік, тұс, жыныстық, тілдік, дін, саяси және басқа да пікір, үлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, мұліктік жағдай, туған жері немесе тары да басқа ұстанымдары бойынша айырмашылықтар болуы тиіс емес. Басты құндылық – адамның ар-намысы. Демократиялық қоғамда барлық адам тең және өз мүдделерін қорғау құқығына ие. Адам құқығы бұзылған кезде ол өзінің ар-намысын көрсетеп, құқық бұзушылықты тоқтатуды талап етеді.

*«Баршага арналған адам құқығы» кітабынан*

**✓ 6. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауларының бірінен адам құқығына қатысты айтқан ойын тауып жаз. Мағынасын өз сөзіңмен түсіндір.**

 7. «Адам құқығы – мемлекеттің қуатты бөлігі» деген тақырып аясында өз пікірінді тұжырымдан жаз. Пікірінде қарсылықты салалас құрмалас сөйлемдерді қолдан.

 8. *Бірақ, дегенмен, зйтсе де, алайда жалғаулықтарын қолданып, қарсылықты салалас құрмалас сөйлем құра.*

 9. «Адам құқығы – басты құндылық» тақырыбында пікір-алмасу өткізіндер.

**Пікіралмасуға қойылатын талаптар:**

- тақырыптан ауытқымау;
- дерек пен дәлелдерді ұтымды пайдалану;
- көркемдегіш құралдарды орынды қолдану;
- әдеби тіл нормаларын сақтау;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі түрде жеткізу.

 10. Мәтінді оқып, мазмұны бойынша салалас құрмалас сөйлем түрінде 3 сұрақ жаз.

1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Конституция жекетүлғаның құқықтық мәртебесін реттеуде ірі қадамдардың бірі болды. Қазақстан Республикасының Конституциясы ең жогары құндылық ретінде адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп бекітті. Бұл қағида – демократиялық мемлекеттің қызметі мен оның халықаралық-құқықтық міндеті. Конституцияда бекітілген жекетүлғаның құқығы оны жүзеге асыру мен қорғаудың тиімді тетігін құруды болжайды.

Жалпы адам құқығын қорғап, бостандығын ардақтау, азаматтардың лайықты өмір сүріп, бай тұрмыс кешуіне ахуал қалыптастыру – әлемдік қауымдастық көшін ұластырган Қазақстанның алдына қойған асыл мұраты.

 11. «Дербес пікір». Сабак тақырыбына қатысты пікірінді салалас құрмалас сөйлем түрінде жаз.

- 1) Өзіндік пікір (идея) – бір сөйлем.
- 2) Дәлел – екі сөйлем.
- 3) Өз пікірін дәлелдейтін мысал – екі сөйлем.
- 4) Өз пікіріне қарсы пікір – бір сөйлем.
- 5) Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – екі сөйлем.
- 6) Қорытынды – екі сөйлем.

 12. Мына жай сөйлемдерді бірақ, әйтсе де, сонда да, дегенмен жалғаулықтары арқылы қарсылықты салалас құрмалас сөйлем түріне айналдырып, көшіріп жаз. Тыныс белгілерін дұрыс қой.

Айжан өз құқығын жете біліп түрді (... ) дәлелдей алмады. Үйдің кілтін екеуі қосылып іздеді (... ) таба алмады. Талғат осы жасқа дейін көп қыншылық көрді (... ) ол мойымады. Азат ештеңе білдіргісі келмеді (... ) анасы әлденені сезгендей болды. Тәуелсіздікке қол жеткізу қын (... ) оны сақтап қалу одан да қын.

 13. «Аквариум». Фаламтордан адам құқықтары мен бостандықтары туралы ақпарат жинап, сыйнып алдында диалог құрындар. Сыйнып ең үздік диалогті анықтасын.

 14. Төмендегі анықтамаларға назар аудар. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді толықтырып жаз.

1) Саяси құқықтар – елдің ... және саяси өміріне қатысу.  
2) Әлеуметтік құқықтар – мемлекеттен белгілі бір жағдай-  
ға байланысты ... игіліктер алу.

3) Мәдени құқықтар – адамның Конституция немесе  
Заңмен белгіленген мәдени және ... түрғыдағы құқығы мен  
бостандығы.

*Керекti сөздер:* тылыми, қоғамдық, материалдық.



 15. «Шығу парагын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

- 1) Бүгін не үйрендің?
- 2) Сен үшін қай тапсырма қызықты болды?
- 3) Сабак бойынша қандай сұрақтарың бар?
- 4) Келесі сабакта нені басты назарда үстау керек?

## 5–6-сабак

## БАЛА – БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ




1. Сұрақтарға жауап берे отырып, көпшіліктің алдында сөйлейтін монолог дайында.

- 1) «Отбасы – шағын мемлекет» дегенді қалай түсінесің?
- 2) Отбасындағы баланың міндепті мен құқығы қандай?
- 3) Отбасындағы бала құқығының сақталуына кімдер жаупты?
- 4) Бала құқығы қанша жасқа дейін сақталуы керек?



2. Суретке қарап, шағын әңгіме құрап айт. Басты кейіпкерге ат қой. Оның өмір салты жөнінде баянда.



3. Мәтінді оқып, тезис жаз.

Қазіргі таңда адамның шыр етіп жерге түскен минутынан бастап, оның өмірін, денсаулығын, тыныштығын

қорғап отыратын заң бар. Бұл заң 1948 жылы 10 желтоқсанда қабылданған «Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы», сонымен қатар 1959 жылы қабылданған «Бала құқығы декларациясы». Осы декларациядан кейін 1989 жылы 20 қарашада 61 ел қол қойған «Балалар құқығы туралы Конвенция» қабылданды. Қазірде бұған 191 мемлекет кірген.

Конвенция – арнаулы мәселелер жөніндегі келісімшарт. Осы Конвенция негізінде 2002 жылы тамызда Қазақстанда «Балалар құқығы туралы» заң қабылданды. Бұл заң 9 тараудан, 53 баптан тұрады. Осы ережелерді бұлжытпай орындау – біздің Отан, ел, халық алдындағы парызымыз. Өмірдегі кейбір келенсіз жағдайлардың көбі адамдардың осы заң талаптарын, төртіп талаптарын білмейтіндігінен туындал жататыны анық.

*Г. Асанбековадан*



4. «Мениң Отан алдындағы парызым» тақырыбында ой белісіндеңдер.



5. Қазақ елінің заңын жасауға, әдет-ғүрпінің сақталуына үлес қосқан үш кемеңгер би туралы «Билердің сөзі – ақылдың көзі» деген тақырыпта ойтолғау жаз.

#### Ойтолғауға қойылатын талаптар:

- тақырыпты аша білуі;
- өз ойын еркін жеткізе білуі;
- дәлелдер мен дәйектерді қолдана білуі;
- тілдік нормаларды сақтай білуі.

#### Тілдік бағдар

#### Себеп-салдар салалас

Құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірінің себебін білдіріп салаласқан құрмаласты **себеп-салдар салалас** деп атайдымыз.

Себеп-салдар салаластағы жай сөйлемдер жалғаулықсыз да, жалғаулық шылаулар арқылы да байланысады. Олар: *өйткені, сондықтан, себебі, сол үшін, неге десеңіз, сол себепті* т.б.

Мысалы: *Ол кезде қазақ елінде кітап басылмайтын, сол себепті Өуез қарт өзінің сүйікті ақыны Абайдың өлеңдерін көшіртіп, түптеметіп алады (К. Оразалин). Арнайы сөзге тартпасаң, қасыңда бәленбай сагат үнсіз отыра беруге бар, сондықтан онымен аса бір емен-жарқын сырласа кеткен күн болған жоқ (Т. Әбдік).*



### Есіде сакта!

#### Себеп-салдар салаластың жасалу жолы

- 1) Себеп мәнді жай сейлем сондыктан, сол себепті Салдар мәнді жай сейлем
- 2) Салдар мәнді жай сейлем өйткені, себебі, неге десеніз Себеп мәнді жай сейлем

 6. Кестедегі сөйлемдерді себеп-салдар салалас жалғаулықтарын қолдана отырып, толықтырып жаз.

БАЛА	отбасында тұрып, тәрбие алуы тиіс,	өйткені ...
	өзге туыстармен қарым-қатынас жасағаны дұрыс,	себебі ...
	өздігінен кітап оқып, ізденбеуі мүмкін,	сондыктан ...

	өз ойын еркін білдіруге құқылы,	сол себепті ...
	он жасқа толғанда пікірімен санасанызы,	неге десеніз ...

## || 7. Төмендегі пікірлерді оқып, өз ойынды айт.

«Балаңды бес жасқа дейін патшандай күт, он бес жасқа дейін құлындаі жұмса, он бес жастан кейін досындаі сыйла».

*Қазақданалығы*

«Балаға берілген бірінші тәрбие ата-анасын, туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады».

*Б. Алтынсарин*

«Бала тәрбиесі – бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер».

*М. Жұмабаев*



## 8. «Бала құқығын қорғау – басты міндеттіміз» деген тақырып аясында постер дайындаңдар.



**Постер жасауга қойылатын талаптар:**

- тақырыпты баяндау жүйелілігі;
- дерек пен дәлелдерді ұтымды пайдалану;
- әдеби тіл нормаларын сақтау;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі түрде жеткізу.



9. «Бала құқығы туралы не білеміз?» деген тақырып аясында ой белсіндер.

Бала деп  
кімді  
түсінесің?

Бала 16 жасқа  
толып, жеке  
қуәлігін алған соң  
гана азаматтығын  
ала ма?

Тегіне, нәсіліне,  
әлеуметтік және мұліктік  
жагдайларына қарамастан  
барлық бала тең құқыққа  
ие ме?



### 10. «Артық болмас білгенің!»

Бала болсаң, болғандай бол,  
Ағайынга қорғандай бол.

*Мөңке би*

Атадан жақсы ұл туса,  
Елінің туы болады.  
Атадан жаман ұл туса,  
Көшінің соңы болады.

*Қазыбек би*

Балаң жақсы болса,  
Жан мен тәннің шырағы.

*Төле би*



11. Мәтінді оқындар. Өздерің Қазыбек бидің орнында болсаңдар, қандай тәрелік айттар едіңдер? Пікір алмасындар.

Қазыбек елге белгілі болған кезде екі әйел балаға дауласып, алдына келіп жүгінеді. Әйелдердің біреуі:

– Мынау баламды есін білмейтін жас күнінде жогалттым. Соны мына әйел тауып алды ма, өлде үрлап алды ма, оны білмеймін, әйтеуір асырап алышты. Бүгін танып, сұрасам «өз балам» деп бермейді.

Екінші әйел тұрып:

– Бала өзімдікі, өзім таптым, мынау босқа жармасып тұр, – дейді. Қазыбек екі әйелдің сөздерін тыңдал болып, біраз ойланып отырып қалады. Содан кейін:

– Бірің балаңды жогалтқаныңды, енді бірің тапқаныңды растап шығарлық мұнда басқа күә жоқ. Сондықтан мынадай билік еткім келеді, – дейді де, балаңың екі қолынан екі әйелге үстательп қойып, қара балтаны жоғары көтеріп: «Екеуіңе қақ бөліп беремін, осыған ризасындар ма?» – дейді. Сонда балаға ие болып жүрген әйел:

– Біреуге тірі кеткенше, жартысы болса да өзімде қалсын, бөлсөң бөл! – деп безеріп тұрып алады. Ал баланы таныған әйел:

– Ойбай, биеке-ай! Қайда жүрсे де, тірі болсын, шаба көрмеңіз! – деп безек қағады. Содан барып Қазыбек:

– Бала мына жоғалтқан әйелдікі, өйткені ол баланың тірілігін тілеп тұр, баласын өзіне бер, – деп билік айтады.

«Қазақтың би-шешендері» кітабынан

 12. «Ұяда не көрсөң, үшқанда соны ілесің» деген тақырыпта ойтолғау жаз.

 13. «Ойланайық, ойлайық!» Ақпарат көздерін пайдаланып, төмөндегі атаулы күндерді анықта. Олардың балаларға қатысы туралы айт.

1 маусым	... күні.
20 қараша	... күні.
10 желтоқсан	... күні.
10 желтоқсан 1948 жылы	... қабылданған күні.
1979 жылы	... жылы өтті.
20 қараша 1989 жылы	... қабылданған күні.
28 қазан 1993 жылы	... қабылданған күні.
8 маусым 1995 жылы	... бекіткен күні.

 14. «Заңды білу – заман талабы» тақырыбында ойталқы еткізіндер.

#### Бағалау критерийлері:

- ой нақтылығы – 1 үпай;
- сөз дәйектілігі – 1 үпай;
- диалогтің сауатты өрбүi – 2 үпай;
- тіл көркемдігі – 1 үпай.



15. «Шығу парагын» толтыр.

Қызықты болды	Бүгін мынаны түсіндім	Қиын болды



1. Сұрақтарға жауап бер.

1) Адам құқығы дегеніміз не?

2) Адам құқығы мен бостандығы туралы алдыңғы сабактардан не білдің?



2. Баптарды оқи отырып, тезис жаз.

19-бап

1. Әркім өзінің қай үлтқа, қай партияға және қай дінге жаттынын өзі анықтауга және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы.

2. Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар.

24-бап

1. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайындаған жол беріледі.

2. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітүсіс сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

3. Әркімнің тынығу құқығы бар. Еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге зацмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі.

39-бап

1. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылышты қоррау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамадаған және тек зацмен шектелуі мүмкін.

2. Үлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады.



### 3. Мәтінде қолданылған сөз тіркестерінің мағынасын түсіндір.

Төл мәдениет, еңбек ету бостандығы, ұлтаралық татулық, еңбек шартты, тынығу құқығы, қоғамдық тәртіп, еріксіз еңбек.



### 4. «Өз құқығымды білемін бе?» тақырыбына ыңғайлас, қарсылықты, себеп-салдар салалас құрмалас сейлемнің жалғаулықтарын қолдана отырып эссе жаз.

**Эссеge қойылатын талаптар:**

- тақырыптан ауытқымау;
- дерек пен дәлелдерді ұтымды пайдалану;
- көркемдегіш құралдарды орынды қолдану;
- әдеби тіл нормаларын сақтау;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі түрде жеткізу.



### 5. Мәтінді оқып, аннотация жаз.

Көшпелі тұрмыспен күнелткен қазақтың тайпа-рулары байлыққа бас үрмай, құқықтық жүйені мойындағы. Оны танып-білуде, қабылдауларында өз ерекшеліктері болды. Кең дала, еркін өмір, қоршаган табигат – бейбіт өмір сүрудің басты тұтқасы тәртіптілікті сақтау, құқықтық тәлім-тәрбиені ұздіксіз жүргізу деп үққан олар мұны отбасынан, жеке адамнан бастап, бүкіл қоғам болып қолдан, қуаттады. Адам және қоғам, әлем, олардың арақатынасын ақылмен түсіне алды, адам өмірі мен мәні тек бейбіт өмір сүруде, сіз-біздікте жатқанын үқты.

Қазақ құқығы оның басты саласы адам құқығы мен бостандығы аясында, өзіндік теңдік, өзін-өзі басқару негізінен (азаматтық қоғам) бастау алып дамыды. Оны ел ішінен шыққан дуалы ауыз би-шешендер жүргізіп отырды.

Қазақтың тұғыш зерттеушісі Ш. Ұәлиханов: «Би атагын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған үкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес, тек сот ғұрыптарына әбден жетік, сонымен қатар тілге шешен қазақтарға бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болып отырған. Мұндай би атагын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетіктігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жүрттың беріне мәлім болып отырған. Сонымен, бұл би деген атақ билік айтуга және төрелік сөз сейлеуге

патент сияқты нәрсеге айналған». Фалымның бұл ойлары қазіргі таңда да өзіндік мәнін жоғалтқан жоқ.

Белгілі ғалым, академик Салық Зиманов: «Бір кездегі ежелгі қазақ даласындағы үрпактар мұрасы болып табылатын зандылық пен әділ соттың «алтын ғасыры» қайтадан біздің тарихымыздың алтын бетіне айналуда және болашақта жалпы өркениеттік мұрасына да айналар деген үміт бар», – дейді.

Ә. Сейілхановтан



**6. РАФТ** кестесі бойынша бірін таңда, шағын монолог дайындаپ айт.


РӨЛ	АУДИТОРИЯ	ФОРМАТ	ТАҚЫРЫП
окүшты	мұғалімге	әссе	Менің құқығым
ғалым	қоғамға	мақала	Заңға бағыну – заман талабы



**7. Ш. Уәлиханов** пен **С. Зимановтың** пікірлеріне салыстырмалы талдау жаса.



**8. «Топтастыру»** стратегиясын негізге ала отырып, адам құқықтары мен бостандықтары жөніндегі диаграмманы толтыры.



**9. «Адам құқығы мен бостандығы»** тақырыбында ой толға.



**10. Сәйлемдерді толықтыр.**

Осы тақырыпта



мен үшін ... қызықты болды.  
мен үшін ... құнды болды.  
мен үшін ... қыын болды.

## 5-БӨЛІМ

### ОТБАСЫ ЖӘНЕ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІС



*Бұл бөлімде:*

- мәтіндегі негізгі ойды анықтауды;
- графикалық мәтіндегі деректерді салыстыруды;
- тілдік құралдар арқылы стильдерді анықтауды;
- түрлі жанрда мәтін қурауды;
- салалас құрмалас сөйлем түрлерін ажыратып, қолдануды үйренесің.

## 1–2-сабак

ҮЛТТЫҢ БОЛАШАФЫ – ХАЛЫҚТЫҢ  
ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨСІМІНДЕ

1. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Демография үғымы нені білдіреді?
- 2) Халық саны мемлекеттің дамуына әсер ете ме?
- 3) Қазақстандағы халық саны қанша?
- 4) Оның ішінде қазақ халқының үлес салмағы қанша?




2. Мәтінді оқы. Үйде отбасы күнін атап өтесіңдер ме? Отбасы күнін атап өту қажет пе? Отбасылық құндылықтарға не жатады деп ойлайсың? Сызбага түсір.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Жарлығына сәйкес, қыркүйек айының екінші жексенбісі Отбасы күні болып бекітілді.

Мұндағы мақсат – отбасылық құндылықтарды нығайту. Отбасы адамға бақыт өкеледі. Адамдар қоғамда өмір суреті. Ал қоғамның ең кішкентай бөлшегі – отбасы. Осы түрғыдан отбасы қоғамның іргетасы болып саналады. Отбасы – адамдардың туып-өсетін, тәрбие көріп жетілетін ұясы. Бұл ұя – үлкенді-кішілі мүшелерінің өмір мектебі.

*(Түркістан қынтызбесі)*





### 3. Мәтінді тыңдаپ, стилін анықта. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Мәтінде не туралы айтылды?
- 2) Өлеуметтік-демографиялық құрылым немен айқындалады?
- 3) Өлеуметтік-демографиялық құрылым тұрғындардың қандай белгілері бойынша сипаттайты?
- 4) Тұрғындардың құрамын, өзгеруін зерттеу не үшін қажет?
- 5) Мәтін стилін анықтауда неге сүйендің?

#### Тілдік бағдар

#### Түсіндірмелі салалас

Құрамындағы жай сөйлемдердің соңғысы алдыңғысының мағынасын түсіндіріп тұратын салалас түрі **түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем** деп аталады. Мысалы: *Халық санагы екі бағытта жүрді: бірі – ауыл тұрғындары, екіншісі – қала тұрғындары*.

Түсіндірмелі салаластың жай сөйлемдері жалғаулықты шылаусыз іргелесе байланысады.

   :   

   (*сол, сонша, соншалық*)   

Түсіндірмелі салаластың алғашқы сөйлемінің баяндауыштары тәмендегідей болады:

1. *Сол, сондай, сонша сөздерінің қатысуы арқылы жасалады. Мысалы: Кейінгі жастарға айтарым сол – өз тіліңді құрметтө!*

2. *Мынадай жалпылауыш сөзіне бол етістігі тіркеседі: Болашақта демография саласында мынадай өзгеріс болуы мүмкін: дүниеге сәби келу көбейеді.*

3. *Сондай-ақ сан есім де қатысады: Ақын екі нәрсеге басымдылық берді: бірі – оқу, гылым іздеу, екіншісі – толық адам деңгейіне жету.*

## 4. Мәтіннен түсіндірмелі салалас сөйлемді тауып, жасалу жолын айтып бер.

Демографиялық талдауда отбасының саны, көлемі, отбасы құрамы, оның мүшелерінің өзара қатынасы сипатталады.

Отбасы – некеден, туысқандықтан, ата-ана мен балалар арасындағы қатынастардан туындайтын, құқық және міндеттері бар адамдар тобы.

Отбасы – қоғамның тірегі, оның алғашқы үяшыры. Адам өмірінің мәні алдымен оның отбасының болуы немесе болмауымен өлшенеді. Отбасының бірнеше түрі болады: бірі – ата-анасы және балалары бар толық отбасы, екіншісі – ата-анасының біреуі ғана бар толық емес отбасы. Ата-анасы мен балаларынан басқа туысқандары бірге өмір сүріп жатқан күрделі отбасы да бар.

---

## 5. Мәтінді оқып, негізгі ойды айт. Мәтіннің стилін анықтап, дәлелде. Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді тап.

Егемендік алған кезден бері қазақ елінде этноахуал мұлдем өзгеруде. Елдің эволюциялық дамуы біртіндеп қазақ ұлтын сан жағынан да, сапа жағынан да, рухани және саяси ықпал жағынан да бірінші орынга шығарды. Тәуелсіз ел болудың жемісі сол: қазақ ұлтының тарихи талаптарын, этникалық мұраттары мен құндылықтарын шешу мәселесі бірінші кезекке шықты, себебі ел халқының басым кепшілігі – қазақтар. Қазақстанда **моноұлттық** этникалық құрылым қалыптасуда.

Откен ғасырдың басында ұлттың бостандығы мен болашағы үшін құрескен ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы: «Алхамдулла, аз емеспіз, 6 миллион қазақпыз» деп шүкірлік еткен еken. Тәуелсіз Қазақстанда елдегі қазақтардың үлес салмары 41 проценттен 65 процентке өсіп, яғни 24 процентке артқан. Саны 6,8 миллион адамнан 11 миллион адамға көтерілген. Қысқа ғана мерзімде қазақ ұлтының осыншама өсімі оның тарихында болған емес. Халқымыздың демографиялық жаңғыруы – оған тәуелсіздік сыйлаған бақыт. Бұл өсімнің 824 мыңын оралман бауырлар құраса, қалған 3 миллиондай табиғи өсім. Алдағы 30–35 жылда қазіргі демографиялық ахуал өлсірегенімен, негізінен сақталады деген болжам бар. Олай болса, 20 жылда елдегі қазак


ұлтының үлес салмағының 65 проценттен 85 процентке дейін артатындығы күдік тудырмайды. Алдағы уақытта Қазақстанның этникалық бет-бейнесі түбегейлі өзгеріп, ол моноглоссиялық сипат алғатыны анық. Елбасы Н.Ә.Назарбаев осы өзгерістерді есептей келе, Қазақстанды «Қазақ мемлекеті» деп атауды ұсынды.

Халықтың табиги, сандық өсімі үлттық тілдің және тарихи сананың жаңғыруымен қос-қабат жүріп отыруы керек. Саны ескен қазақ ұлтының өкілдері ана тілін сақтап, түгел дерлік қазақ тілінде сейлесе, Қазақстанның қазіргі үлттық бейнесі де жаңа сапалық деңгейге көтеріледі. Қазақ ұлтының бүгінгі тарихи миссиясы – осы шараны іске асыру. Барлық қазақ ана тілінде сейлеп, мемлекеттік тілді қоғамдық қатынастардың барлық саласында пайдалануға міндettі.

«Ана тілі – ардың ісі». Данышпан Абайдың «Бірінді, қазақ, бірің дос, көрмесен, істің бәрі бос» деген ұлағатын темірқазық ретінде ұстанып, тәуелсіздік берген тарихи мүмкіндікті толықтай пайдалану – әр қазақ азаматының парызы. Ал Ахмет Байтұрсынұлы «Халықтың түзелуінің үміті – жастарда» деген.


С. Борбасов

-  6. Мәтіндегі қарамен берілген сөздердің магынасын түсіндір. Оларды қатыстырып сейлем құра.
-  7. Қазақ халқы өсімінің проценттік көрсеткіштері туралы мәліметтерді графикке түсір.



1-сурет. Қазақ халқы өсімінің проценттік (%) көрсеткіші

-  8. Қазақ халқы өсімінің сандық көрсеткіші туралы мәліметтерді графикке түсір.



2-сурет. Қазақ халқы өсімінің сандық (млн) көрсеткіші

-  9. Демограф-галым Мақаш Төтімовтың сөзін оқып, түсінірмелі салалас сөйлемдерді анықта. Олардың жасалу жолын айтып бер.

Санақ болмай, санақ жүргізбей халқының санын, құрамын білмей ел ретінде қалай дамисың? Сондықтан санақ әр уақытта жүріп тұрады. Санақ туралы айтарым сол – бұл санақ кездессоқ емес, әрбір 10 жыл сайын жүргізілетін бүкілодақтық және әлемдік санақтың бірі. Бүкіл әлем халқының санын білу мынадай жолмен болады: әрбір елде 0-ге бітетін сандарға жақын немесе 9-бен не 10-мен аяқталатын жылдарда санақ жүргізіледі. Санақ жүргізілмеген бір гана ел бар: Ауганстанда санақ еш уақытта жүргізілген жоқ. Онда санақ жүрмеуінің бірнеше себептері бар: бірі – ылғы қантегіс, соғыс, екіншісі – артта қалушылық. Айтарым сол: санақ өзімізді білу үшін де керек.

«Түркістан» газетінен

-  10. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашақта Қазақстанны Қазақ мемлекеті деп атауга болады» деген пікірін қандай деректерге сүйеніп айтқанын дәлелде. Жауап нұсқаларын Вени диаграммасына салып түсіндір.



### 11. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Қазақ үлттының бүгінгі тарихи миссиясы не?
- 2) Бұл тарихи миссияға сенің қатысың бар ма? Бар болса/ жоқ болса, дәлелде.
- 3) Данышпан Абайдың «Бірінді, қазақ, бірің дос, көрмесен, істің бәрі бос» деген нақыл сөзінің мәнін түсіндір.



### 12. Төмендегі проблемалық сұрақтар бойынша пікірталас үйымдастырындар.

- 1) Тәуелсіздік бізге қандай тарихи мүмкіндіктер берді?
- 2) Ол мүмкіндіктерді қалай пайдалануымыз керек?
- 3) Ол не себепті әр қазақ азаматының парызы болуы тиіс?



### 13. «Кар кесегі» әдісі бойынша шеңбер құрып, бүгінгі тақырыпты қорытындыландар.

**3–4-сабак**

**ТАҒДЫРЛАС ЕЛДЕР**



#### 1. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Посткеңестік елдер деген не?
- 2) Қай елдер посткеңестік елдерге жатады?
- 3) Тақырып неліктен «Тағдырлас елдер» деп аталған?
- 4) Бұл мемлекеттердің халқы, саны туралы қандай мәлімет білесін?



#### 2. Мәтіндегі негізгі ойды анықта. Әр жылдардағы халық санының сыйбага түсір. Сұрақтарға жауап бер.

1916 жылы исі қазақ шамамен 5 миллион 650 мың болса, 1921 жылы 1 миллион 800 мың, 1933 жылы 3 миллион 400 мыңға құлдырап кетті. Сонда жан алып, жан беретін жекпе-жекте өмірді өлім женгені ме? Ата-бабалар үдайы ішіп-жеуді дағдыға айналдырмай, қойын құрттап, айранын

үрттауды көсіп етіп қана қоймай, жар сүйіп, үрім-бұтақ жай-ғызыпты. Сейіл-серуен құрып, ит жүгіртіп, құс салып, балуан белдестіріп, ат сүйкеніп, бақ сынапты. Бұның баршасы үрпақ қамы үшін, салауатты өмір салты үшін. Егер Абай жүйрік баптап, тогызқұмалақ пен шатыраш ойнап, Балуан Шолақ (Нұрмағамбет) шаршы топта кірдің тасын көтеріп, Мұхтар аяқдол қуса еріккеннің ермегі ме? Рухы биіктер алуан спорттың әр түрін жансерік етіп, сарыуайымға салынбай, сергелденге түспей-ақ сөулелі сеніммен алға аттады. Олардың өрен өмірі мен өшпес өнегесі мәңгі ұмытыла ма?!

(А. Нысаналин)

1) Біздің ата-бабаларымыз үрпақ қамы үшін, олардың салауатты өмір сүруі үшін не істеген?

2) Олардың қандай өнегесін жалғастырып жүрсің немесе жалғастыргың келеді?



**3.** 1916–1933 жылдар аралығында қазақ халқы санының кемінің себебін анықтаңдар. Әр топ өз болжамын дәлелдей айтсын.

**Топтық жұмысқа қойылатын талаптар:**

- ойдың нақтылығы;
- келтірілген деректердің шынайылығы;
- деректердің қазақ халқының тарихымен сәйкестігі;
- ойдың сауатты, жүйелі жеткізілуі.

### Тілдік бағдар

#### Талғаулы салалас

Құрмалас сөйлем құрамындағы тең дөрежеде байланысқан екі жай сөйлемде айтылған іс-әрекеттің біреуі гана орындалатынын білдіретін салалас түрін **талғаулы салалас** құрмалас **сөйлем** дейміз. Талғаулы салаласқа енген жай сөйлемдердің арасы *не, немесе, я, яки, болмаса, не болмаса, әлде жалғаулықтары* арқылы байланысады. Мысалы: *Халық санагын не биыл жылдың аяғында жүргізеді, не келесі жылдың басында жүргізеді.*

Жай сөйлемдер тек жалғаулықты шылаулар арқылы байланысады да, араларына үтір қойылады.

\_\_\_\_\_ не \_\_\_\_\_, не \_\_\_\_\_ = \_\_\_\_\_.

-  4. Мәтінді оқып, жанрлық ерекшелігін анықта. Талғаулы салаластарды тауып, жасалу жолдарын түсіндір. Жоспар құр.

Посткөңестік елдерде адам саны таңғаларлық жылдамдықпен азайып келеді. 1991 жылы тәуелсіздік алған соң, Украина халқы 6 миллион адамға кеміді.

1980 жылдары Кеңес Одағы бала санын көбейту саясатын жүргізіп, жақсы нәтижеге жетті. Бірақ бұл үрдіс көпке созылмады. КСРО тараган соң, барлық республикада бала туу көрсеткіші азайды. Себебі мемлекеттік балабақшалар не жабылды, немесе жекешелендірілді. Соның нәтижесінде бала қараша шығыны артты. Құнқеріс шығыны көбейгені сонша – көпбалалы отбасылар кедейлене түсті.

25 жыл өткен соң, Ресей Еуропа бойынша туудың ең жоғары көрсеткішіне жетіп отыр. Бала туу көрсеткіші халықтың есімін анықтаудағы негізгі фактор болып саналады. Қыргызстан, Тәжікстан, Түркменстан мен Өзбекстан бала туу бойынша бұрын-соңды болмаған жетістікке жетті. Қазақстан халқы этникалық орыс және немістердің қоныс аударуынан соң, едәуір кеміді. Дегенмен жоғары туу көрсеткішінің арқасында қайта өсті.

Посткөңестік мигранттардың көбі Ресейге көшті. Олардың біразы Одақ тараган соң, не туыстарын іздел барған этникалық орыстар болды, не болмаса білім мен жұмыс іздел барғандар болды. Уш миллион украиналық Ресейге қоныстанған. Балтық әмбранттары да қалың, бірақ олардың көбі Ұлыбритания мен Германияга қоныс аударды. Эмигранттар арасында жастар өте көп. Соның кесірінен білімді жастар азайып, еңбек нарығында бәсеке әлсіреді, бұл демографияға да теріс ықпал етуде.

«Егемен Қазақстан» газетінен


-  5. Мәтіндегі тарихи деректерге сүйене отырып, бұрынғы КСРО елдеріндегі халық санының өзгеріске ұшырауының себептерін түсіндір.
6. Қыргызстан, Тәжікстан, Түркменстан мен Өзбекстан елдері бала туу бойынша бұрын-соңды болмаған жетістікке жетуінің себебі неде?

 7. Мәтінді тыңдал, сұрақтарға жауап бер.

- 1) Үкімет халық санының өсіміне неліктен қатты алаңдайды деп ойлайсың?
- 2) 1989 жылы КСРО халқының санының көп болу себебі неге байланысты болды?
- 3) Қазіргі уақытта әлемде қандай мемлекеттер демографиялық көрсеткіш бойынша алдыңғы қатарда тұр?
- 4) Қалай ойлайсың, халықтың өсімі жағынан Украина неліктен Өзбекстанинан қалуы мүмкін?

 8. «Редактор» әдісі. Мәтінді қалпына келтіру. Тарихи деректер бойынша шамамен өткен ғасырлардағы қазақ халқының есу деңгейі берілген графиктегі мәліметті пайдаланып, мәтін күра. Мәтіннің кіріспе және қорытынды бөлімін жаз.

Мәтін құрауда мына сөздерді пайдалан: ғасырлардан ғасырларға, кейбір құжаттар, көзге жас үйіріледі, кему, иек артты, қасірет-құрбандық, «тар жол, тайғақ кешу», қан төгу, аман-есен, тәубе.



 9. Мақаладағы негізгі ойды анықтап, тақырыппен байланысын айт. Кеңес дәуіріндегі Ресей империясының шовинистік пигылы мен ұлтшылдығының қазақ халқының өсіміне әсері болды ма?

1926 жылы Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауитовтың мақаласындағы: «Қазақстанның ұлтшылдығы үстемдікті ба-

ғындыруды көксеген, шегіне жеткен озбыр ұлтшылдық емес, алдымен бас қоргауга, жансауга қылууга, жете алса, тендік алуға үмтүлған тіленші ұлтшылдық. Тұрмыс жүзінде уақ ұлтардың қалың бұқарасы тенгерілмей, ұлтшылдық жо-йылмайды» дейтін ұлагаты нені аңғартады?

*Мұсылман құнтызбесінен*



10. «Қолдорба» әдісі бойынша бүгінгі сабакты қорытындыландар.

## 5–6-сабак

## ШЕШІМ



1. Сұрақтарға жауап беріп, тапсырмаларды орында.

- 1) «Отбасы – алтын ұя» деген мақалдың мағынасын түсіндір.
- 2) Қандай да бір шешім қабылдамас бұрын отбасыңмен ақылдасасың ба?
- 3) Ата-ананы құрметтеу ұғымы жайлы кеңірек баяндап бер.
- 4) «Мен үшін менің отбасым...» дәйексөзін өз ойыңмен жалғастыр.



2. «Ассоциограмма». «Отбасы құндылықтары» деген сөзді естігенде ойыца не келеді? Өз отбасында құндылық болып саналатын нәрселерді жаз.



3. Мәтінді тыңдал, сұрақтарға жауап бер.

- 1) «Отбасы берекесі» дегенді қалай түсінесің?
- 2) Бір отбасында өмір сұру үшін әр адамның бойында қандай қасиеттер болуы керек?
- 3) Отбасында ата-ананың ең маңызды міндеті қандай?

 4. Адамдар қандай мақсатпен отбасын құрады деп ойлайсың? Ойынды дәлелдеп, жазбаша жауап жаз.

### Тілдік бағдар

#### Кезектес салалас

Құрамандагы жай сөйлемдері іс-әрекет, оқиғаның кезектесіп келуін білдіретін, тен дәрежеде байланысқан құрмаластың түрін **кезектес салалас құрмалас сөйлем** дейміз.

Кезектес салалас құрмалас сөйлемдер тек жалғаулық шылаулардың қатысуымен жасалады. Оның екі сыңарында да іс-әрекеттің жүзеге асуы кезектесіп келе береді.

Кезектес салалас *бірде, біресе, кейде, кей жалғаулық шылауларымен байланысады*. Мысалы: *Оның отбасы туралы сөздері біресе көзіме жас үйірді, біресе жүргегіме жылу цялатты. Жұмыс бабымен бірде отбасымен қауышады, бірде қоштасып іссапармен жолга шыгады. Кей жылдары үл балалар дүниеге көп келеді, кей жылдары қызы балалар көп туылады*.

\_\_\_\_\_ бірде \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ бірде \_\_\_\_\_.



5. Мәтінді оқы. Салалас құрмалас сөйлем түрлерін анықтап, жасалу жолдарын түсіндір.

Бұл отбасында күн сайын бір жаңалық болады, алайда бұл жаңалық ақ орамалды ананы мазасыздандырып жіберді.

– Даниярдың өзі келіп айтпақ ойы бар еді, жұмыстан қолы тимеді, – деп Илияс сезін аяқтады.

Кеше ғана жоғары оқу орнын қызыл дипломға аяқтап, мамандығы бойынша жұмысқа орналасқан ұлының неге мұндан шешім қабылдағанын Жібек апа біле алмады. Оған бұл хабардың өсер еткендігі сонша – бір нүктеге қадалып отырды да қалды.

– О несі-әй а? Оның бүйткені қай сасқаны? Бір жылға емес, он жылға емес, біржола кетемін дегенді қайдан шығарып жур? – деген әкенің назын да Жібек естіп отырған жоқ.

Құлазыған көңілі баласының суретін жұбаныш көре ме әлде көп ойдан арылудың бірі ме, әйтеуір суретке қарап

түнжырап отыр. Жібектің көңілін шарпыған сұрақ: «Неге? Не үшін? Өлде бұған түрмис жағдайының әсері болды ма екен?» Анасы не ойларын білмеді. Алабұртқан ана көңілі бірде сенді, бірде «мүмкін емес» деді.

Расында да, Даниярга шетелден жұмыс ұсынғанда ойланбастан келісе кетуінің себебі – дәл осы түрмис жағдайының төмендігі болатын. Жақсы пәтер, қомақты жалақы ұсынған соң, келісімге қол қойған ол, ата-анасына айтуға батылы бармай, үйіне досын жіберген еді.

Бүгін жұмыстан шыға сала ұшып кетуі керек. Алайда жұмыс уақыты аяқтала бастаған кезде, ол бірсесе анасын ойлады, бірсесе әкесін ойлап, ойы сан-саққа жүгірді. Уақыт таяп, жолдастары өуежайға жинала бастаған кезде, Данияр киімдерінің қалып қойғанын айтып, үйіне қарай бет алды...

*П. Өзіханова*



#### 6. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.

- 1) Данияр ата-анасына кететінін өзі айтпағаны дұрыс болды ма?
- 2) Ол үйіне не үшін бет алды?
- 3) Даниярдың бұл әрекетін өз ойынан қайтып, шетелге кетпейтін болды деп есептеуге бола ма?
- 4) Мәтін соцын өз қиялышын бойынша аяқтап, сыныптастырыңмен бөліс.



7. «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» деген мақалды қалай түсінетініңді айтып, мәтінмен байланысы бар-жогын дәлелде.



8. Даниярдың іс-әрекетін қалай бағалайсың? Төмендегі кестені толтыр. Сен Даниярдың орнында болсаң не істер едің?

Даниярдың іс-әрекеті	Сенің іс-әрекетің

 9. Төменде берілген жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлемдерді жалғаулықты салаласқа айналдырып жаз.

Жолдастың қатты жарапанды, мен оны тастап кете алмадым.  
Кез қорқақ, қол батыр. Анам маган қуыршақ берді, агама доп берді. Алыстан әлдекімдердің күбірлеген дауысы естіледі, қай жақтан естілетінің шамалай алмаймын. Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, қар суы сықылды тез суалар.

 10. Төменде берілген жалғаулықтарды қолданып, «Менің отбасым» тақырыбына диалог құрындар. Оны дауыс ыргағымен оқындар. Жалғаулықтар салаластың қай түріне жататынын айтындар.

Бірақ, әйткенмен, сондай, мынау, немесе, әлде.

 11. Жақында Отбасы күні атальып өтеді. Соған орай атанаца ашықхат дайында. Ашықхатта салалас құрмалас сөйлем түрлерінің болуын ескер. Сабак соңында үздік ашықхат иесі анықталады.

#### Жұмысқа қойылатын талаптар:

- ата-ананың қадір-қасиеті туралы мақал-мәтел не дәйексөздің болуы;
- ата-ананың сенің өмірінде алатын орны;
- ата-анаңды қалай бағалайтыныңды;
- болашақта үміттерін қалай ақтайтыныңды;
- перзенттік тілегінді сауатты, жүйелі жеткізу.

 12. Халық жазушысы М.Магауиннің пікірімен келісесің бе? Ойынды дәйекте.

Өйел қандай болады – үлт сондай болады! Арғы замандарда қазақтың қуатты болуы, құдіретті болуы, осыншама байтақ жерді алуды – ең алдымен сол қазақ қызының арқасы. Қазақ айтқан ғой, алып анадан туады деп. Қазақтың алып аналары алудар тұған. Елдің рухын ұстаған, ошағын тұтеткен. Ер-азаматтың басын сыйлаған. Жас үрпаққа тамаша тәрбие берген. Соның арқасында Қазақ ересен күшті халық болып, осыншама байтақ жерді иеленіп, ұлы мемлекет құрган.

M. Magaun

Улғи: Мен Мұхтар атаниң сөзімен келісемін. Себебі ...



### 13. Сабактан алған әсерінді ауызша айтып бер.

7-сабак

НӘТИЖЕ САБАҚ

#### 1. Мәтінді оқып, салаластың қай түрі қолданылғанын тап.

Отбасы – адам баласының алтын діңгегі, өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, отбасында ержетіп, тәрбие алады. Отбасының әрбір адам үшін ықпалы мен әсер-күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайтындей, себебі ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алар емес. Отбасы мүшелерінің жас шамасы әртүрлі болса да, олардың арасында бір-бірімен рухани жақындығы, мақсат ынтымақтастыры бар.

#### 2. Мәтіннің мазмұнына сай кіріспе және қорытынды бөлімдерді жаз. Олардың арасын байланыстырушы сөз орамдарын қолдан.

#### 3. Төмендегі мысалдардың салаластың қай түріне жататынын тап.

Мысалдар	Ыңғайлас салалас	Карсылықты салалас	Себеп-салдар салалас	Түсіндірмелі салалас	Талгаулы салалас	Кезектес салалас
Бас болмақ оңай, бастамақ қиын.						
Болашақта Қазақстанның этникалық бет-бейнесі түбекейлі өзгеретіні сонша – моногулттық сипат алады.						

Ол бірсес анасын ойлады, бірсес әкесін ойлады.					
Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды.					
Не туыстарын іздең барған этникалық орыстар болды, не болмаса білім мен жұмыс іздең барғандар болды.					
Еңбек қылмай тапқан мал, дәулет болмас, Қардың сұзы секілді тез суалар.					

 4. Мәтінді оқы. Тақырып қойып, стилін анықта. Салалас құрмалас сөйлем түрлерін тауып жазып, жасалу жолдарын түсіндір. Халық жазушысы М.Магауиниң ойын жалғап, ер балалардың да демографиялық өсімге жауапты екенін дәлелдей айт.

Халықтың болашағы, халықтың өсүі, елдің келешегі әйелдің аналық көзқарасына байланысты. Арғы уақытта қазақтың қыздары көпбалалы болды. Ана болу деген өте ардақты міндет еді. Алайда заманның ыңғайымен, келешекте «бір бала, екі баладан артық туудың керегі қанша немесе, тіпті, баланың қажеті не» дейтіндер шығуы мүмкін. Егер қазақ әйелі осындағы бағыт ұстанса, айтарым сол: онда біздің халқымыз сезсіз құрдымға кетеді! Қазір бүкіл Еуропа халқы кеміп жатыр. Анау дамыған деген халықтар, мәселен, ағылшыныңыз, немісіңіз, итальяныңыз... қай-қайсы болсын, түргындарының саны жағынан жылма-жыл азайып барады. Ресейде де әйелдер өзінің негізгі міндетін ұмытуы салдарынан жыл сайын орыс халқы 1 миллионға кемі түсетіні айтылып та, жазылып та жүр. Алдағы уақытта бұл көрсеткіш мынадай болуы ғажап емес: халық саны әрі қарай құлдырай беруі мүмкін. Ал қазақ халқы ескі дәстүрін біршама сақтағандықтан, өз дәрежемізде өсіп-өніп жатырмыз. Бірақ қазақтың қызы аналық парызын естен шығарса, өзінің шаңырақ, отбасы үйитқысы екенін ұмытса немесе бір баламен шектелсе, бұл қауіп біздің халқымыздың тағдырында орны толмайтын апатқа алыш келеді. Қыздарымыз,

мейлі қоғамдық қызметтін атқарсын, мейлі жеке салада болсын, өзінің аналық міндеттін ешқашан ұмытпасын дегім келеді. Еліме тек қана игілік, жақсылық тілейтінім түсінікті: біріншіден, ұлттық дәстүрден қол үзбеуіміз керек, екіншіден, ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-салтты берік сактауымыз керек. Сонымен қатар қазақ қызы қаншалықты оқыса да, қандай жоғары лауазымды қызметте жүрсе де, ең алдымен өзінің Ана болатынын, яки Ана екендігін, халықтың болашағы өзіне қарап тұрғандығын, сол өзінің бір негізгі Аналық парызын, халқының алдындағы ең бір қастерлі міндеттін естен шыгармаса еken. Олардың болашақтағы өмірі сөбисіз, баласыз нұрлы болмайтынын ерте түйсінгені жөн. Біздің қыздарымыз қалайда көпбалалы болуға тиісті. Қазақтың қызы барлық кезеңде де өз халқының ұлылығына үйітқы болып келді, олар алдағы уақытта да өзінің осынау жоғары биігінен көріне береді деген сенімнен айнымаймын.

*M. Magaun*

 5. Мәтінді оқып, М.Магаун мен Ш.Мұртазаның сөзіндегі ортақ идеяны анықта.

Біздің ұлттың саны аз. Қазақстан халқы 17 миллионның ар жақ, бер жағы деп жүрміз. Оның 8 миллиондайы қазақ. Бұл қалай болғаны? Бір-ақ үыспыз. Жер деген жетеді. Сонау Алтайдың ар жағынан Атырау жақтағы Азғыр дейтін жерге дейін созылып жатыр. Мынау Тәңіртаудан бастап, Сібірдің шетіне дейін біздің жер. Осыншама кең-байтақ елде бір-ақ үыс халық тұрады.

Біздің демографиямызды не күтіп тұр алда? Осылай қала береміз бе? Құран Қерімде не айтылады? Өйелдің міндеті не өзі? Бала өсіру, тәрбиелеу, халықтың санын көбейту емес пе?!

*Ш. Мұртаза*

 6. Әр топ Ш.Мұртазаның «Біздің демографиямызды не күтіп тұр?» деген сауалына және «Демографияны қалай көтеруге болады?» деген сұраптардың жауабын іздең, бірнеше нұсқалы жауап жазыңдар. Ойларыңды дәлелдендер.



## 7. Пысықтау сұрақтары. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Тек жалғаулық шылаулар арқылы ғана жасалатын салалас құрмаласқа мысал келтіріп, жалғаулығын көрсет.
- 2) Жалғаулықсыз қарсылықты салалас сейлемнің баяндауыштары қандай түлғалы сөздерден жасалады?
- 3) Салалас құрмаластың қай түрі ешбір жалғаулықсыз жасалады?
- 4) Қай салаластың жалғаулық шылаулары сейлемде бірақ рет қайталанады?
- 5) Төмендегі құрмалас сейлемдерде неше жай сейлем бар? Олар өзара қалай байланысқан?
  - а) Бірақ тентектің де әр түрі болады, біреу қорлыққа, ызага шыдай алмай, лажсыз тентектік қылады, біреу тоғып секіреді, біреу тоғып секіреді (*С.Сейфуллин*).
  - ә) Өмір өзгерді, өңір гүлденді, әлі де өсіп, өркен жаяр өмір сөні еңбек нәтижесімен гүлдене бермек (*газеттен*).



8. «Болашақта хат». Болашақ ата-ана ретінде қазақ халқының тағдыры жас үрпақтың қолында екенін дәлелдеп, хат жаз.

## 6-БӨЛІМ

### БИОТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНДІК ИНЖЕНЕРИЯ КЕЛЕШЕГІ



*Бұл бөлімде:*

- мәтін мазмұнына қатысты сұрақтарға болжаммен жауап беруге;
- өз ойыңды дәлелдейп, әссе жазуга;
- ауызша және жазбаша мәтіндер бойынша күрделі жоспар құруга;
- сабактас құрмалас сөйлемдердің магыналық түрлерін ажыратуға дағдыланасың.

## 1–2-сабак

БИОТЕХНОЛОГИЯ – ТАҒАМ  
ӨНДІРІСІНДЕ

1. Сұрақтарға жауап беріп көр.

1) Биотехнология деген не?

2) Ата-бабаларымыз биотехнология ғылымын білген бе?

3) Биотехнология қай ғылым саласымен байланысты деп ойлайсың?



2. Мәтінді үнтаспадан тыңдалып, негізгі ақпараттарды саралап жаз.



3. Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер. Мазмұнын бағында.

1) Биотехнология ғылымын дамыту арқылы қандай проблемаларды шешуге болады?

2) Биотехнология қандай салаларда қолданылады?

3) Өзің биотехнолог маманы болсан, қандай жаңалық ашар едің?



4. Тыңдалым мәтініндегі тірек сөздер мен сөз тіркестерін жаз. Оларды қатыстырып, құрмалас сөйлемдер құра.



5. Пікіралмасу. Тыңдалым мәтініндегі ақпаратты пайдаланып, диалог құрындар.

## Тілдік бағдар

## Сабактас құрмалас сөйлемнің мағыналық түрлері

Сабактас құрмалас сөйлем мағыналық жағына қарай:

- мезгіл бағыныңқылы;
- шартты бағыныңқылы;
- қимыл-сын бағыныңқылы;
- себеп бағыныңқылы;
- мақсат бағыныңқылы;
- қарсылықты бағыныңқылы сабактас болып алты түрге бөлінеді.

### Мезгіл бағыныңқылы сабақтас

Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі істің мезгілін білдіретін құрмалас сөйлемнің түрі **мезгіл бағыныңқылы сабақтас** деп аталады. Ол қашан? қашаннан бері? қашанга шейін? сұрақтарына жауап береді. Мезгіл бағыныңқылы сөйлемнің баяндауыштары алуан түрлі болады.

а) Жатыс септік тұлғасындағы есімшеден болады (-тан + да, -ген + де). *Біз көктемде ауылга барғанда, айнала құлпырып, жер жасыл жамылып жатты.*

ә) Есімше тұлғалы етістік пен *кездे, шақта, уақытта* деген мезгіл мәнді көмекші сөздердің тіркесінен болады. *Халық саны күрт есіп, азық-түлік тапшылығы байқалған уақытта, биотехнология гылымы цынгап әдістер арқылы шешім табуга болады.*

б) Барыс және шығыс септік тұлғасындағы есімше мен *шейін, дейін, кейін, соң, сайын, бері, бұрын шылауларының тіркесінен* болады. *Фылым мен технология дамығаннан кейін, медицинада тың дүниелер ашылып жатыр.*

в) -ша, -ше тұлғалы есімшеден болады. *Баянда маши сезін бастағанша, залдагылар өзара ақылдастып отырды.*

г) Қөсемшениң -галы, -гелі, -қалы, -келі тұлғасынан болады. *Еліміз тәуелсіздік алғалы, отыз жылга жуық уақыт болды.*

ғ) Етістіктің шартты райынан да болады. *Ол театрға асығып келсе, қойылым басталып кетініт.*

д) -ысымен (-ісімен) қосымшалы етістіктен болады. *Серік оқуды бітірісімен, жұмысқа орналасып алды.*

 6. Төмендегі сөз тіркестерін қолданып, мезгіл бағыныңқылы сөйлем құрап жаз.

Айтқан соң, барғаннан кейін, ауылға қайтқанда, әнін бастағанша, сабак басталысымен, тәуелсіздік алғалы, жақсымен сөйлессең.

 7. Кестені толтыр.

Түрі	Ережесі	Мысалы
Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем		

## 8. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып, мезгіл багыныңқылы сейлем қура.

Биотехнология, ауылшаруашылығы, медицина, қымыз бер шұбат, азық-түлік тапшылығы.



## 9. Мәтінді оқып, мезгіл багыныңқылы сейлемдерді тап.

Ата-әжелеріміз ежелден микроағзаларды қымыз бер шұбат, айран ашытуға, құрт пен ірімшік және т.б. тағамдарды дайындауға пайдаланған.

Халқымыздың сүтке сүйеніп, оны әрі тамак, әрі сусын еткені рас. Жаздың күні сауган сүттен қыстық азық-түлігін даярлап алудағы сүт тағамдары технологиясын өбден жетілдіре білген үлтимымыздың ұлымығына тәнті боласың. Жалпы бие сүті, сиыр сүті, қой сүті, түйе сүті деп аталғанымен, олардан сауылған сүт тағамдары түрлі-түрлі, түлік түрлеріне қарай атаулары да әр алуан.



«Қымызы жоқ үйдің қызығы жоқ» деп білетін қазақ қонағы үйінің маңына желілеп құлыш байламаған, үй маңынан мұрын жарап қымыз иісі шықпаған үйге ат байламауға тырысқан. Қымыздың молдығы – тоқшылықтың, барлықтың белгісі. Халқымыздың сан ғасырлар бойғы өбден жетілдірумен болған тәжірибесінің нәтижесінде қымыз сүті сауылған биенің жасына қарай, ашыту уақытының ұзақтығына қарай, жылдың қай маусымында дайындалғанына қарай, дәмділігі мен қуат-күшіне қарай әртүрлі атаулар береді.

Қатық – үйитылған қой сүтінің айраны. Оның осылай аталағын себебі үйитған кезде, батырган қасық тік тұратындағы бауыр сияқты дірілдеп тұрады.

Сиырдың сүті немесе қойдың сүтіне аздаپ су қосып пісірген соң, үйитқымен үйитып айран өзірлеген. Айранның қатықтан айырмашылығы – қою емес, сүйықтау болады. Сүттің қаймағын алғып та, алмай да үйита береді. Көбінесе сусын ретінде пайдаланатындықтан, оның майлыш болуы шарт

емес, сондықтан көбіне піскен сүттің қаймағын басқа тамақ үшін пайдаланады.

Қыстық азық ретінде даярланатын азық-тұліктің бірі – ірімшік. Сүтке айран, іркіт тамызып, отқа қойса, ол іріп, ақ ірімшікке айналады. Пісіргенге дейін өздігінен ашып кеткен сүтті де қайнатып, ақ ірімшік алыш жатады.

*«Қазақы дастарқан» кітабынан*



10. Мәтін мазмұны бойынша ой бөлісіндер.


- 1) Айран, қымыз, ірімшік және т.б. өнімдердің биотехнологияғынымен қандай байланысы бар?
- 2) Биотехнологияғының тары қандай тағам түрлерін дайындауға пайдаланады?



11. 1-топ оқылым мәтініне жоспар құрады; 2-топ мәтіндегі ойды аяқтайды; 3-топ «Қазіргі кезеңде биотехнологияғының керек пе?» тақырыбы бойынша шагын баяндама жасайды.



12. Мезгіл бағыныңызғылы сабактас және ыңғайлас салаластың ерекшеліктері мен ұқсастықтарын Вenn диаграммасы бойынша толтыр.



13. Мезгіл бағыныңызғылы сойлемдерді қатыстыра отырып, «Ағарған ішкен азбайды» тақырыбы бойынша мәтін құрап жаз.



14. «Артық болмас білгенің!»

**Балқаймақ.** Ашымаған сүттен алынған кілегейді майы шыққанша баяу отқа қойып қайнатады. Майы мен тортасты араласып тұрған балқаймақ – дастарқан сөніғана емес, науқастанған адамның тез өл жинап, оңалып кетуі үшін де берілетін шипалы ас. Оны дайындаған кезде, аздал қана шекер не бал қосуға болады.

**Кілегей.** Шикі сүттің бетіне түскен немесе сүтті ашымай тұрғанда сүт тартатын машинаға тартып алған маңызы осылай аталады. Біраз жерлерде мұны шикі қаймақ деп те атайды. Кілегей де көбіне шайға қосып ішу үшін пайдаланылады.

**Малта.** Сұзбеден сырып, домалақтаап дайындаған уак құрт. Балалар мен үлкендердің сүйікті асы. «Құрттың атын малта қойыпты» дейтін бұрынғыдан қалған сез малтаның тегін нұсқап тұрса керек.



### 15. «Аяқталмаған 5 сейлем» әдісі бойынша сыйбаны толтыр.

- 1) Бүгін мен ... білдім.
- 2) ... қызықты болды.
- 3) ... қыын болды.
- 4) ... тапсырманы мен орындағым.
- 5) ... екенін түсіндім.

## 3–4-сабак БИОТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ



1. Төмендегі сұрақтар бойынша пікірлесіндер.

1) «Адам денесінің жетілуі – оның денсаулығы; егер денің сау болса, онда оны сақтамақ керек, ал егер сау болмаса, онда денді сауықтыру керек», – деген әл-Фарабидің сезін қалай түсінесін?

2) Қалай ойлайсың, салауатты өмір салтын ұстанып, дәрі-дәрмексіз емделуге бола ма?

3) Биотехнологияның медицина саласындағы қандай жетістіктерін білесің?



2. Мәтінді мұқият тыңда.



3. Тыңдалым мәтіні бойынша парталас досыңмен сұхбаттас.

1) Қазір медицинада қандай жаңалықтар бар?

2) Медицинада қандай дәрі-дәрмектер шыгарылуда?

 4. Топқа бірігіндер. Болашақта медицинада қандай жаңалықтар болуы мүмкін екенін постер арқылы көрсетіндер.

 5. Тындалым мәтініндегі негізгі ойды анықтап, соған байланысты шарын хабарламалық мәтін құрап жаз. Оны сынып алдында оқып бер.

## Тілдік бағдар

### Шартты бағыныңқылы сабактас

Бағыныңқы сөйлем басыңқыда айтылған іс-қимылдың шартын білдіретін сабактастың түрі шартты бағыныңқылы сабактас деп аталады. Шартты бағыныңқылы сөйлем қайтсе? не етсе? қайткенде? не еткенде? қайтпей? не етпей? қайтпейінше? не етпейінше? сұрауларының біріне жауап береді.

Шартты бағыныңқылы сөйлемнің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады.

а) Етістіктің шартты рай түрінен болады. Осындағы қалың жүргіт батысқа қарай ағылып бара жатса, сол көптің бірі бол біз қандай оп-оңай араласып кетер едік.

ә) Болымсыз етістіктің -й тұлғалы көсемше түрінде болады.

*Тебінгі терге шірімей,  
Алты малта ас болмай,  
Тұн қатып жүріп түс қашпай,  
Ерлердің ісі бітер ме? (Махамбет)*

б) Жатыс септік тұлғасындағы есімшеден болады.  
*Театрга кешікпей барғанда, қойылымга үлгерер едің.*

 6. Медицина және деңсаулыққа қатысты шартты бағыныңқылы сөйлемдер құрап жаз.

 7. Шартты бағыныңқылы сөйлемдерді толықтырып жаз.

- 1) Бәйгеге түсіп жарыспай, ...
- 2) ..., болашақта жақсы дерігер боласың.
- 3) Елін қорғайтын азамат болса, ...
- 4) Спортпен шұғылданып, деңсаулығында күткенде, ...
- 5) ..., білім басқа бітеді.

- 6) Мектепте биология және химия пәнін жақсы оқығанда, ...
- 7) Дәрі-дәрмектердің құрамын білмей, ...

### Тілдік бағдар

#### Қымыл-сын бағыныңқылы сабақтас

Бағыныңқы сәйлем басыңқы сәйлемдегі іс-қымылдың қалай орындалғанын білдіретін сабактастың түрі қымыл-сын бағыныңқылы сабақтас деп аталады. Қалай? қайтін? не етін? деген сұрақтардың біріне жауап береді.

Қымыл-сын бағыныңқылы сәйлемнің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады.

а) -а, -е,-й және -ып, -іп, -п тұлғалы көсемшеден болады. Осынша қуаңшылыққа қарамай, жылан быыл да түлеген.

ә) Есімше тұлғасына -дай, -дей жүрнағы жалғанып жасалады. Балалар бір анадан тугандай, түрлері бір-біріне үқсайды.

б) Болымсыз етістік (-ма/ме, -ба/бе, -па/пе) + с (ортак етіс жүрнағы) + (-тан, -тен). *Марал Ажарды құтпестен, асыга шығып кетті.*



8. Тыңдалым мәтінінен қымыл-сын бағыныңқылы сабақтасты тауып, айтып бер.



9. 3–4 топқа бөлініп, «Кезекті жарыс» ойынын ойнаңдар. Мезгіл, шартты, қымыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сәйлемдер құрап, кезекпен айтып жарысындар. Кідіріп қалған топ ойыннан шығады.



10. Мәтінді оқып, шартты бағыныңқылы және қымыл-сын бағыныңқылы құрмалас сәйлемдерді тап. Стиль түрін анықта.

Алматыда саумалдан шоколадтың 8 түрін жасайтын өндіріс орны ашылды. Мамандардың айтуынша, бұл – қауіпсіз тағам өндіру бағытындағы тенденсі жоқ инновациялық жаңалық. Өйткені осындай отандық брендті жасап шығару үшін Қазақ тағамтану академиясының президенті Төрекелді Шарманов көптеген ғалым-технологпен бірлесіп, арнайы

зерттеулер жүргізген. Тынымсыз ізденістің нәтижесінде Жер шарындағы тендесі жоқ шоколад дайындал шыгарды.

Қазақ тағамтану академиясының мамандары ойлап тапқан шоколадтың құрамында транс май қышқылдары, қаныққан майлар мен холестерин жоқ. «Шарман» шоколадын жеген адам шелдемейді, себебі оның құрамында Кубадан әкелінген какаоның жогарғы сұрыптары бар. Ал қант қосылмаған тәттінің бұл түрі әлемде ешбір мемлекетте шықпай, тек бізде өндірілуі де үлкен жетістік.

— Қант — адамның ең қауіпті жауы. Біздің мақсатымыз — сол қантты араластырмай шоколад шыгару. Қазір шоколадтардың бөрінің құрамында қант бар. Қант денсаулыққа зиян. Біз тарихта тұңғыш рет бие сүтін пайдаланып, шоколад жасадық, — дейді Қазақ тағамтану академиясының президенті Төрекелді Шарманов.

— «Ұлытау» шоколадының құрамында қант болмаған-дықтан, ол түрлі дерптен ауыратын науқастардың қуатын арттыратын емдік тағам, — дейді ғалымдар. Табиғи таза өнім семіздіктен арыламын дейтін адамдарға да өте пайдалы. Сондықтан мамандар сусамыр дертімен ауыратын науқастарға да осы шоколадты жеуге кеңес береді.

Тағамтану ғалымдарының айтуынша, бие сүтінен дайындалған шоколадтың құрамына тәмен молекулярлық пептидтер, макро және микро элементтер қосылған. Сол себепті қанттың шоколадты тек жеңсік ас деп қарамай, халықты сауықтыруға арналған дәрумендік өнім ретінде қабылдау қажет.

*«Қармақшы таңы» газетінен*

 11. «+, -, қызықты» әдісі бойынша оқылым мәтініндегі ақпараттарды сүзгіден өткіз.

 12. Оқылым мәтініндегі негізгі ойды сақтай отырып, аннотация жаз.



 13. «3 сұрақ» тәсілімен тақырып бойынша төмендегі сұрақтарға жауап жаз. Жауабынды түсіндір.

1-сұрақ: Не пайдалы?

2-сұрақ: Не қажет?

3-сұрақ: Нени есте сақтау керек?

## 5–6-сабак

## ГЕНДІК ИНЖЕНЕРИЯ ӘДІСТЕРІ



1. Төмендегі суреттерге қарап, әңгіме құрап айт.



2. Мәтінді мүқият тыңдаپ, түсініксіз сөздерді дәптеріңе жазып ал. Олардың мағынасын түсіндірмे сөздіктен немесе галамтор желісінен қарап анықта.



3. Тыңдалым мәтінінің тірек сөздері мен сөз тіркестерін анықтап, мәтінге тақырып қой. Оларды қолдану арқылы уштік жұбыңмен «ABC» тәсілі бойынша сұхбат құрындар. А – сұрақ қояды, В – жауап береді, С – айтқан жауаптарын қадағалап, толық емес жерлерін жазып алып отырады. Өңгіме соңында сұхбатты толықтырып, қорытынды жасайды.



4. Тыңдалым мәтіні бойынша «Қос жазба күнделігі» кестесін толтыр.

№	Үзінді	Түсіндірмे
1	«Инженерия» сөзі құрастыру деген мағынаны береді.	

## Тілдік бағдар

### Себеп бағыныңқылы сабактас

Бағыныңқы сәйлем басыңқыда айтылған ойдың себебін білдіретін сабактастың түрі **себеп бағыныңқылы сабактас** деп аталады. Сұрақтары: *неліктен? не себепті? неге? не деп?*

Себеп бағыныңқылы сәйлемнің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады.

а) -дықтан, -діктен қосымшасы үстелген есімшеден жасалады. *Үйдің іши қараңғы болғандықтан, Зәмзегул есікті айқара ашып қойды.*

ә) Есімше тұлғалы етістікке соң шылауының тіrkесуі арқылы жасалады. *Балуан аңға көшкен соң, қалғандары да тақыл суыта бастады.*

б) Көсемшениң болымды, болымсыз түрімен айтылады. *Ол өзін-өзі тоқтата алмай, мәуені тагы да жеуге кіресті.*

в) Ашық райлы етістікке *деп* көмекші етістігінің тіrkесуі арқылы жасалады. *Бүгін жаңбыр жауады деп, қолшатырымызды ала шықтық.*

 5. «Гендік инженерияның қолданылуы» тақырыбы бойынша шартты және себеп бағыныңқылы сабактас құрмалас сәйлемдерді қатыстырып эссе жаз.

 6. Сәйлемдерді толықтырып жаз.

- 1) Биыл қар қалың жауғандықтан, ...
- 2) Ауылдан ата-әжем келген соң, ...
- 3) Ол ойын жеткізіп айта алмай, ...
- 4) Гендік инженерия пайда болған соң, ...
- 5) Гендік инженерия дамығандықтан, ...

 7. Мәтінді «Түртіп алу» стратегиясын қолдана отырып, түсініп оқы.

Гендік инженерия немесе генетикалық инженерия – генетикалық және биохимиялық әдістердің көмегімен тұраалық кедергілері жоқ, тұқымқуалайтын қасиеттері өзгеше, табигатта кездеспейтін жаңа гендер алу. ДНҚ молекуласының

кез келген бөлігін бөтен жасушаға апарып салу, яғни молекулалық деңгейде будандастыру теориялық тұрғыдан алғанда мүмкін екені анықталды. Жануар, өсімдік және микрояғзаларап гендерінің қызметін қолдан басқаруга болатындығы дәлелденді.

Ауылшаруашылығында өсімдіктің атмосфералық азотты өзіне жинақтап алуды үлкен мәселе болғандықтан, 1970 жылдары азотты фиксациялауға қабілеті жоқ пішен таяқшасына азотты жинақтай алатын басқа бір бактерияның гені салынып, азотты жинақтау қасиетіне ие болды. Медицина саласында жаңа гендерді енгізу арқылы тұқымқуалайтын ауруларды емдеуге болады.

Гендік инженерияны молекулалық және жасушалық инженерия белгілі бір мақсатпен жасанды айқын қасиеттері бар генетикалық материалдарды алдын ала құрастырып, оларды басқа жасушаға енгізіп, көбейтіп, зат алмасу процесін өзгеше жүргізеді. Бұл әдіспен ағзада түқымқуалайтын ақпаратты көздеген мақсатқа сай өзгертіп, олардың геномдарын белгілеген жоспармен кайта куруға болады.

«Гендік инженерияның даму тарихы» кітабынан



8. «Гендік өзгеріске үшыраған тағамдар» тақырыбына материал жинап, оның пайдасы мен зиянның сарадап көрсетіндер.



- 9. Неліктен? не себепті? неге? не деп?** сұрақтарын қолданып, гендер инженерияға катысты сейлем кура.



10. «Киялъна ерік бер», Сурактарға жауап жаз.


1) Гендік инженерия әдістерін қолданып, қандай жаналыкка кол жеткізеге едін?

2) Гендік инженерия әдістері арқылы өсімдік немесе жануарлардың қандай ауруларға тәзімділігін арттыраш едін?

3) Осы тақырып аясында тағы қандай ойларың бар?



11. «Қос диаграмманы» толтыр. Қимыл-сын және себеп бағыныңқылы сабактастық үқсастығы мен ерекшеліктерін диаграммама түсір.



 12. «Сөйлемдерді толықтыр». Осы тәсіл бойынша сабактастырының жасалуы мүмкін.

Мен ..., өйткені ...

Мен қалайша ...

Неліктен мен ...

Менде мынадай сұрақ бар: ... ?

Сонымен, мен ...

## 7-сабак

## НӨТИЖЕ САБАҚ



 1. Сұрақтарға ойланып жауап бер.

- 1) Қазақстанда гендік инженерия қалай жүзеге асып жатыр?
- 2) Оның пайдасы мен зияны қандай?
- 3) Гендік инженерия қай салада ең тиімді болып саналады?



2. «Гендік инженерия» тақырыбына сәйкес «Оймаржан» тізбегін жасандар. Бір оқушы бастайды. Оқушылар кезекпен ойды жалғастырып әкетеді.



3. Төмендегі мәліметтерді оқып, сұрақтар құрастыр.

- Гендік инженериядағы тұңғыш тәжірибелі 1972 жылы америкалық биохимик П. Берг іске асырды.
- 1978 жылы гендік-инженерия саласында инсулин жасалды.
- 1978 жылы Англияда бірінші пробиркадағы адам Луиза Браун дүниеге келді.

- 1985 жылдың 4 қаңтарында Лондон қаласының клиникасында миссис Коттон бірінші суррогат ана атанды.
- 1986 жылы В гепатиті мен көптеген вирустық ауруға қарсы гендік-инженериялық вакцина және гендік-инженериялық интерферон жасалды.
- 1990 жылы адамның генетикалық картасын құрастыру үшін халықаралық жоба бастау алды.
- 1993 жылы генетикалық өзгерілген өнімдерді дүкен сөрелерінде сатуға рұқсат берілді.
- 1993 жылы К. Мюллис ПТР әдісін ойлап тапқаны үшін, Нобель сыйлығының лауреаты атанды.
- 1997 жылы Я. Вилмут пен К. Кэмпбелл Эдинбург қаласының Рослин институтында жануар әмбриондан Долли саулығын клондады.

«Гендік инженерияның даму тарихы» кітабынан



**4.** «Келісемін/келіспеймін» ойыны. Оқылым мәтіні бойынша бірнеше дұрыс не бұрыс сейлемдерді оқындар. «Келісемін» дегендер қол көтереді. Ойланып қалғандар ойыннан шыгады. «Келіспеймін» дегендер қол көтермейді. Сейлемдерді өздерің құрап айтударың да болады.



**5.** «Гендік инженерия» тақырыбы бойынша себеп бағыныңды сейлем құрандар. Құрмалас сейлемнің бағыныңды сынарын бір оқушы, басыңды сынарын екінші оқушы жалғастырып айтсын.



**6.** «Сабакты бағалау кестесін» толтыр.

Қызық болды	Мынаны түсіндім	Қын болды, себебі ...

## 7-БӨЛІМ

### БҮҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ



*Бұл бөлімде:*

- мәтіндегі айтылған ойга өз көзқарасыңды білдіріп, сынни түргыдан бага беруге;
- мәтін мазмұны бойынша зерттеу жүргізуге;
- мәтін құрап, құрделі жоспар құруға;
- сабактас құрмалас сөйлем құрауға даярлыланасың.

## 1–2-сабак БҮҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ



1. Суреттегі құралдардың атын жаз. Оларды қызметіне қарай топтастырып, әр топқа ат қой.



2. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Бұқаралық ақпарат құралдары деген не?
- 2) БАҚ-тың қандай түрлері бар?
- 3) БАҚ қоғамға не үшін қажет деп ойлайсың?
- 4) БАҚ-тың сен үшін қандай маңызы бар?
- 5) БАҚ-тың саған қай түрі үнайды? Неге?



3. Төменде берілген пікірлерді оқып, ез көзқарасында айт.

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жүрт басқа газеті бар жүрттардың қасында құлағы жоқ керен, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр секілді (*A. Байтұрсынұлы*).

Әрбір ұлт ез газетінің бетінде шиеленісті мәселелерін ашық талқылап, өзара кеңесе алатындан болса, сол газетті ғана ең жақсы басылым деп санар едім (*А.Миллер*).

Егер маган газетсіз билікті немесе биліксіз газетті таңдау қажеттігі туса, мен бір сәт те ойланbastan екіншісін таңдар едім (*T. Джейферсон*).

Баспасөздің пайдасы оның бізді сол баспасөзге сенбеу көректігін үйреткенінде (*C. Батлер*).

4. Газет қандай болуы керектігі жөнінде өз пікірінді сызба түрінде жазып, түсіндір.



### Тілдік бағдар

Бағыныңқы сейлем басынқыдағы ойға қарсылықты болып келетін сабактастың түрі қарсылықты бағыныңқылы сабактас құрмалас сейлем деп аталады. Ол қайтсе де? не етсе де? қайткенмен? не еткенмен? не етпестен? деген сұрақтарға жауап береді.

Қарсылықты бағыныңқылы сейлемнің баяндауыштары мынадай жолдармен жасалады:

- шартты райлы етістікке -да, -де шылауы жалғас келу арқылы; *Өсел бәрін біліп тұrsa да, ңисіз қала берді.*
- есімшеге көмектес септіктің (-мен) жалғауы қосылу арқылы; *Үйіміз мектепке алыс болғанмен, сабаққа кешікпеуші едік.*
- а, -е, -й жүрнақты көсемше түрінен; *Өздері мұқтаж бола тұра, өзгелерге қол үшін созып жүрді.*
- келер шақ есімшениң болымсыз түріне шығыс септік жалғауының (-тан, -тен) жалғануы арқылы жасалады; *Әжей егде тартқан жасына қарамастан, үй шаруасын өзі-ақ атқарып отыр.*
- шартты райдың болымсыз түрінен (*болмаса*) жасалады; *Айжан сәл еркелеу болмаса, ақылды әрі тәрбиелі қызы.*
- есімшеге -ша, -ше жүрнақтары жалғану арқылы жасалады; *Жаңбырдың астында жаурап тұрганша, үйге кіріп шай іш.*

 5. Өзің қалаған ақпарат көзінен заманауи БАҚ құралдары туралы мәтін тап. Сол мәтінге сүйеніп, тұжырымыңды қарсылықты бағыныңды сейлем түрінде жаз.

---


 6. Мәтінді оқып, қарсылықты бағыныңды сейлемдерді тап.

Казіргі таңда бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық өмірдің барлық саласына деңдей енді де, адамдарға үздіксіз ықпал етудің кезіне айналды. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдары «төртінші билік» деген атауга ие болды. Бұқаралық ақпарат құралдарының басты мақсаты – қоғамда, өлемде болып жатқан түрлі жағалықтарды үздіксіз жүйелі түрде таратып отыру, ел ішінде, елден тыс жерлерде болып жатқан өлеуметтік, идеологиялық, мәдени, саяси мәселелер туралы қоғамдық пікір туғызыу және т.б. БАҚ-тың басты міндетіне нақты бір ақпараттарды беріп, өткір, өзекті мәселелерді қозғай отырып, оған жүртшылықтың назарын аудару, көзқарастарын қалыптастыру, құндылықтар жөнінде мәліметтер беру жатады. Кейбір басылымдар қоғамдық сананы өзгерту үшін әртурлі айла-тәсілдерге де барады. Оларды «сары пресса» деп атайды. Ал кейбір басылымдар өткір мәселелерді қозғағанмен, биліктің ықпалынан шыға алмай жатады. Халық пен билік деп аталатын екі жақтың мұддесін тең ұстайтын басылымдардың беделі кетеріліп, биік нәтижелерге қол жеткізеді.

Бұқаралық ақпарат құралдары әртурлі бағытта ақпарат таратса да, олардың арасында қандай мәселеге басымдық берілуіне қарай басылымның тұрақты жанры қалыптасады. Мысалы, «Ана тілі» газетінің бетінде тілдің өлеуметтік жайна қатысты мәселелер, осы салада еңбек етіп жатқан зерттеу, білім беру мекемелерінің мәселелері көбірек талданады. Ал «Қазақ тілі мен әдебиеті» деп аталатын республикалық журналда көбінесе тіл мен әдебиеттің теориясы және оны оқыту әдістемесіне қатысты ғылыми-әдістемелік, оқу-әдістемелік мақалалар, мұғалімдер мен оқытушылардың білім саласына байланысты ой-пікірлері жарияланады.

Ә. Ермековадан

-  7. Мәтін мазмұны бойынша БАҚ қуралдарының қызметін сыйбага түсір. Өзің қалаган екі түрлі қызметтің нақты дәлелдермен айт. Сөзінде сабактас құрмалас сейлемдерді колдан. Оларды қажетті интонациямен жеткіз.



-  8. Төмендегі пікірді оқып, ойынды қарсылықты багыныңдылысы сейлем түрінде айт.

«Бұқаралық ақпарат қуралдары – ақпараттар, танымдық мәліметтер және бос сездер жиынтығы», – дейді заңгер Д. Яндел.

Д. Янделдің пікірімен келісесің бе? Қазір көпшілігіміз теледидардан немесе газет-журналдардан көріп, оқыған мәліметтерге тәуелдіміз. Ол ақпараттардың кейбірі «керемет жаңалық» та, ал кейбіреулері «жай бос сез» болуы мүмкін бе? Пікір бөлісіндер.



9. «Кім алғыр?» Алдымен мәтінді тында. Айтылған мәліметтерді жаз. Кімнің есінде көп өрі дұрыс мәлімет қалды?



10. Суреттерге қарап, қайсысы БАҚ қуралдарына тән қызмет атқаратынын дәлелден айт.



Google





**11.** «Егер менің қолымда билік болса...» тақырыбында пікірталас өткізіндер. Пікірталаста талданатын мәселе: егер сенің қолыңда билік болса, Қазақстанда қандай БАҚ құралын дамытуға күш салар едің? Неге?

Пікірталаста бір-бірінді құптау, айтылған ойға тойтарыс беру, жоққа шығару жағдайларына байланысты сөз әдебі орамдарын дұрыс қолданындар. Орталарыңнан пікірталасты жүргізуші мен сарапшылар тобын сайланадар. Олар сендердің жауаптарынды бағаласын. Ол үшін бағалау критерийлерін бірігіп анықтандар.



**12.** «Мен үшін...» Сұрақтарга жауап бер.

Маган ... қызын болды.

Мен ... тапсырмаларын орындағым.

Мен ... екендігін түсіндім.

Мен ... үйрендім.

Мени ... таңғалдырыды.

### 3–4-сабак

### БАҚ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИҚ МӨДЕНИЕТІ



**1. Ойталқы.** Саған қандай телебағдарлама үнайды? Пікірінді «Төрт сейлем» құрылымы бойынша сабактас құрмалас сейлем түрінде айт.

- 1) **Пікір.** Өз ойынды бір сейлеммен айт.
- 2) **Дәлел.** Пікірінді дәлелде.
- 3) **Мысал.** Пікірінді өмірмен байланыстыр.
- 4) **Қорытынды.** Өз қорытындынды айт.



 2. «Чат (IRC –Internet Real Chat)» жүйесіндегі сөз мәдениеті туралы талдау жаса. Ол үшін төмендегі сұрақтарға қысқа да нұсқа жауап жаз.

- 1) Сендердің сынып бойынша немесе басқа да доста-рыцмен ортақ чаттарыңыз бар ма?
- 2) Чатта қандай мәселелер жөнінде ақпарат алмасасындар?
- 3) Чаттағы жазу тілі мен аузызекі сейлеу тілдерінде айырмашылықтар бар ма?
- 4) Чаттағы жазба тіл мәдениеті туралы өз ойың қандай?
- 5) Жаргон сөздер деген не? Оның сөз мәдениетіне қандай қатысы бар?

 3. «Ең мәдениетті журналист» тақырыбына синквейн құрап айт.

#### Синквейн құрылымы:

- 1) Журналистиң аты-жөні – зат есім.
- 2) Журналистиң шеберлігін сипаттайтын екі сын есім.
- 3) Журналистиң әрекетіне қатысты үш етістік.
- 4) Журналисти бағалауға қатысты төрт кілт сөз.
- 5) Журналистиң шеберлігін сипаттайтын синоним сөздер немесе фразеологизмдер.



4. Мәтінді тыңда.



5. Тыңдалым мәтіні бойынша кластер құр. Төмендегі тірек сөздерді қолданып, түсінгенінді айт.

*Tірек сөздер:* құзырлы орган, статистика, кабельді телевизия, ақпараттық агенттік, БАҚ үлесі, өкілетті, ақпараттық кеңістік.



6. Мәтінді оқып, тақырып қой. Салалас және сабактас құр-малас сейлемдерді тап.

Елбасы Н.Назарбаев төртінші медиафорумда сөйлеген сөзінде: «Фаламдық жаһандану арқылы адамзаттың алдынан жаңа постидеологиялық кезең ашылды. Оның бізге не берері бүгінгі үрпақтың білімі мен білігіне байланысты. Менің пайымдауымша, күллі әлем үшін ашық та айқын ақпарат таратуға негізделген жаңа заманға бастайтын жаһандану БАҚ-тарға қойылатын талапты күшайте түсті. Сондықтан олар өздерінің әрбір сөзі үшін моральдық жауапкершілікті

терең сезінуі керек. Баспасөздің еркіндігі мен оның қогам алдындағы моральдық жауапкершілігі арасындағы тепе-тендікті таба білу – бүгінгі форумның ең басты мәселелерінің бірі болады деп есептеймін.

Сөз бостандығы шексіз емес. Ол – табындыратын ғана емес, талқандайтын да қуатты күш. Ол саясатты ғана жасап қоймай, сонымен бірге ел тағдырына ықпал ететін қогамдық пікір мен қалың бұқараның санасын да сомдайды, сондықтан сөз бостандығы дегенді журналистік ар-ұждан жауапкершілігі деп те танығандарыңыз жөн.

Тәуелсіз БАҚ дегеніміз – аса қымбат құндылық, сондықтан ол ешқашан «ақпараттық соғыстардың» «сойылына» айналмауы тиіс. Журналист қандай мәселені қаузаса да, парасат шеңберінен шықпауы керек. Бұқаралық ақпарат құралдары – қогамдағы, экономикадағы және іскер топтардағы күштердің арасалмағын да айқындаитын құрал. Газеттер жекетүлғалар мен корпорациялардың иелігінде болса да, сөз бостандығы тек халықтың құзырында екенін еш уақытта естен шығармаған жөн», – деген болатын.

Насихаттың бірден-бір күшті құралы ретінде бұл жерде тағы да БАҚ-тың рөлі үлкен, себебі әлемнің білікті әлеуметтанушыларының зерттеу қорытындысы бойынша, мәдени-рухани институттары дамыған елдің өзінде жас үрпақ тәрбиесі мен үлкендердің құндылық бағдарын қалыптастыруда БАҚ-тың, соның ішінде теледидардың үлес салмағы 40–45 пайыз екен.

*K. Қабылгазы*

 7. Мәтін мазмұны бойынша БАҚ журналистеріне қойылатын талапты анықта. Оны сызба түрінде рөсімде.

 8. Мәтіннен алынған сейлемдердің магынасын «Қос жазба қүнделілігі» түрінде ашып жаз.

Мәтіннен үзінді	Өз түсініктемең
Жаһандану БАҚ-тарға қойылатын талапты күшейте түсті. Сондықтан олар өздерінің әрбір сөзі үшін моральдық жауапкершілікті терең сезінуі керек.	
Сөз бостандығы шексіз емес. Ол – табындыратын ғана емес, талқандайтын да қуатты күш.	



9. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтін бойынша өз пікірінді айт:

1-сейлем: «Менің ойымша, бұл жерде ... туралы айтылған».

2-сейлем: «Себебі мен оны ... деп түсінемін».

3-сейлем: «Оны мен ... деген мысалдармен дәлелдей ала-мын».

4-сейлем: «Соған байланысты мен ... деген шешімге келдім».



10. «Заманауи журналистиң сөз мәдениеті» тақырыбында эссе жаз.

Эссеge қойылатын талаптар:

- сөз көлемі – 250–300 сөз;
- тақырыптың ашылуы;
- өз көзқарасының болуы;
- дәлелдердің нақтылығы;
- сөз көркемдігі.



11. «Шығу парагын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жаз-баша жауап бер.

1) Бұгін не үйрендің?

2) Сабак бойынша қандай сұрақтарың бар?

3) Келесі сабакта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

**5-сабак**

**ТЕЛЕДИДАР – ЕҢ ҮІҚПАЛДЫ БАҚ**



1. Төмендегі сұрақтар бойынша пікір алмасындар.

1) Сенің отбасында теледидардың рөлі қандай?  
2) Отбасында кім қандай бағдарламаны көргенді үната-  
ды? Өзің ше?

3) Қазақстандық немесе шетелдік телебағдарламалардың  
қайсысын жиі көресің? Ол бағдарлама несімен үнайды?



2. Жағдаят. Бұгін – анаңың туган күні. Қай БАҚ құралы арқылы құттықтар едің? Құттықтау мәтінін жаз. Оны жолдау үшін өзің қалаған БАҚ құралына телефон шалып, сейлес.

## Тілдік бағдар

### Мақсат багыныңқылы сабактас

Багыныңқылы сейлем басыңқыдағы іс-әрекеттің мақсатын білдіретін сабактастың түрі **мақсат багыныңқылы сабактас сейлем** деп аталады. Сұрақтары: *не мақсатпен? не етпек болып? не үшін? неге?*

а) -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек жүрнақты етістіктен кейін болып көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалады. *Керек болған затты алып шықпақ болып, өзі жалғыз кірді.*

б) Тұйық етістік, кейде болжалды келер шақ есімшениң болымсыз түрі мен үшін шылауының тіркесуінен жасалады. *Кесе-шәйнекті сындырмай ұстау үшін, жақсы сөре керек.*

б) Шартты, бұйрық және қалау рай тұлғалы етістік пен *деп* көмекші етістігінің тіркесуінен болады. *Сол шаң тына қалар ма еken деп, Көпей самауырды есік алдына қойды.*



**3. Мәтінді оқы.** Автордың пікіріне қосыласың ба? Неліктен? Мәтіннен мақсат багыныңқылы сейлемді тап.

Бүгінгі БАҚ жүйесі жетіліп, қалыптасқан жағдайда оны былайша тұжырымдауға болады: радио ақпарат таратады, құлақтандырады; телевизия оқиғаны, болмысты көрсетеді; газет-журнал деректі, оқиғаны талдаپ, түсіндіреді; ғаламтор ақпаратты сан қырынан көрсетеді.

Радиоақпарат таратудың басты 3 қасиеті бар. Радионың ең басты қасиеті – жеделдігі. Қалыптасқан БАҚ жүйесінде бірде-бір басқа құрал мұндай жеделдікті қамтамасыз ете алмайды. Газет ақпараты оқырманына жету жолында бірнеше күрделі процесті: деректі жинау, терім, беттеу, көбейту және тасымалдан өтіп, бірнеше сағаттан бірнеше тәулікке дейінгі уақытты қамтуы мүмкін. Телевизияда соңғы жылдары ғарыштық байланыс құралдары арқылы оқиға ортасынан тікелей хабар беру жолға қойылды. Бірақ ол көп шығынды, қымбат техникалық құралдарды қажет ететіндіктен, екі телеарнаның бірінің шамасы жетпейді, сондықтан сирек, үлкен компаниялардың ғана тәжірибесінен орын алған. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін, соңғы

уақытта радио қолдану кең етек алғып келеді, яғни тікелей әфирде телефон арқылы ақпарат беру жиі кездесіп жүр. БАҚ қатарына қосылған ғаламтордың да өзіндік шектеулері бар.

«Радиожурналистика» оқулығынан



#### 4. Мәтінді оқып, сабактас құрмалас сойлемдерді тап.

Қазіргі кезде жүртты арбап, алдына байласп қоятын сиқырлы үй құралдары бар. Солардың бірі – көгілдір экран, екіншісі – компьютер. Бүгінгі өмірді әрбір шаңырақтың төрінде тұратын теледидарсыз немесе әр адамның қолында жүрген телефонға дейін жалғанған ғаламтор желісінсіз көзге елестету мүмкін емес. Ал бұдан жартығасыр бұрын ғаламтор түрмақ, көгілдір экранға қол жеткізуіндегі өзі көпшіліктің арманы болған.

Откен ғасырдағы қырғиқабақ соғыс кезінде КСРО Батыс елдерімен барлық бағыт бойынша бөсекеге түсті. Бірақ одан ешқандай пайда тапқан жоқ, көп жағынан **кенжелеп қалды**. Кеңес Одағы адамды бірінші болып ғарышқа ұшырғанымен, электрондық есептеу мәшинесі, тұрмыстық техникаларды дамыту жағынан ондаған жылдарға кейін қалды. Мысалы, Кеңес Одағында откен ғасырдың 60-жылдарында алғаш теледидар пайда болды. Ал АҚШ-та 1951 жылы 10 млн теледидар болған.

Алпысыншы жылдардың басында КСРО-да мерекелік «Голубой огонек» деген бағдарлама дайындалып, жыл сайын Жаңа жыл қарсаңында теледидары бар тұрғындар оны тағаттыздана күтетін. 1962 жылы алғашқы музыкалық ойын-сауық бағдарламасына тапсырыс берілгенде «Рекорд» маркалы көгілдір экран елге енді таралып жатқан. Бұл алғашқы лампальық теледидарлар Воронеж және Александров қалаларындағы радио зауыттарында 1956 жылдан бастап жасала бастады. Сапалы, құнды ағаштан жасалған жәшіктің ішіне орнатылған бұл теледидар бастапқыда 5 арнада жұмыс істеді.

Ол кезде үйінде теледидары бар адам тұрмысы жақсы, бақуатты отбасы болып саналды. Теледидарды сатып алған адам оны міндетті түрде құзырлы органға апарып тіркететін болған. Бұл теледидарлар, өрине, қазіргідей түрлі түсті

болған жоқ. Бірақ Александров қаласында жасалатын телекүралдың экраны әдемі көгілдір түспен ерекшеленді. Мұндай тұрмыстық озық техникаға қолы жеткендер теледидарды қөшедегі жұргіншілер көріп, қызығып қарасын деген ниетпен терезелерінің алдына қою сөн болған. Көгілдір экранның сөулесі күндіз де көрініп тұратын, ал түнде қөшеде өтіп бара жатқан адамдардың назарын өзіне еріксіз аударатын. Ірі қалалардың тұрғындары кешкүрм қөшелерге шығып, қанша адамның үйінде көгілдір экран жарқырап тұрғанын санайтын еді.

*K. Төрежан*



**5. Мәтін мазмұны бойынша күрделі жоспар құр.** Жоспарға қарап, мәтін мазмұнын қысқаша баянда. Қарамен жазылған сөздердің мағынасын анықта.



**6. Рөлдік ойын.** Сен – теледидар экспонаттары қойылған мұражай қызметкерісің. Суретке қарап, теледидар тарихы туралы мәлімет жина. Соган сүйеніп, 3 минуттық шолу сез мәтінін айт. Сөзінде өзің қалаган дәуірдің теледидарына тоқталып, оны сипатта. Сабактас құрмалас сөйлемдерді пайдалан.



**7. Оқылым мәтінінің мазмұны бойынша зерттеу жүргіз.** Атаң мен әжениен, әкең мен анацин теледидарға қатысты сұхбат алу үшін 4 сұрақ дайында. Сұхбатта олардың өміріндегі теледидардың рөлі, естерінде қалған телехабарлар, бүгінгі теледидар бағдарламаларының сапасы жөнінде сөйлес.

Олардың жауабын сұхбат түрінде құрастырып жаз. Сонында тұжырымыңды сабактас құрмалас сөйлеммен айт.



8. Сабактан алған әсерінді айтып бер.

## 6-сабак

## НӨТИЖЕ САБАҚ



1. «Салыстыр». Мәтінді оқып, радио және теледидардың айырмашылығы мен ортақ белгілерін Вenn диаграммасы түрінде жаз.

Радио тындарман үшін аса қолайлыштың және бұл қасиетінің маңызы айрықша. Радионы тыңдау үшін арнайы уақыт белу, болмаса күш жұмысай міндетті емес. Үй шаруашылығындағы тірлікпен айналысып жүріп те, жұмыс уақытында да, тамақтанып отырып та, автокөліктегі келе жатып та, сейіл құрып жүріп те радионы еш кедергісіз тыңдай бересіз.



2. Мәтіндерді оқы. «Қос жазба күнделігі» тәсілімен осы білім тақырыбымен байланыстырып, сабактас құрмалас сөйлемдермен өзіңе ұнаган мәтінге түсініктеме жаз.

Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сез арқылы жақсылап айта білсек, сол сез өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіп-теп, қисынын, қырын, кестесін келтіріп сез арқылы тысқа шыгару – сез шыгару болады.

*Ахмет Байтұрсынұлы*

Біз сез арқылы ғана неше түрлі ойымызды сыртқа білдіре аламыз һәм басқа адамдардың ойларын біле аламыз. Сез болмаса, адамда білім болмас еді. Атын атап, сезбен бекітіп тастамасақ, жанды суреттер, үғымдар түрмас еді. Сез болмаса, сезбен адамзаттың бір-бірімен ұғысуы болмаса, жер жүзіндегі осы күнгі адамзат тұрмысы деген тұрмыс та болмас еді. Қысқасы, жан көріністерінің ең қымбаты – ой. Ой тілі – сез.

*Магжан Жұмабаев*



3. Мәтінді тыңдап, конспект жаз.



**4. Ойталқы.** Тыңдалым мәтініндегі өзіңе ұнаган немесе ұнамған тұжырым бойынша пікірінді «Төрт сөйлем» құрылымын қолданып, сабактас құрмалас сөйлем түрінде айт.

- 1) **Пікір.** Өз ойынды бір сөйлеммен айт.
- 2) **Дәлел.** Пікірінді дәлелде.
- 3) **Мысал.** Пікірінді өмірмен байланыстыр.
- 4) **Қорытынды.** Өз қорытындынды айт.



**5. Рөлдік ойын.** «Бұқаралық ақпарат құралдарының айтысы». Сынып 5 оқушыдан топқа бірігіндер. Қосымша ақпарат көздерінен БАҚ түрлері туралы мәлімет жинаңдар. Сол мәліметтерге сүйеніп, БАҚ рөлінде айтысындар. Айтыста:

- өз тарихынды;
- өз жетістігінді;
- басқа құралдардан артықшылығынды;
- өзінді қолданушыларға деген тілегінді;
- өз болашағынды қалай елестететінінді айт.

#### Талаптар:

- *ақпараттарының мазмұнды, қызықты да тосын болуы;*
- *дәйектерінің молдығы;*
- *сөз мәдениетінің жогарылығы;*
- *юмордың (әзіл-сықақтың) болуы;*
- *ойдың анықтығы;*
- *уақытқа сыйымдылығы.*



**6. Сабактас құрмалас сөйлемге байланысты пысықтау сұрақтарына жауап бер.**

- 1) Құрмалас сөйлемнің қурамында ең кемінде неше жай сөйлем болады?
- 2) Бағыныңқы сөйлемнің баяндауыштары кез келген сез табынан бола бере ме? Қай сез таптарынан болатынын мысалмен дәлелде.
- 3) Деп көмекші етістігі қай бағыныңқылардың баяндауыштарында кездеседі? Мысал келтіріп айт.
- 4) Бағыныңқының баяндауыштары есімшеден кейін көмекші сөздердің тіркесуі арқылы жасалған сөйлемге мысал келтір.
- 5) Атауы мен сұраулары жөнінен түрлаусыз мүшелердің біріне үқсас сабактас құрмалас сөйлемнің қай түрі? Оның қызметін түсіндір.

## 8-БӨЛІМ

### ӘЛЕМДЕГІ ҚАҚТЫҒЫСТАР ЖӘНЕ БЕЙБІТШІЛІК



*Бұл бөлімде:*

- мәтін мазмұнына қатысты сұрақтарға болжаммен жауап беруге;
- мәтіндердің мақсатын, көркемдегіш құралдары мен жанрлық ерекшеліктерін анықтауга;
- мәтін құрап, қирделі жоспар құруга;
- аралас құрмалаас сөйлемдерді дұрыс қолдануга дағдыланасың.

## 1–2-сабак ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ



1. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Қақтығыс үғымын қалай түсінесің?
- 2) Қақтығыс не себепті болады?
- 3) Адамзат үшін оның қандай зияны бар?



2. Мәтінді тыңдал, тақырыбын анықта.

3. Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

- 1) «Этноконфессионалды», «либералды принциптер», «әлемдік қауымдастық» терминдері қандай мағынаны білдіреді?
- 2) XX ғасыр басындағы аса зардапты қақтығыс қалай аталды?
- 3) Америкалық ғалым Ф.Фукуяма қандай болжам айтты?
- 4) ТМД-да не себепті қақтығыстар туындауды?



4. Мәтінді оқы. Сабак тақырыбын түсіну үшін қай ақпаратты маңызды деп санайсың? Ойынды дәлелде.

Қақтығыс (*лат. Conflictus*) егесу, керісу, дау-жанжал, тартыс деген мағыналарда жиі қолданылады. Ерекшелігіне қарай халықаралық қақтығыстар бірнеше түрге бөлінеді:

- қатысушы мемлекеттер санына қарай: екіжақты немесе көпжақты;
- таралу ауқымына қарай: аймақтық немесе жаһандық;
- уақытына қарай: қысқамерзімді және ұзақмерзімді;
- қолданысына қарай: қарулы және қарусыз;
- себептеріне қарай: экономикалық, аумақтық, діни, этникалық және т.б.

Халықаралық қақтығыстың (жанжалдың) жағымды және жағымсыз жақтары болады. Жағымды жақтары: мәселені шешу үшін бірлесіп шешімін іздейді, мемлекеттер мұddeлерінің және мақсаттарының қарама-қайшылықтары анықталады, үлкен дау-жанжалдардың пайда болуының алдын алады және тұрақты өмір сүрге жол ашады. Халықаралық даулардың жағымсыз жақтары: зорлық-зомбылық, тұрақсыздық және бассыздық, тиімсіз саяси шешімдердің қабылдануы және т.б.


Халықаралық қақтығысты шешудің бірден-бір жолы келіссөз жүргізу болып саналады. Келіссөз жүргізуде бірнеше талап сақталу керек: 1) келіссөз жүргізудің талаптарын келісіп алу; 2) қақтығыстың негізгі себебін тауып, оны шешудің тиімді жолын іздеу; 3) концессия, үшінші тарапқа мәселені шешуге құқық беру. Егер бұл өрекеттер өз нәтижесін бермесе, оларды бейбіт шешім қабылдау үшін мәжбүр етуде санкциялар қолданылады.

Қазіргі таңда жиі кездесетін қақтығыстардың бірі – терроризм қаупі. Терроризм қазіргі кезде әлемде өршу үстінде. Жаһандық қауіп тудырып, әлем мемлекеттерінің бірлесіп қарсы тұруын қажет етеді.

#### *Этносаяси сездіктен*

 5. Мәтіннен салалас және сабактас құрмалас сейлемдерді тауып, мағыналық түрлеріне қарай ажыратып жаз.

 6. Ойланайық, ойлайық! Мәтінге сүйене отырып, сезжүмбақты шеш.



- 1) Бірнеше мемлекет қатысатын қақтығыс қалай аталаады?
- 2) Белгілі бір өңірді қамтыған қақтығыс түрін ата.
- 3) Мерзіміне қарай қақтығыс түрін ата.
- 4) Белгілі бір жер үшін болатын қақтығыс қалай аталаады?
- 5) Жанжал оңтайлы шешілсе, ол қандай нәтижеге жатады?
- 6) Жанжал зорлық-зомбылыққа дейін барса, ол қандай нәтижеге жатады?
- 7) Терроризм қандай қауіпке жатады?
- 8) Мәселені шешу үшін үшінші тараптың араласуы.

### Тілдік бағдар

#### Аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдары

Құрмалас сөйлемдер екі жай сөйлемнен ғана емес, үштөрт жай сөйлемнен де құралады. Бірнеше жай сөйлемнің бір-бірімен салаласып, сабактасып байланысқан түрін аралас құрмалас сөйлем дейміз. Мысалы: *Ертедегі адамдар табигатқа табынып, оның әр құбылысына таңырқаса, қазіргілер табигатты табындырамыз деп әуреленуде.* Бұл – тиянақсыз-тиянақсыз-тиянақты тұлғалы аралас құрмалас сөйлем. Оның құрамындағы үш жай сөйлемнің алдыңғы екеуі сабактасып, кейінгі сөйлеммен байланысып тұр.

Аралас құрмалас сөйлемдер төрт жай сөйлемнен құралу да мүмкін. Ондай аралас құрмалас сөйлемдердегі мағыналық байланыс тиянақсыз-тиянақты-тиянақсыз-тиянақты тұлғалы болып келіп, әр сынарының өзіндік басыңызы сынары болады. Мұнда алғашқы тиянақсыз тұлғалы сынар өзінен кейінгі сынардың бағыныңызы сипатында жұмсалады, ал екінші сынар тиянақты тұлғалы бола тұра, келесі сынардың бағыныңызы белігі болып саналады. Төртінші сынар ортанғы сынарга басыңызы сипатта тұрса да, бірінші сынармен мағыналық байланысқа түспейді. Мысалы: *Адам баласы ежелден-ақ табиги ресурстарды пайдаланып келсе де, оның қыры мен сырын толық тапты деу қыын, себебі табиги ортаның әлі ашылмаган қыры көп, сонымен қатар айтылмаган жыры да аз емес.*

Аралас құрмалас сейлемнің айтылу ыргагы да кең. Онда салаласқа тән тиянақты, сабақтасқа тән тиянақсыз ұласпалы ыргақ орын ауысып, бірде тиянақты-тиянақсыз, бірде тиянақсыз-тиянақты түрде келеді.



7. Адамзат тарихында аса зардапты із қалдырган Ұлы Отан соғысы туралы шағын мәтін құра. Мәтінде аралас құрмалас сейлемдерді қолдан.



8. Мәтінді түсініп оқып, тезис жаз. Аралас құрмалас сейлемдерді тап.

Халықаралық қақтығыс – бұл екі немесе одан да көп тараңтың белгілі бір мақсатқа жету жолындағы текетіресі. Халықаралық келіспеушіліктердің ірі соғыстарға айналуы тарихта жиі болған. XX ғасырдың басында европалық елдердің арасындағы қайшылықтар ымыраға келмес екі ірі әскери одактың құрылуына әкелді. Өр мемлекеттің өзінің саяси мүдделері болды. Австро-Венгрия Сербияны, Германия Балтық бойын, Қырым, Кавказ, Азов теңізі, Дон өңірлерін басып алуды, Англия мен Франция Германияның Африка-дағы отарларын, Таяу Шығыстағы Осман империясының жерін басып алуды көздеді. Осыған байланысты Бірінші дүниежүзілік соғыс басталды. Бірінші дүниежүзілік соғыс адам баласының бүкіл тарихындағы ең қырғын, ең жойқын соғыс болды. Соғысқа халқының саны 1,5 млрд-қа жететін 33 мемлекет қатысты. Шайқастарда 10 млн адам қаза тауып, 20 млн адам жарақат алды. Соғыс шығыны сол кезеңдегі бағамен 300 млрд долларға тең болды. Мындаған

қала, елді мекен, көсіпорын, мекеме қиратылып, көптеген ауылшаруашылық жер қаңырап бос қалды. Миллиондаған адам баспанасынан, мал-мұлкінен айырылып, азаматтығын және көсіби мамандығын жоғалтып, жұмыссыз қалды.

Ауқымы жағынан ең ірі және көп зардал әкелген келесі халықаралық қақтығыс 1939 жылдан 1945 жылға дейін созылған Екінші дүниежүзілік соғыс болып саналады. Бұл соғысқа 1,7 миллиардтан астам халқы бар 60-тан аса мемлекет қатысты. Соғыс 22 миллион шаршы шақырым жерді қамтыды. Соғысқа қатысушы елдердің қарулы күштерінің қатарында 110 миллион әскер болды, 60 миллионнан астам адам қаза тапты. Фашистік идеология еврей халқына қатысты ерекше қастандық саясат ұстанып, 6 миллион еврейді қырып таставады.

ХХ ғасырдағы ең ұзаққа созылған соғыстан кейінгі текетірес «Қыргиқабақ соғыс» болып саналды. Қыргиқабақ соғыс – 1945–1991 жылдар аралығында әлемдегі екі саяси жүйедегі аса ірі мемлекеттер КСРО мен АҚШ арасындағы бақталастық саясат. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін, АҚШ пен Батыс Еуропа елдері «коммунистік жүйені» әлемге таратпауға тырысты, сол үшін КСРО мен социалистік елдерге қарсы түру үшін НАТО (Солтүстік атлантикалық келісім үйімі) әскери-саяси одағына бірікті. КСРО бастаған социалистік елдер Варшава шарты үйімін құрды. 1991 жылы КСРО-ның тарауымен қыргиқабақ соғыс аяқталды.

«Қыргиқабақ соғыс» кезеңінен кейін, халықаралық қақтығыстар аяқталды деп ойлағанмен, соғыс жағдайына жеткен аймақ үшін қақтығыстар саны артты. Бұған мысал ретінде Армиян–Әзіrbайжан қақтығысын, Югославиядағы оқиғаларды, Ресей мен Грузияның арасындағы 2008 жылғы соғысты т.б. айтуда болады.

*«Егemen Қазақстан» газетінен*



9. «Тыңдал отырган үштік» тәсілімен жұмыс істеңдер.

**Шешен** – мәтіндегі негізгі ақпарат көздерін табады, пікір білдіреді.

**Тілші** – мәтін негізіне сүйене отырып, ашық сұрақтар құрады.

**Хатшы** – қажетті жерлерін жазып алғып, сонында қорытынды жасайды.

 10. Керекті сөздерді пайдалана отырып, мақалдардың жалғасын тауып жаз.

- 1) Шөлде сұынды сақта,  
...
- 2) Қанды соғыс ерге сын,  
...
- 3) Жолдас қадірін жорықта білесің,  
...
- 4) Қаруың қалпында болса,  
...
- 5) Ел даусыз болмайды,  
...

*Керекті сөздер:* қаптаған, қапыда, ер жаусыз, жау елге сын, қалмайсың, болмайды, соғыста, дос қадірін, туынды сақта, соғыста білесің.

 11. Мақалдардың қайсысы салалас, қайсысы сабактас екенін ажырат.

*Улгі:* Болат қайнауда шыныгады,  
Батыр майданда шыныгады. (Жалғаулықсыз ыңғайлас мәнді салалас құрмалас сөйлем.)

 12. Ортақ ой. Мақал-мәтелдердегі ортақ ойды тап. Мақал-мәтелдердің мәнін ашып, өз ойынды білдір.

 13. «Автор орындығы» әдісін қолдана отырып, «Қақтығыстардың зардаптары» тақырыбында ой толға.

**Шарты:** Оқушылар берілген тақырып тәцірегінде өз ойларын дәптерге түсіреді. Жазып болған соң, бір оқушыдан шығып, өз жұмысын оқиды, отыргандар оның мәтіні бойынша бір сұрақ пен бір пікір әзірлейді. Сұрақ қойып, өз ойларын білдіреді.

---

 14. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Мен үшін бүгінгі сабак құнды болды ма?
- 2) Мен үшін қандай тапсырма қызықты болды? Мен оны қалай орындағым?
- 3) Мен неден қиналдым?

## 3-4-сабак

## ӨРКЕНИЕТТЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ



1. Сұрақтарға жауап бер.



- 1) Өркениет деген не?
- 2) «Өркениеттер қақтығысы» дегенді қалай түсінесің?
- 3) Өркениеттер қақтығысының адам өміріне кері әсері қандай?
- 4) Әлемдік қақтығыс зардаптарының өркениетке қатысы бар ма?



2. Мәтіндегі ойды талдаң, аралас құрмалас сейлемдерді табыңдар.

Өркениеттер қақтығысы – америкалық саясаттанушы Сэмюэл Хантингтонның өркениеттік күйреу туралы тұжырымдамасы. Алғаш рет бұл тұжырымдама 1993 жылы Хантингтонның «Өркениеттер қақтығысы» мақаласында келтірілді, қысқа мерзім ішінде бірнеше тілге аударылып, қызу пікірталас тудырыды.

Өркениеттер тіл, әдет-ғұрып, дін, институттар және т.б. ортақ белгілері бойынша сипатталады. Осы орайда, автор әлемдегі батыстық, конфуциандық, жапондық, исламдық, индуистік, православиелік, славяндық, латын американалық және африкалық өркениетті ерекше атап көрсетеді. Автордың пікірінше, қыргиҙабақ соғыс аяқталып, кеңестік одак ыдырағаннан кейін, әлемдегі қайшылықтардың жаңа торабы жоғарыда аталған өркениеттердің арасында болады.

*«Әлем өркениеттері» кітабынан*



3. «Батыс және шығыс өркениеті» деген тақырыпқа дереккөздерден материал жинап, пікірталас үйымдастырыңдар.



4. Рөлдік ойын. «Өркениеттер қақтығысы – әлемдік дамудың шегі» атты тақырыпта саясаткерлер мен тарихшы ғалымдар болып пікір таластырыңдар.



5. Мәтінді оқып, жай сейлемдерді құрмалас сейлемдерге айналдырыңдар.

Адамзаттың дамуын өркениеттен бөліп алып елестету мүмкін емес. Өркениеттің түрлері жайлы американдық саясаткер М. Мелко мынадай ой қорытындыға келеді: «Саналы келісім» бойынша 12 өркениет бар, бірақ қазіргі таңға дейін оның жетеуі жойылып кеткен, ал бесеуі өмір сұрулерін жалғастыруда. Олар: қытайлық, жапондық, индуистік, исламдық және батыстық».

Солардың ішінде ислам өркениетінің бар екендігін ғалымдардың барлығы мойындайды. Араб тубегінде б.з. VII ғасырында пайда болған ислам Солтүстік Африка, Пиреней жарты аралы және Орталық Азия, Үндістан, Оңтүстік-Шығыс Азияға тез арада тарапалды. Соның нәтижесінде, исламның ішінде көптеген бөлек мәдениеттер мен субәркениеттер пайда болды. Оларға арабтық, түркілік, парсылық және малайлықты жатқызуымызға болады.

Ал Батыс өркениетінің қалыптасуын б.з.б. 700–800 жылдарға жатқызады. Ғалымдар оны үшке бөледі. Олар: Еуропа, Солтүстік Америка және Латын Америкасы.

Б. Арынгазиева



**6. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.**

- 1) Өркениеттердің бір-бірінен ерекшелігі неде?
- 2) Қазақстан қай өркениеттің тармағына жатады деп ой-лайсың? Себебі неде?
- 3) Қазіргі таңдағы жойылып кеткен өркениеттер қатарын ата.



**7. Косымша дереккөздерді пайланып, кестені толтыр.**

№	Өркениеттер атауы	Қалыптасуы	Ерекшелігі
1.			
2.			
3.			



**8. Мәтінге сүйеніп, «Өркениеттер қақтығысы» тақырыбында салалас, сабактас, аралас құрмалас сойлемдерді қолдана отырып, шағын ойтолғау жаз.**



**9. Мәтінді тыңдал, конспект жаз.**

 10. «Дербес пікір» тәсілін қолданып, мәтін мазмұны бойынша пікірінді жаз (уақыт мөлшері: 5 минут).

**Өзіндік пікір (идея)** – бір сейлем.

Дәлел – екі сейлем.

Оз пікірін дәлелдейтін мысал – екі сейлем.

Оз пікіріне қарсы пікір – бір сейлем.

Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – екі сейлем.

Корытынды – екі сейлем.



### 11. Оқушы үні!

Бүгінгі сабакта

мен үшін не қызық болды?

мен үшін не құнды болды?

мен үшін не қыын болды?

5–6-сабак

БЕЙБІТШІЛІК – ЖАҢАНДЫҚ  
ДАМУ КЕПІЛІ



1. Сұрақтарға жауап бер.

1) «Бейбітшіл», «бейбіт әлем», «бейбіт өмір» деген тіркестердің мәні неде?

2) Бейбітшілік символдары деген не?

3) «Әлем бейбітшілігі жолында күресу» дегенді қалай түсінесің?



2. Мәтінді тыңдалап, негізгі тірек сөздерді анықта.



3. «Тыңдалап отырган үштік» әдісі негізінде тыңдалым мәтінімен жұмыс істендер.

**Шешен** – мәтін мазмұнын баяндайды. Негізгі тірек сөздерді табады.

**Тілші** – мәтін мазмұны бойынша ашық сұрақтар әзірлейді.

**Хатшы** – тілдік бағдар бойынша құрмалас сөйлемдерді тауып, мағыналық түріне қарай ажыратады.

*Ашық сұрақтардың үлгісі:*

«Бейбітшілік – адамзаттың асыл құндылықтары» дегенді қалай түсінесіңдер?



4. Сабақ тақырыбын төмендегі суреттердің мазмұнымен байланыстырып айт.



5. Мәтінді оқып, құрмалас сәйлемдерді түріне қарай ажыратып жаз.

Біріккен Үлттар Үйімі – Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін КСРО, АҚШ, Қытай және Ұлыбритания мемлекеттерінің белсенділік танытуымен құрылған халықаралық үйим. 1945 жылы Сан-Францискодағы конференцияда антигитлерлік коалицияға мүше мемлекеттердің ұсынысымен күштерін біріктіру мақсатында құрылған егеменді мемлекеттердің халықаралық үйимі. БҮҮ-ның ең басты әрі негізгі құжаты оның Жарғысы болып саналады. Үйим Жарғысына 1945 жылдың 26 маусымында Сан-Франциско конференциясында 51 мемлекет қол қойды. Бұғанде БҮҮ құрамына 192 мемлекет кіреді. Жарғысына сәйкес, БҮҮ өз қызметінде мынадай 4 мақсатты көздейді: бүкіл әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау; үлттар арасындағы достық қатынастарды дамыту; халықаралық мәселелерді шешуде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру және адам құқығын құрметтеуді қолдау; осы мақсаттарға қол жеткізуде үлттардың бірлесіп әрекет ететін орталығы болу.

Еуропа Қауіпсіздік және Үнтымақтастық үйымы. 1973 жылы шілде айында Хельсинкиде 33 мемлекеттің басшылары бас қосты. Алғашқы кезде Еуропаның ынтымақтастыры және қауіпсіздігі жөніндегі кеңес деп аталды. 1975 жылы 1 тамызда осы мемлекеттер Хельсинки Актісіне қол қойды. Хельсинки Актісінде Халықаралық қауіпсіздікті сақтау принциптері мыналар: мемлекеттердің егемендігі, тендері; күш қолданбау және «күш қолданамын» деп қорқытпау; қазіргі шегаралардың бұзылмайтындығы; мемлекеттердің аумақтық тұстасығы; даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу; ішкі істерге араласпау; адам құқығын құрметтеу, олардың ойлау, ар-ұждан, діни сенім бостандықтарын сыйлау; халықтардың өз тағдырын өзі таңдау құқығы; мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық; халықаралық құқық міндеттерін адал орындау.

Ұжымдық Қауіпсіздік Шарты Үйымы (ҰҚШҮ) – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының өскери-саяси үйымы. 1992 жылы 15 мамырда Ташкент қаласында Ұжымдық қауіпсіздік шартына қол қойылып, 2002 жылы Ұжымдық Қауіпсіздік Шарты Үйымы деп аталды. ҰҚШҮ-ның негізгі мақсаттары: жаңа трансұлттық қауіптерге қарсы тұру; орын алып отырған немесе ықтимал аймақтық немесе шағын қақтығыстардың алдын алу, шешімін табу; халықаралық лақестікпен, агрессивті экстремизммен, қару мен есірткінің заңсыз айналымымен, үйымдастырылған қылмыспен, жаппай қырып-жою қаруын таратумен күрес.

Шанхай Үнтымақтастық Үйымы. 1996–1997 жылдары Қытай, Ресей, Қазақстан, Қыргызстан, Тәжікстан бас қосқан бес мемлекеттің басшылары Шанхай мен Мәскеуде кездесіп, шегара аумагында өскери сенім шараларын күшету келісімі, шегарадағы өскери күшті қысқарту және сенім шараларын күшету келісіміне қол қойды. Алғашында «Шанхай бестігі» деп аталды. 2001 жылдың 1 маусымында Өзбекстан үйымға кіргеннен бастап, Шанхай Үнтымақтастық Үйымы (ШҮҮ) болып өзгерді. Шанхай Үнтымақтастық Үйымының мақсаттары: мұше мемлекеттер арасында өзара сенім, достық, татулық қарым-қатынастарды нығайту; саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, білім беру, қуат көзі, көлік, экологиялық және өзге де салаларда тиімді әріптестік шараларын дамыту; ортақ күш жұмсап, аймақтық

бейбіт өмірді, қауіпсіздікті және тұрақтылықты қамтамасыз ету, демократиялық, әділ және үтымды саяси, экономикалық халықаралық тәртіп орнатуға жағдай жасау.

 6. Мәтін мазмұнына сүйеніп, әр үйымның мақсаты мен міндеттерін көрсететін сызба құрастыр.

 7. Рөлдік ойын. «Үйымдар диалогі». Сынып төрт-төрттен топқа бірігіндер. Әр топ үйым мүшелерінің өкілі ретінде әңгімелессін. Өз үйымы туралы сейлесін.

 8. «Бейбітшілік – жаһандық даму кепілі» деген тақырып бойынша постер жасаңдар.

 9. «Бейбітшілікті сую – адамзаттың парызы» деген тақырыпта эссе жаз.

#### Эссеge қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- дерек пен дәлелдерді ұтымды пайдалану;
- көркемдегіш құралдарды орынды қолдану;
- әдеби тіл нормаларын сақтау;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі түрде жеткізу.

 10. «Біз бейбіт өмірді дәріптейміз» тақырыбында жарнама мәтінін өзірлендер.

#### Жарнамаға қойылатын талаптар:

- негізгі оқигаларды, дәлелдемелерді қамтуы;
- өз ойна сүйене отырып, «менің ойымша», «менің пікірімше», «сонымен», «қорыта айтқанда» және т.б. оқшау сөздерді қолдану.

 11. Мақал – сөздің мәйегі. Сыңарын тап.

Ер татулығы –	иглік
Татулық –	бірлікте
Бінтымақ түбі –	игі
Береке көзі –	табылмас бақыт
Бінтымақтың арты	ел татулығы



**12.** Өн – рух, өн – сезім, өн – естелік. «Ақ көгершін» әнін тыңдаап, алган әсеріңмен бөліс.



**13.** «Шығу парагын» толтырып.

Қызықты болды	Бәрін түсіндім	Қиын болды

## 7-сабак

## НӘТИЖЕ САБАҚ



**1.** Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Қақтығыс үгымы, түрлері жайлы не білдің?
- 2) Қандай халықаралық қақтығыстарды білесің?
- 3) «Әркениеттер қақтығысы» үгымы қалай пайда болды?
- 4) Әлемдік әркениеттер туралы не білесің?



**2.** Суретке зер салып, бұл оқиға туралы қандай мәлімет білестінінді айт.



*Отырар шайқасы. Т. Тілеуужанов салған сурет*

**3.** Мәтінді оқып, негізгі ойды түжырымда.

Қазақстан халқы Ассамблеясы 1995 жылы 1 наурызда құрылған. Ассамблеяның мақсаты – қазақ халқының топ-

тастыруышылық рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және руханимәдени ортақтығы негізінде қазақстандық біркелкілікті және бәсекеге қабілетті үлттық қалыптастыру үшін, республикадағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету.

Ассамблеяның негізгі міндеті – этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен өзара тиімді іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасау, ел бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негіз қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту. Сонымен қатар Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекеттік органдарға экстремизм мен радикализм көріністеріне қарсы әрекет етуге, азаматтардың демократия нормаларына негізделген саясиқұқықтық мәдениетін қалыптастыруға көмек көрсетеді. Ассамблея этномәдени бірлестіктердің күш біріктіруін, этномәдени орталықтардың, Қазақстан халқының үлттық мәдениеттері, тілдері мен дәстүрлерінің өркендеуін, сакталуын және дамуын қамтамасыз етеді.

#### *Қазақстан халқы Ассамблеясы сайтынан*



4. Суретке қарап, сұрақтарға жауабынды аралас құрмалас сейлемдер түрінде бер.



- 1) Қазақстан халқы Ассамблеясы қашан құрылды?
- 2) Ассамблеяның мақсаты мен міндеттері туралы өз ойынды айт.
- 3) Ассамблея Қазақстан халықтарының татулығы жолында қандай істегі жүргізуде?



**5.** Қазақстанның әлемдегі бейбітшілікке қосқан үлесі жөнінде пікірінді айт.



**6.** «Елдестірмек – елшіден, жауластырмак – жаушыдан» мақалалының мәнін аша отырып, тақырыпқа байланысты ойтолғау жаз.

#### Ойтолғауга қойылатын талаптар:

- тақырыпты бағндаудың жүйелілігі;
- дерек пен дәлелдерді ұтымды пайдалану;
- әдеби тіл нормаларын сақтау;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі түрде жеткізу.



**7.** Сабакта алған әсерінді, ойынды төмендегі кестеге сәйкес жаз.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Білемін	Білмеймін	Мен үшін жаңа ақпарат	Мені таңгалдырды

## 9-БӨЛІМ

### ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ



*Бұл бөлімде:*

- мәтін мазмұнына қатысты сұрақтарға болжаммен жауап беруге;
- мәтіндердің мақсатын, көркемдегіш құралдары мен жанрлық ерекшеліктерін анықтауга;
- галамтор, энциклопедия, газет-журналдардағы деректерді пайдалануга;
- құрмалас сөйлемдердің тыныс белгілерін дұрыс қолдануга дагдыланасың.

## 1–2-сабак

## ТАБИГИ РЕСУРС ТҮРЛЕРИ



1. «Табигат», «байлық», «қор», «игілік», «экология», «Ұлы дала елі», «болашақ», «ресурс» сөздерін қатастыра отырып, сабак тақырыбымен байланысты шағын мәтін құра.



2. Табигат байлығына қатасты мақалдарды оқы. Бір мақалдың негізінде қазақтың табигатқа қатасты дүниетанымы туралы пікір жаз.

- 1) Жер – ел ырысы.
- 2) Сулы жер құрақсыз болмас,  
 Таулы жер бұлақсыз болмас.
- 3) Бұлақты болса, көл семіреді,  
 Қордалы болса, жер семіреді.
- 4) Бір тал кессең, он тал ек.



3. Рөлдік ойын. Топқа бірігіндер. Суреттегі адамдардың ролінде өздерің таңдаған мамандықтың табигат ресурстарымен қандай байланысы бар екенін айтып, әңгімелесіндер. Сынып ең үздік топты анықтасын.

#### Бағалау критерийлері:

- тақырыптың ашылуы – 1 үпай;
- диалогтің сауатты өрбүй – 2 үпай;
- тіл көркемдігі – 1 үпай.



## Тілдік бағдар

### Құрмалас сейлемдердің тыныс белгілері

Тыныс белгілері айтайын деген ойды нақты, дәл жеткізіп, сейлемнің грамматикалық, мағыналық және интонациялық үстанымдарына сәйкес қойылады. Сейлеуші ойын жай сейлеммен де, құрмалас сейлеммен де жеткізе алады. Ендеше тыныс белгісі сейлем соына және құрмалас құрамындағы жай сейлемдердің арасына қойылатын тыныс белгілері болып бөлінеді.

Сейлем соына қойылатын тыныс белгілері	нүктес (.), сурау белгісі (?), леп белгісі (!), көп нүктес (...)	Даралаушы қызмет атқарады.	Табиғат біздің басты байлығымыз болғандықтан, оны қоргау борышымыз.
Сейлем ішіне қойылатын тыныс белгілері	үтір (,), сзықша (-), нүктелі үтір (;), қос нүктес (:), жақша (), тырнақша (« »), үтірлі сзықша (,-)	Ойдың ара-жігін ажыратып, ерекшелеуші қызмет атқарады.	Бір тал кессен, он тал ек. Баршаңызға айтарым – қоршаган ортага қамқорлық танытыңыздар. Сөз бергенге ерме, – бөз бергенге ер.

4. Тыныс белгілерінің ережесіне сүйене отырып, сыйбаны толтыр.



5. Мәтінді оқы. Ой желісіне сәйкес мәтін бөліктерінің орнын ауыстырып, конспект жаз.

Табиғи ресурстарды пайдалану зор білімді, көрегендікті, тұған жерге деген сүйіспеншілікті талап етеді. Сондықтан да осы сала мамандары арнайы жоғары оқу орындарында дайындалады. Оның қыры мен сырын меңгереді. Жоғары жетістікке жеткен мамандар ұлтының мақтандышина айналады. Сондай тұлғаның бірі – аса көрнекті қазақ геологі, қоғам қайраткері, Қазақ Ұлттық ғылым академиясын үйымдастыруши және оның тұңғыш президенті, академик, қазақстандық металлогения мектебінің негізін қалаушы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев.

Қ. Сәтбаев Қарағанды металлургия зауытын салуға, Қостанай, Алтай темір және марганец, Қаратрудың фосфорит кендерін игеруге, Ертіс–Қарағанды каналының қазылуына, ғылыми-зерттеу институттарының ашылуына тікелей араласып, зор еңбек сіңірді. Ол Қазақстан ғалымдарының көшбасшысы, тәрбиешісі, сонымен қатар геология ғылымына қатысты әлемдік, одақтық, қазақстандық түрлі дөрежедегі комиссиялардың, комитеттердің мүшесі, басшыларының бірі болды.

Көрнекті ғалым Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталарда Қазақ КСР Ғылым академиясының үйымдастыру жұмысын қолға алады. Ғалымның басшылығымен Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жасалып, Сарыарқа аймарында қара, түсті және сирек металдардың жаңа кендері ашылды.

Қаныш Сәтбаев КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарын иеленді. Оның есімі институттар мен кенметаллургия комбинаттарына, Қазақстан қалаларының көшелеріне, мектептерге және т.б. орындарға берілген. Сондай-ақ Алатаудың бір шыны мен мұздығы, Қаратудағы ванадий кенініңrudасынан табылған бір минерал (сатбаевит) оның атымен аталады. Ғалымға арналған бірнеше мұражай бар.

**Қ. Сәтбаев геологиядан басқа мәдениет, тарих саласына да көп еңбек сіңірген.**

*Қазақ энциклопедиясынан*



6. Мәтіндегі тыныс белгілерінің қойылу мақсатын, қызметтің түсіндір. Мәтін мазмұнына байланысты өз ойынды күрмалас сөйлем түрінде тұжырымдап жазып, тиісті тыныс белгілерін қой.



7. Қосымша ақпарат көздеріне сүйеніп, мәтіндегі қарамен берілген сөйлемнің мазмұнын толықтырып, ойынды ғылыми-көпшілік стилінде айт. Ғалымның өмірлік өнегесін таны-

татындағы мақал-мәтелдерді қолдан. Мысалы: «Ер ел үшін туады», «Ер – елдің құты» және т.б.



### 8. Мәтінді тыңдал, сұрақтарға жауап бер.

- 1) Мәтінде не туралы айтылды?
- 2) «Табиғат» сөзінің анықтамасына өзің қандай ой қосар едің?
- 3) Адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас не үшін мәңгілік?
- 4) Мәтін қай стильде жазылған?



9. Тыңдалым мәтіні бойынша негізгі ойды 2 не 3 аралас құрмалас сейлем түрінде түйінде жаз. Оларды интонацияны сактай отырып оқы.



### 10. Мәтінді оқы.

Табиғи ресурстар – адамзат баласының өмір сүруі мен тіршілігі үшін қажетті табиғи денелер, өндіргіш күштердің даму деңгейіне сәйкес өндіру және тұтыну құралдары ретінде пайдаланатын табиғи қорлар.



Табиғаттағы қорлар таусылатын және таусылмайтын ресурстар деп бөлінеді.

Таусылатын табиғи ресурстар үш түрге бөлінеді:

1) Қалпына келтірілмейтін ресурстар. Олар: жердегі үзақ эволюция процесінің нәтижесінде қалыптасқан рудалы және рудалы емес пайдалы қазбалар, минералды шикізат ресурстары.

2) Салыстырмалы түрде қалпына келтірілетін немесе қалпына келуі үшін ұзақ уақыт аралығы қажет ресурстар. Оларға жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер популяцияларын қалпына келтірудің шектеулі мүмкіндіктері де кіреді.

3) Қалпына келтірілетін ресурстар. Оларға тірі табигат элементтері, өсімдіктер мен жануарлар өлемі, минералдық шикізаттың жекелеген түрлері жатады.

Таусылмайтын ресурстар да үш түрге бөлінеді:

1) Климаттық ресурстар – жер мен күннің өзара қарым-қатынасына байланысты: күн энергиясы, жел энергиясы, атмосфералық ауа.

2) Су ресурстары: дүниежүзілік мұхит сулары.

3) Космостық ресурстар: жердегі тау жыныстары, космостық сәулелер мен метеориттер энергиясы.

Y. Серікболовтан



**11.** Мәтін мазмұны бойынша сыйба-жоспар құрастыр. Тірек сөздерді жаз. Тыныс белгілерінің қызметін түсіндір.



**12.** Жоспар бойынша түсінгенінді айт. Төмендегі сұрақтарға жауап бер:

1) Мәтін қандай стильде жазылған?

2) Мәтінге сүйеніп, таусылатын ресурстарға қандай сипаттама беруге болады?

3) Мәтін мен суреттердің арасында қандай байланыс бар?

4) Өзің бір сейлемді таңдап, ондағы тыныс белгілері қандай қызмет атқарып тұрғанын айтып бер.



**13.** Мәтін мазмұнына сай тақырып таңда. Таңдау себебінді түсіндір.



**14.** Мәтіннен термин сөздерді теріп жазып, олардың жазылуы қай орфографиялық принципке сәйкес келетінін айт.



**15.** «Біз табигат ресурстарын дұрыс пайдаланамыз ба?» Мәтін мазмұнына сүйеніп, табиги ресурстарды пайдалану туралы ойыцмен бөліс.



**16.** Тыңдалым, оқылым мәтіндеріне сүйеніп, «Табигат – тіршілік көзі» тақырыбына ғылыми-кепшілік стильде эссе жаз.



17. «Шығу парагын» пайдаланып, төмөндегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

- 1) Бұғін не үйрәндің?
- 2) Сабак бойынша қандай сұрақтарың бар?
- 3) Келесі сабакта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

## 3–4-сабак

## ЖЕР РЕСУРСТАРЫ



1. Суреттердегі табиғи ресурстарды шығу тегіне қарай қалай жіктеуге болады? Қосымша ақпарат көздерінен мәліметтер тауып, кесте түрінде жаз. Олардың қайсысы қалпына келтірілетін немесе қалпына келтірілмейтін ресурс екенін ажырат.



2. **Жағдаят:** Саған табиғи ресурстардың түрлері туралы 2 минуттық шагын хабарлама жасау тапсырылды. Керекті терминдерді қолданып, гылыми стилде хабарлама мәтінін жаз. Қандай тыныс белгілерін қолданғаныңды айт.

3. Кестеге қарап, табиғи ресурстардың жіктелуі жөнінде мәтін құрап айт. Сөзінді мысалдармен толықтыр.



4. Мәтінді тыңдалап, Менделеев кестесіндегі неше элементтің аты аталғанын анықта. Мәтін бойынша өз ойынды аралас құрмалас сөйлем түрінде жаз.



5. Қолыңа Қазақстан картасын ала отырып, тыңдалым мәтінінде аталған көн орындарын белгіле. Қай жерде не өндірілетінін шартты белгілермен көрсет. Картага қарап, мәтін мазмұнын қысқаша айтып бер.



6. Сабақ тақырыбына байланысты құрамында даралаушы тыныс белгісі бар З құрмалас сөйлем жаз.



7. Мәтінді оқып, тыныс белгілеріне мән бер. Құрмалас сөйлемдерді белгілеріне қарай анықта. Мәтіннің қай стильде жазылғанын дәлелде.

Табиғи ресурстардың жіктелуіне байланысты ғылымда өртүрлі пікір бар. Көптеген еңбектерде табиғи ресурстардың түрлерін қолжетімділігіне қарай (іске асатын немесе нақтылы және потенциалды); пайда болуына қарай (табиғи, антропогендік); химиялық табиғатына қарай (органикалық, минералдық), шығу көздері мен орналасуына қарай (жер, су, кен, өсімдіктер, орман); қолдану қызметіне қарай (өнеркәсіптік, ғылыми, эстетикалық); пайдаланылу өрісіне қарай (энергетикалық, шикізат, тамақ) және т.б. деп жіктейді. Ресурстар, сонымен қатар бастапқы (тікелей табиғаттан алынатын) және қосымша материалдық (өртүрлі өндіріс салаларында көдеге жарататын қосалқы өнімдері), таусылу белгісіне байланысты сарқылатын және сарқылмайтын болып та бөлінеді.

Табиғат ресурстары әрі қарай да бірнеше белгісі бойынша жіктеледі. Ресурстардың ең жиі қолданылатын жіктелу

жүйесі сарқылу жылдамдығына немесе қалпына келуіне байланысты болып отыр.

Сарқылатын және қалпына келетін ресурстар туралы айтқанда, жер және орман ресурстарына ерекше тоқталуға болады. Топырақ – барлық материалдық игілік негізі, әр адамның тұрмыс жағдайы осы байлық көзіне байланысты. Топырактың негізгі қасиеті оның құнарлығы, яғни есімдіктердің өнімі топырактың құнарлығымен байланысты.

Топыракты өндeуге дұрыс технология қолданылуы қажет. Өйтпесе ауылшаруашылығы экстенсивті түрде жүргізіліп, ормандар алқабы қысқартылып отырса, бұл жағдайлар су және жел эрозиясының күшеюіне әкеп соғады. Бұдан басқа пайдаланылатын жерлер, соның ішінде ете бағалы жыртынды жерлер жойылып кетуі мүмкін.

Сонымен, топыракты дұрыс баптау арқылы ғана қалпына келтіріп немесе бұзбай отыруға болады. Дүниежүзінде өңделетін топырақ мөлшері әр адамға шаққанда 0,28 га құрайды. Ал жеке мемлекеттер бойынша: Ресейде әр адамға шаққанда келетін егістік жердің көлемі 0,94 га, АҚШ-та 0,63 га, Қытайда 0,16 га, Германияда 0,15 га, Ұлыбританияда 0,13 га, Жапонияда 0,04 га, Қазақстанда 2,25 га. Бірақ жылдан-жылға барлық елде жарамды жер көлемі азауда.

-  8. Мәтіннен термин сөздерді теріп жазып, мағынасын анықта.
-  9. Мәтін мазмұнынан түсінгенінді сұрап/жауап тәсілі арқылы пысықта.
-  10. Мәтіндегі әр абзац бойынша тезис жаз. Өзің үшін жаңа ақпараттарды анықта. Оны жаратылыстану пәнінде меңгерген білімдеріңмен салыстыр.
-  11. Мәтіндегі табиги ресурстарды жіктеудің түрлері бойынша галамтордан екі кесте тап. Оларды салыстырып, қандай үқастығы немесе ерекшеліктері бар екенин анықта.
-  12. **Ойқокпар.** Сыныптағы оқушылар дебат технологиясы бойынша топқа бірігіндер. Ақтаушы және даттаушы топтар бүгінгі сабак тақырыбы бойынша резолюцияны анықтасын. Соның негізінде пікірталас өткізіндер. Мұғалімнің басшылығымен сараптау тобын құрып, бағалау критерийлерін айқындаңдар.

- 13.** Үлгі бойынша берілген мәтінді толықтырып, шетелде тұратын досыңа хат жаз. Құрмалас сейлемдерді қолданып, олардың тыныс белгілері туралы түсінік бер.

### Сәлем, досым!

Халің қалай? Денсаулығың, көңіл күйің жақсы ма?  
Қандай жақалықтарың бар?

Өзім жақсымын. Қазір мектепішілік ғылыми жоба жұмыстарына қатысып журмін. Өте қызықты болып жатыр. Таңдаған тақырыбым «Қазақстанның табиғи ресурстары» деп аталады. Көп ізденіс жасау нәтижесінде біраз жайтты анықтадым. Мысалы, ...

Хат жазып тұр! Көріскенше сау бол!

Сәлеммен, досың Сәбит.

- 14.** Арап теңізіне ариалган ән, термелерді сезіне мән бере отырып тында. Онда табиғи ресурстың түрлеріне байланысты көтерілген мәселелер туралы өз көзқарасыңды айт.



- 15.** Кестені пайдалана отырып, «Шығу парагын» толтыр.

Қызықты болды	Бәрін түсіндім	Киын болды

## 5–6-сабак

## «СУДЫҢ ДА СУРАУЫ БАР...»



1. Төмөндеңі мақал-мәттелдердің қайсысының сабақ тақырыбына қатысы бар? Пікірінді дәйектеп айт. Тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріп, олардың түрлерін ажырат.

- 1) Қолда барда алтынның қадірі жоқ.
- 2) Саяз су сарқырап ағады.
- 3) Алтынды еріткенмен, жez болмайды.  
Жібекті жуғанмен, без болмайды.
- 4) Алтынды еріте білмеген ірітер, теріні илей білмеген шірітер.
- 5) Елді қу бұзады, сүтті су бұзады.
- 6) Балық жаны – суда.
- 7) Су суренін табады.
- 8) Жақсы болсаң жердей бол, бәрін шыдан көтерген.  
Таза болсаң судай бол, бәрін жуып кетірген.



2. Мәтінді оқып, өз пікірінді түйіндең жаз. Мәтіннің қай стилде жазылғанын айт.

Қазақ халқы тыйым сөздер арқылы үл-қыздарын табиғатты аялауга, қорғауга үйреткен. Айнала қоршаган орта, табиғатпен өзара қарым-қатынас туралы ата-бабалар түйін-деген пайымдаулар өлі де өз құнын жойған жоқ. Сонау есте жоқ ескі замандардан бері қарай жалғасып келе жатқан даналық сөздердің ішінде туған топырақ, атамекен, табиғат, жан-жануарлар туралы үғым-түсініктер, таным-талғамдарын танытатын ырымдар мен тыйым сөздер ерекше орын алады. Олар, негізінен, жер мен суды, есімдіктерді, құстар мен жануарларды, аңдар мен жәндіктерді қорғауга, оларға рақымшылық етуге, обал, сауап дегенді сезінуге тәрбиелейді. Мысалы, халқымыз «Көкті жұлсаң, көктей соларсың» деп жаман өдettің жолын кесіп, тыйым салған.

Қазақ халқының жер, су туралы үғым-түсініктері де назар аудаарлық. «Обал болады» деп егінді, шалғынды жерді беталды бастырмаған, «Ағын судың арамы жоқ» деп суды ластамаған.


«Этнопедагогика» кітабынан

3. Суреттерге қарап, осы көріністерге байланысты мақалмөтелдерді тап. Оларды қатыстырып, бүгінгі сабактақырыбына байланысты диалог құрындар.



4. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді анықтап, дәптеріце жаз.
5. Тындалым мәтініндегі негізгі ой мен төменде берілген суреттердің қандай байланысы бар? Пікірінді дәлелден айт.





## 6. Мәтінді оқы.

Табиғат байлықтарының ішінде судың маңызы ерекше. Өйткені сусыз тіршілік жоқ. Су ресурстарына өзен-көлдер, теңіз, мұхит, жерасты сулары, тоган, сүкйомалары, мұзды және қарлы аймақтағы су, ылғалды атмосфералар жатады. Олар бүкіл Жер шарының 77,5 пайызын құрайды. Су ресурстарын гидросфера деп те атайды. Барлық тіршілік иесі суды пайдаланады. Суды тиімді пайдалану үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Оған дұрыс көзқарас, жоғары мәдениет, **табиғат байлығына** деген саналы қатынас керек.

Су ресурстары қаншама көп болса да, су экологиясы шарықтап түр, сондықтан дүниежүзілік су қорының мәселесі адамзат қауымын аландып отыр. Бұл мәселе Қазақстанға да тән. Ол, алдымен, су айдаңдарының ластануынан туындалған. Өркениетті елдерде су құрамының ластану деңгейі үнемі бақылауға алынып отырады. Су алабының ластануының негізгі себебі – тазартылмаган суларды өзен, көлдерге жіберу. Оның негізгі көздері: түрғын үй-коммуналдық шаруашылықтар; өнеркәсіп орындары; ауылшаруашылығында тыңайтқыштардың мөлшерден тыс қолданылуы; шаруашылықтың басқа да салалары.

Ауызсу тапшылығы – өлемдік проблема. Біздің ғалам-шарда су көп, бірақ солай бола түрсa да, Жер шары халқының 60%-і тұщы судың болмауынан зардал шегүде. Мысалы, Грецияның Афины, Персия дейтін жерлерінде ауызсу жоқ.

Біздің елімізде ауызсу жеткілікті. Бірақ сол суды ластанудан қорғауымыз керек. Оны дана бабаларымыз ежелден-ақ емірлік үстаным ретінде қалыптастырып, «судың да сұрауы бар» деп ескерткен.

*Б. Сабитұлынан*



7. Мәтін мазмұнын «Insert» әдісі бойынша белгілеп, талда. Ондағы өзің үшін ең маңызды деген деректерді жазып ал. Мәтіндегі негізгі ойды аралас құрмалас сөйлем түрінде жаз. Дарапалаушы тыныс белгілерін қолдан.



8. Мәтіндегі қарамен берілген терминдердің анықтамасын тауып жазып, магынасын түсіндір. Тыныс белгілерінің түрлерін ажырат.

 9. Мәтіндегі аралас құрмалас сөйлемдерді тауып жаз. Олардың құрамына, мағыналық байланысына, тыныс белгілеріне назар аударып, сызбамен көрсет.

 10. Судың маңызы туралы шағын мәтінді оқып, зерттеу жүргізіп, толықтыр.

Жер шары секілді адам денесінің де 77,5 пайызын су құрайды. Су адам денесіндегі зат пен энергия алмасуын қамтамасыз етеді. Егер адам денесіндегі су мөлшері 10–12%-ке кемісе, ол әлсіреп, есінен тана бастайды. Ал 20–25%-ке кемісе, әрі қарай өмір сүре алмайды. Бір адам жылына 50 тонна суды пайдаланатын көрінеді.



 11. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

Қазақстандағы табиғи қорларды тиімді пайдалану республиканың даму болашағы үшін маңызы зор. Алайда оларды игеруге қатаң табиғат жағдайлары кедері келтіреді. Табиғи қорларды игеруімен қатар, табиғатты қорғаудың түйінді мәселелері де бар. Табиғи қорларды игеру барысында жіберілген қателіктер табиғаттың қай қоры болын таусылмайды деген жаңсақ үғымның үстем болуымен байланысты туындағы. Осының салдарынан табиғаттағы тепе-тендік бұзылды. Мұны су қорын пайдалану мысалынан айқын көруге болады.

Республика үшін су қорын тиімді пайдаланудың орны белек. Өйткені дамып келе жатқан өнеркәсіп пен суармалы егіншілік алқаптарының үлғаюы суды көп қажет етеді. Еліміздегі қазір қалыптасқан экологиялық жағдайда өзен суының ластынып немесе құмға сіңіп, ысырап болып жатқаны белгілі. Су қорларының дұрыс пайдаланылмауы, адамның шаруашылық әрекеті нәтижесінде су режимінің өзгеруі өз кезегінде табиғаттың басқа компоненттерінің өзгеруіне әкеп соқты. Оңтүстік Қазақстанның күріш егістіктерінде осындай қателіктер әсерінен топырақ құнарлы қабатынан айырылып, сортанданды. Топырақтағы өзгерістер өсімдік жамылғысының түрлік құрамына, таралуына кері әсерін тигізді. Бұл өзгерістер тутас бір аймақты экологиялық апат аймағына айналдырды.

Ә. Алдиярқызы

- 1) Мәтінде не туралы айтылды?
- 2) «Табиғи қор» тіркесі қандай мағынаны білдіреді?
- 3) Табиғи қорды игеруге қатысты қандай қателіктер бар?
- 4) Қазақстандағы сулардың табиғат экологиясымен қандай байланысы бар?
- 5) Мәтін қай стильге жатады? Дәлелдеп айт.

  12. «Слайд-шоу». Мәтіндегі ақпараттарды және қосымша дереккөздерден тың әрі қызықты мәліметтер жинап, суды үнемді пайдалануға шақыру мақсатында 1 минуттық слайд-шоу дайындаңдар. Сынып болып ақылласып, оны бағалау критерийлерін дайындаңдар. Сынып ең үздік слайд-шоу жасаган жұпты анықтасын.




13. Сабактан алған әсерінді айтып бер.

## 7-сабак

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗБА БАЙЛЫҚТАРЫ



1. «Сен білесің бе?» Қазақстанның қазба байлықтарына қатысты сөзжүмбақ құрастырып. Сынып оқушылары оны шешсін.



(Өз қалауынча қарай сөзжүмбақ формасын өзгертуінде болады).



2. Мәтінді оқып, құрмалас сейлемдерді тап. Тыныс белгілеріне көзіл бол.



Қазақ жерінен қара алтынның өндіріле бастағанына жүз жиырма жылдан астам уақыт өтті. Тұңғыш мұнай қайнары 1899 жылы 13 қарашада атқылады. Мұнайшылар бұл күнді өз салаларының өмірге келген күні ретінде атайды.

Қазақстанның мұнай өндірісінің қызықты тарихы бар. Тұңғыш мұнай кен орны Доссор 1911 жылы, екінші кен орны Мақат 1915 жылы ашылды.

Ұлы Отан соғысының алдында батыс өлкенің біршама ауданында басқа да мұнай-газ кен орындары зерттеле бастады. Ал соғыс жылдарында Кавказ аймақтарынан мұнай саласының мамандары, түрлі құрал-жабдық пен басқа да материалдық құндылықтар эвакуацияланды. Бұл мұнай саласының алға басуына оң ықпал етті.

Республикадағы мұнай-газ саласының ғылыми тұрғыда кең зерттеле бастауы соғыстан кейінгі кезеңге сәйкес келеді. Ал 1970–1980 жылдарда мұнай-газ іздестіру бағытындағы зерттеулер қазақ жерінің жерасты байлықтарының ұшантеніз екендігін көрсетті. Жетібай мен Өзен, Қаражамбас пен Қаламқас, Құмқөл мен Қарашиғанак, Теніз бен Жаңажол секілді алыптар – осы жылдардағы іргелі зерттеулер жемісі.

Қазіргі таңда еліміздің аумағында 168 мұнай, мұнай-газ және 100-ден аса газ кен орны бар. Бүгінде республикада он үш мұнай-газ бассейні жұмыс істейді. Олар Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда облыстарының аймағында орналасқан. Аталған кен орындарынан жылына 28–30 млн тонна мұнай мен миллиардтаған текше метр газ өндірлуде. Осы байлығымен Қазақ жерінің аты әлемге танылды. Бүгінгі ғылыми болжамдар бойынша Қазақстандағы кен орындарынан жылына 60–70 млн тонна мұнай өндіруге болатын көрінеді.

*Ш. Оралбеков*



3. Мәтін мазмұны бойынша курделі жоспар құр. Тірек сөздерді анықта.



**4. Рөлдік ойын.** «Интервью». Мәтін мазмұнына сүйеніп, парталас досыңмен журналист пен мұнайшының 2 минуттық сұхбатын көрсетіңдер.



**5. Ақпаратты оқы.** Басқа да дереккөздерден адамзат баласының мұнайды пайдалану тарихы жөнінде мәліметтерді тап. Мәліметтер бойынша мұнай өндіру тарихы жөнінде хронологиялық кесте жаса. Жасаган кестене сүйеніп, ақпарат бер.

Археологтер б.з.д. 5–6 мыңжылдықта-ақ адамдардың мұнайды өндіріп, қолдана бастағанын ашып отыр. Қоңе мұнай кәсіпорындары Евфрат жағалауынан, Керчътен, Қытайдың Сычу-ань провинциясынан табылған. Мұнай туралы пікірлер қоңе замандағы жазбалар мен кітаптарда да кездеседі.



**6. Рөлдік ойын.** «Біздің компания». Өздерің қалаған отандық немесе шетелдік мұнай-газ компаниясының өкілдері ретінде Power Point бағдарламасын пайдаланып, кемінде жеті слайдтық таныстырылым материалын дайындаңдар. Оның жарнамалық-ақпараттық түргыдан тартымды, қызықты болуын ескеріңдер. Сынып ең үздік таныстырылымды анықтасын.



**7. «Мениң сабактан кейінгі әсерім» кестесін толтыр.**

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не үнады?

## 8-сабак

## НӨТИЖЕ САБАҚ



**1. Төмендегі кестеге қарап, ақпараттарды мысалдармен дәйекте. Мәліметтерге сүйеніп, «Табигат–Адам» қатынасы туралы өз ойынды айт.**

Табиги экожүйе (батпақ, жайылым, орман)	Антрапогендік экожүйе (дала, зауыт, үй)
Күн қуатын алады, түрлендіреді, жинайды.	Қазба және ядролық отынның қуатын тұтынады.
Құнарлы топыракты құрайды.	Құнарлы топырактар үшін қауіп-қатер төндіреді немесе жұтаңдатады.

Суды жинайды, тазартады және біртінде тұтынады.	Суды көп тұтынады, оны ластайды.
Өзін-өзі қорғау және өздігінен қалыпқа келу қабілеті бар.	Тұракты қолдау және қалыпқа келтіру үшін үлкен шығындық қажет етеді.

 2. Мәтінді оқып, мазмұнына сай кіріспе және қорытынды бөлімдерді жаз. Олардың арасын байланыстыруыш сез орамдарын қолдан. Тыныс белгілерін дұрыс қолдан.

Қазақстанның Арал маңынан да мұнай мен газдың үлкен қоры табылған. Алдын ала жасалған есептеулер бойынша мұнда 350 млн тонна мұнай мен 100 млрд куб метр газ бар. Мұнай мен газга қатысты Торғай, Шу-Сарысу, Зайсан-Алакөл аймақтарының болашағы зор. Қазақстанда металл кен орындары барланған.

Темір кендерінің қоры 8 млрд тоннадан астам. Оның 80%-і Торғай темір кен бассейнінде орналасқан. Бассейннің ірі кен орындарына Соколов-Сарыбай, Қашар, Лисаков және Аят кен орындары жатады. Металлургиялық үдерісте темір кенінен басқа ванадий, алюминий оксиді, фосфаттық шлактар алынады. Олар минералдық тыңайтқыш ретінде пайдаланылады.

 3. Синектика. «Табигат ресурстарының сырласуы...» Сынып минералдық, биологиялық, энергетикалық ресурстар болып үш топқа бөлініцдер. Оқушылар оқулықтағы материалдардан, басқа да ақпарат көздерінен өздері қалаған ресурсқа қатысты қызықты, маңызды мәліметтерді табады. Сыныпта табигат ресурстарының атынан сырласып, өңгімелеседі.

Талаптар: «әр табигат ресурсы» өзінің адамзат тіршілігіндегі маңызына, ғаламдық кеңістіктегі орнына, қазіргі жай-күйіне, басындағы проблемаларына қатысты ойын ортаға салуы керек. Өңгіме дұрыс өрбіп, сауатты құрылуы үшін топ мүшелерінің әрқайсысы өз сезін алдын ала жоспарлап, дайындауы тиіс.

### Данаalyқтан дән ізде!

- Судың кепкені – тіршіліктің кеткені.
- Бір кісі қазған құдықтан мың кісі су ішер.
- Су қадірін шөлдеген білер.

<b>Мазмұны</b>	
<b>Алғы сөз.....</b>	<b>3</b>
<b>1-БӨЛІМ. Мәңгілік ел – мұратым</b>	
1–2-сабак. Тәуелсіздік таңы.....	6
3–4-сабак. Біз қандай халықтыз?.....	11
5–6-сабак. Ата-бабаның асыл арманы .....	15
7–8-сабак. «Мәңгілік ел» үлттық идеясы .....	19
9-сабак. Нәтиже сабак.....	22
<b>2-БӨЛІМ. Жаһандану мәселелері</b>	
1–2-сабак. Жаһандану және үлттық код .....	26
3–4-сабак. Жаһандану – күрделі үдеріс .....	30
5–6-сабак. Жаһанданудың пайдасы мен зияны .....	33
7–8-сабак. Жаһандану және үлттық діл .....	37
9-сабак. Нәтиже сабак.....	39
<b>3-БӨЛІМ. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан. ЭКСПО-2017</b>	
1–2-сабак. Дала даңқын асқақтату .....	42
3–4-сабак. ЭКСПО көрмесі .....	46
5–6-сабак. Студенттік Универсиада .....	52
7-сабак. Нәтиже сабак.....	56
<b>4-БӨЛІМ. Адам құқығы мен бостандығы</b>	
1–2-сабак. Адам құқығы мен бостандығы – мемлекеттің негізгі тірері .....	60
3–4-сабак. Адам құқығы – мемлекеттің басты қуаты .....	65
5–6-сабак. Бала – басты байлығымыз .....	70
7-сабак. Нәтиже сабак.....	76
<b>5-БӨЛІМ. Отбасы және демографиялық өзгеріс</b>	
1–2-сабак. Үлттың болашағы – халықтың демографиялық өсімінде.....	80
3–4-сабак. Тағдырлас елдер .....	85
5–6-сабак. Шешім .....	89
7-сабак. Нәтиже сабак.....	93
<b>6-БӨЛІМ. Биотехнология және гендік инженерия келешегі</b>	
1–2-сабак. Биотехнология – тамақ өндірісінде.....	98
3–4-сабак. Биотехнология және денсаулық .....	102
5–6-сабак. Гендік инженерия әдістері .....	106
7-сабак. Нәтиже сабак.....	109
<b>7-БӨЛІМ. Бұқаралық ақпарат құралдары</b>	
1–2-сабак. Бұқаралық ақпарат құралдары .....	112
3–4-сабак. БАҚ және журналистің мәдениеті .....	116
5-сабак. Теледидар – ең ықпалды БАҚ .....	119
6-сабак. Нәтиже сабак.....	123
<b>8-БӨЛІМ. Әлемдегі қақтығыстар және бейбітшілік</b>	
1–2-сабак. Қақтығыстардың пайда болуы.....	126
3–4-сабак. Әркениеттер қақтығысы .....	132
5–6-сабак. Бейбітшілік – жаһандық даму кепілі .....	134
7-сабак. Нәтиже сабак .....	138
<b>9-БӨЛІМ. Табиги ресурстарды тиімді пайдалану</b>	
1–2-сабак. Табиги ресурс түрлері .....	142
3–4-сабак. Жер ресурстары.....	147
5–6-сабак. «Судың да сұрауы бар ...» .....	151
7-сабак. Қазақстанның қазба байлықтары .....	155
8-сабак. Нәтиже сабак.....	157

Оқу басылымы

Дәuletбекова Жанат Тұрарбекқызы  
Рауандина Айтжамал Қалкенқызы  
Дусимбаева Мәлдір Үсенқызы

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *Н. Бекхожаева*  
Көркемдеуші редакторы *Д. Сабитаева*  
Техникалық редакторы *У. Рысалиева*  
Корректоры *У. Бахова*  
Компьютерде беттеген *Г. Тасыбаева*

ИБ № 062

Теруге 19.02.2019 берілді. Басыту 24.06.2019 көйнілді. Пішімі 60 x 90<sup>1</sup>/<sub>н.</sub>  
Офсеттік қагақ. Офсеттік басылым. Әрін түрлі «мектептік». Шартты баспа  
табагы 10,0. Есентік баспа табагы 9,01. Таралымы 30 000 дана. Тапсырым № 4350.  
«Атамура» корпорациясы» ЖПС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстания Республикасы «Атамура» корпорациясы» ЖПС-нің Полиграфкомбинаты,  
050002, Алматы қаласы, М. Міндағен көшесі, 41.

